

Нархоз университеті

ӘОЖ: 334.021:368.1(574)

Қолжазба құқығында

ДОСАЛЯНОВ ДАМИР БОЛАТОВИЧ

**Қазақстандағы сақтандыру қызметін мемлекеттік басқару механизмін
жетілдіру**

6D051000- Мемлекеттік және жергілікті басқару

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі
э. ғ.д., профессор Садуақасова А.Б.
Шет елдік кеңесші
э. ғ.д., профессор Ряховский Д.И.

Қазақстан Республикасы
Астана, 2018

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	4
1 САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	10
1.1 Сақтандыру қызметін басқару объектісі ретінде ашып көрсету.....	10
1.2 Сақтандыру қызметін мемлекеттік басқару жүйесінің мазмұны мен басқару механизмдерін анықтау.....	15
1.3 Сақтандыру нарығын басқарудың халықаралық тәжірибесін зерттеу.....	26
2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ.....	35
2.1 Сақтандыру қызметінің құқықтық қалыптасу аспектілері бойынша кезеңдерге топтастыру.....	35
2.2 Сақтандыру нарығының қазіргі даму жағдайын талдау.....	45
2.3 Сақтандыру ұйымдарының қызметін пруденциалдық реттелуін бағалау....	57
2.4 Сақтандыру қызметіне әсер етуші факторлардың байланысын математикалық модельдеу.....	64
3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	74
3.1 Сақтандыру нарығын реттеудің ұлттық моделін жетілдіру.....	74
3.2 Қазақстандағы сақтандыру қызметін интеграциялау жағдайындағы басқаруды дамыту.....	82
ҚОРЫТЫНДЫ.....	104
ПАЙДАЛЫНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	109

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	Акционерлік қоғам
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
БЭК	Бірыңғай Экономикалық Кеңістік
ДН	Диверсификациалау нормативі
ЕО	Еуропалық Одақ
ЕурАзЭО	Еуроазиялық экономикалық одақ
ЕСР	Еңбек сіңірілмеген сыйақылар резерві
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
КО	Кеден Одағы
КТР	Көзделмеген тәуекелдер резерві
Қаржы нарығын қадағалау Комитеті	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР ҰБ	ҚР Ұлттық банкі
ҚР ҰКО	Қазақстан Республикасындағы Ұлттық куәлендіру орталығы
РФ	Ресей Федерациясы
СҚХА	Сақтандыруды қадағалаудың халықаралық Ассоциясы
СҰ	Сақтандыру ұйымы
ТМД	Тәуелсіздік Мемлекеттер Достастығы
ҰБХ	Ұлттық Басқару Холдингі
ҰӘҚ	Ұлттық Әл-ауқаты Қоры
ШЫҰ	Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы
IAIS	Сақтандыруды Қадағалау Органдарының ассоциациясы

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Дамыған елдерде сақтандыру қызметі мемлекет экономикасының тұрақты түрдегі дамуын қамтамасыз ететін және тез өсіп жатқан салалардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы 30 дамыған елдердің қатарына кіру бағытында сақтандыру қызметін тиімді басқаруына көп көңіл аударуы қажет. Мемлекеттің қатысуы ең төмен дәрежесі бар экономикалық салалардың ішінде сақтандыру саласы болып табылады. Сондықтан да мемлекет тарапынан сақтандыру қызметін басқаруды жетілдіру қажеттілігі қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2017 жылдың 31 қаңтарынан Қазақстан халқына жолдауында мемлекетіміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсудің жаңа моделін құру қажеттілігі туралы міндет қойды. Сол себептен Қазақстан Республикасының қаржылық секторының дамуының кейбір позициялары жедел түрде қайта қаралып, алдағы кезеңдердің жоспарларға түзетулер енгізілген еді. Үкімет теріс үрдістерді алдын алу үшін барлық ықтимал шараларды жедел қабылдауы тиіс. Осындай жағдайда отандық сақтандыру нарығына қойылатын талаптар арта түседі.

Сақтандыру қызметін басқару жүйесі ел экономикасын басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасының қаржы секторы дамуының 2030 жылға дейін арналған тұжырымдамада сақтандыру ұйымдардың сенімділігін жоғарлатуда мемлекет маңызды рөлді атқаратыны туралы айтылған, яғни бұл тәуекелге бағытталған негізде сақтандыру нарығының субъектілерінің қызметіне бақылау мен қадағалау жүргізуде айқындалады [2]. Сақтандыруды мемлекеттік басқару мәселелерін жан-жақты аспектілерден талдауға болады, олардың ішінде экономикалық, заңдық, математикалық модельдеу және тағы басқалары.

Қазақстанда сақтандыру нарығының құрылуына 20 жылдан астам уақыт болса да бұл саланы басқару жүйесі толық қалыптасып болған жоқ, әлі даму үстінде. Сақтандыру нарығына арналған отандық әдебиеттерде сақтандыру нарығын басқару мәселелеріне аз көңіл бөлінеді. Біздің ойымызша, мұның себебі – отандық сақтандыру нарығын қалыптастырудың тарихи ерекшеліктері мен оның ұзақ уақыт мемлекет монополиясында болуында. Бүгінгі таңда Қазақстанда сақтандыру нарығын басқару институтын түбегейлі қайта қарау өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Мәселенің ғылыми тұрғыда зерттелу дәрежесі. Қазіргі кезде ғылыми әдебиеттерде бәсекелістіктің өсуі барысында сақтандыру мен оның дамуының мәселелеріне көп көңіл бөлініп тұр. Шетелдік экономистердің еңбектерінде сақтандыру саласының қазіргі жағдайы мен маңызына, сақтандыру қызметін дамыту мен оны басқарудағы мемлекеттің рөлін зерттеуге байланысты әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Атап айтқанда, Л.А. Орланюк-Малицкая, В.В. Сухов, В.В. Шахов, Л.И. Рейтман, К.Е. Турбина, Э.А. Уткин, Т.А. Федоров, К.Пфайффер, Д.Д. Хэмптон еңбектерінде сақтандырудың жалпы мәселелері талқыланған.

Сақтандыру мәселелерін талдау мен зерттеуге қазақстандық ғалымдар С.С.Арыстанбаева, А.А.Арыстанов, О.Б.Баймуратов, К.К.Жуйриков, Ж.О.Ихданов, К.К.Ильясов, Н.К.Кучукова, Н.К.Мамыров, В.Д.Мельников, Г.И.Маянлаева, И.М.Назарчук және т.б. үлкен үлес қосты.

Сақтандыру нарығын мемлекеттік басқарудың теориялық және тәжірибелік мәселелерін зерттеу экономистердің ұдайы назарында екендігін айту керек. Экономиканың сақтандыру секторының қызметі мен оған мемлекет тарапынан әсер ету механизмдерін зерттеуге Г.А.Насырова, М.С.Жилкина, А.А.Мамедова, Ю.Л.Сплетухова және т.б. ғалымдар үлкен үлес қосты.

Жоғарыда аталған авторлар сақтандыру қызметін мемлекеттік басқарудың теориялық пен тәжірибелік мәселелерінің ғылыми негіздерін қалыптастырды. Бірақ сақтандыру қызметін басқарудың көптеген аспектілері теориялық және әдістемелік тұрғыда әлі де жете зерттелген жоқ. Қазіргі таңда сақтандыру саласын басқару механизмдері мен тәсілдерінің әсер етуі кешенді түрде зерттелмегенін ғылыми-тәжірибелік әдебиеттердегі жүргізілген зерттеулерден байқауға болады. Таңдалған тақырыпқа байланысты еліміздегі сақтандыру қызметін қалыптастыруда мемлекеттік институттарының рөлі мен басқару механизмдерінің ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыда аз зерттелгендігін атап айту керек. Сақтандыру қызметін мемлекеттік басқарудың жиынтық үлгісінің тиімділігін арттырудың өзекті мәселелерін іздеу берілген диссертацияның тақырыбын таңдауға әсер етті.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты. Қазақстанның сақтандыру қызметінің теориялық және тәжірибелік аспектілерін зерттеу негізінде мемлекеттік басқару механизмін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жасау.

Зерттеудің міндеттері. Зерттеудің мақсатына байланысты диссертациялық жұмыстың алдында келесі ғылыми, ғылыми-тәжірибелік міндеттері қойылды:

- сақтандыру қызметін басқару объектісі ретінде ашып көрсету, оның қазіргі замандағы экономикадағы атқаратын қызметін нақтылау;
- сақтандыру қызметін мемлекеттік басқару жүйесінің мазмұны мен басқару механизмдерін анықтау;
- сақтандыру нарығын басқарудың халықаралық тәжірибесін зерттеу;
- сақтандыру қызметінің құқықтық қалыптасу аспектілері бойынша кезеңдерге топтастыру;
- Қазақстандағы сақтандыру нарығының жағдайын талдау мен пруденциалдық реттелуін бағалау, сақтандыру қызметіне әсер етуші факторлардың байланысын модельдеу арқылы анықтау;
- Қазақстандағы сақтандыру нарығының қолданыстағы моделін зерттеу мен сақтандыру қызметін басқарудың негізгі бағыттарын жетілдіру мақсатында ұсыныстар жасау.

Зерттеу объектісі. Зерттеу объектісі ретінде қазақстандық сақтандыру қызметі және оны қазіргі кездегі мемлекеттік басқару үлгілері таңдап алынды.

Зерттеу пәні. Елімізде сақтандыру қызметін қалыптастыру және басқару барысындағы орнатылған экономикалық қатынастар жүйесі зерттеу пәні болып табылады.

Зерттеудің теориялық – әдістемелік негізі ретінде отандық және шетел ғалымдардың сақтандыру нарығын басқару аясында жазылған еңбектері алынды. Жұмысты жазу барысында құбылыстардың үздіксіз даму барысындағы өзара байланыстарын ескере отырып, диалектикалық-жүйелік зерттеу әдісі алынды. Зерттеу барысында талдау және синтездеу, логикалық және салыстырмалы талдау, жалпылау, топтау және экономикалық-статистикалық әдістері қолданылды. Сақтандыру қызметінің негізгі көрсеткіштеріне әсер етуші факторлардың тәуелділігі корреляциялық, регрессиялық және болжау әдістерімен талданады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын мемлекеттік басқару механизмін жетілдіру бойынша теориялық және әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

Диссертациялық зерттеу барысында автормен алынған негізгі ғылыми нәтижелер:

Сақтандыру нарығының қызметтеріне терең талдау жүргізу негізінде автормен Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығы үшін айрықша қызметтері айқындалды: қорғаныс, алдын алу (превентивті) және инвестициялық. Оның ішінде қорғаныс қызметі айрықша маңызға ие.

Диссертациялық зерттеу барысында 3 кезеңнен тұратын Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметінің дамуын реформалаудың қолданыста болған топтамасы қарастырылды. Сақтандыру нарығын мемлекеттік басқару механизмінде болған өзгерістермен және толықтырулармен байланысты, автормен Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметін дамыту кезеңдерінің топтамасы тағы екі қосымша кезеңмен толықтырылды.

Диссертациялық жұмыста сақтандыру сыйақыларының өзгерісіне тікелей әсер ететін факторларды, дәлірек айтқанда, тұтынушылық несиелендіру көлемі мен автокөлік санын, анықтайтын экономико-математикалық модель құрылды.

Сақтандыру нарығындағы интеграциялық үдерістердің басты мақсаты – Қазақстанға алдыңғы қатарлы сақтандыру технологияларын тарту, қазақстандық сақтандырушылардың өспелі сұранысы талабына сәйкес келетін, сапасы жоғары және әртүрлі сақтандыру өнімдерін енгізу. Бұл тұрғыдан Қазақстан интеграциялық үдерістерге жете дайындалуы қажет. Осы мақсатпен диссертациялық жұмыста интеграция жағдайында ұлттық сақтандыру нарығын қорғау ұсыныстары әзірленді.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар (нәтижелер):

– сақтандыру нарығының қызметін терең зерттеу барысында сақтандырудың құрамы мен қызметін анықтау үшін оның қызметі мен рөлінің экономикалық категория ретіндегі ерекшеліктерін ескеру керектігі дәлелденді. Егер экономикалық категорияның қызметтері арқылы оның қоғамдағы орны анықталса, рөлі арқылы қолданудың тәжірибелік нәтижесі анықталады. Сақтандыру нарығын арнайы: қорғаныстық, алдын алу (превентивтік) және инвестициялық қызметтері анықталып, олардың мәні мен ерекшеліктері аталды;

– еліміздің сақтандыру нарығының құрылуы мен қалыптасуы нормативтік-құқықтық базасы даму нәтижесімен байланысты болады. Тәуелсіздік алғаннан бастап осы күнге дейін сақтандыру саласында болған өзгерістерді зерттей келе, сақтандыру қызметінің дамуын 5 кезеңге топтастырды: бірінші кезең (1991-1995жж.), екінші кезең (1995-1998жж.), үшінші кезең (1999-2004жж.), төртінші кезең (2004-2011жж.) және бесінші кезең (2011ж.-осы күнге дейін). Әрбір кезең бойынша сақтандыру саласының дамуына әсерін тигізетін нормативтік-құқықтық заңдардың енгізілуі және маңызды өзгерістері жөнінде дәлелдемелер көрсетіліп, бір уақыт аралығына топтастырылды;

– диссертацияда сақтандыру қызметіне соңғы бес жыл ішіндегі өзгерістеріне талдау жасалынды. Сақтандыру қызметінде пруденциалдық нормативтерді орындауды талдау нәтижесінде сақтандыру ұйымдары активтерді диверсификациялау мен төлем қабілеттілік маржа нормативтері бойынша өтпейтіні анықталып, мемлекет тарапынан пруденциалдық басқару шегінде жүргізу шаралары ұсынылды;

– Қазақстанда жұмыс істеп тұрған сақтандыру ұйымдарының көптігі және жалпы көрсеткіштердің өсуіне қарамастан, сақтандыру қызметі еліміздің экономикасында және халықтың өмірінде әлі маңызды орынға ие болмаған, сақтандыру компаниялары мемлекетпен орнатылған нормативтерін орындауда қиындықтарға тап болатыны анық. Бұл мәселелерді шешуде негізгі әсер ететін факторлардың көрсеткіштеріне сүйене отырып, экономика-математикалық модель құру арқылы шешілу жолдарын қарастырылған. Негізгі фактор ретінде математикалық модельдеудің нәтижелі факторы болып табылатын сақтандыру сыйақысы таңдалынды. Сақтандыру сыйақыларының көлеміне әсер етуші факторлардың арасындағы тәуелділік корреляциялық-регрессиялық талдау көмегімен анықталды. Сонда, мемлекеттік басқару механизмі ретінде заңнамада тұтыну несиені алатын несие алушы (сақтанушы) сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандыру компанияны өз еркімен таңдауға құқысын бекітуі туралы ұсыныс жасалынды. Тұрғызылған регрессиялық модель адекватты және болжамға қолдануға болатыны дәлелденді, яғни регрессиялық модель бойынша сақтандыру сыйақыларының өсу қарқыны 2016 жылы 14%-ға, 2017 жылы 10%-ға, 2018 жылы 10,3%-ға, ал 2019 жылы 9,8%-ға орташа көлемде өсуі мүмкін деген болжам алынды. Ұсынылған регрессия моделін сақтандыру ісінің даму кезеңдердің нақты мәндерімен салыстырылған. Осының нәтижесінде 2018-2019 жылдарға жасалған болжамы сақтандыру саласының дамудың VI кезеңіне жатқызылды. Сонда, мемлекеттік басқару механизмі ретінде заңнамада тұтыну несиені алатын несие алушы (сақтанушы) сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандыру компанияны өз еркімен таңдауға құқысын бекітуі туралы ұсыныс жасалынды.

– сақтандыру нарықтарының интеграциялау үрдістерінің тиімділігін жоғарлатудың авторлық сценарийі бірыңғай сақтандыру нарығын құру үшін ЕурАзЭО елдерінің сақтандыру нарықтарының даму деңгейін теңістіру бойынша күштерін бірігіп белсендетуді, ұлттық сауда режимін қолдану мен

ұлттық банктегі шоттарында берілген қаражат көлемін (филиалдармен сақтандыру міндеттерін орындауды қамтамасыз ету үшін) ескеріп, Бірлестік ел-мүшелердің сақтандыру нарықтарына шетелдік сақтандырушылардың филиалдарына қызмет етуіне рұқсат беруді, ұлттық нарықтарға Бірлестік ел-мүшелерінің ұйымдарына кіру бойынша бірегей талаптарды құру мен бекітуді, Solvency II қағидаттарына сәйкес сақтандыру қадағалауы мен ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша шаралар қабылдауды қарастырады.

Ғылыми-тәжірибелік маңызы. Жұмыстың ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы жасалған талдаулар нәтижесі мен сақтандыру нарығын басқарудағы мемлекеттік институттардың рөлін арттыру керектігін анықтаумен түсіндіріледі. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары мен нәтижелерін, сақтандыру нарығын мемлекеттік басқаруды сипаттайтын нақты материалдарын тиісті мемлекеттік органдармен қаржылық секторындағы ұзақ мерзімдегі бағдарламалық құжаттарды дайындау барысында қолданылуы мүмкін. Сақтандыру нарығындағы мемлекеттік қаржылық басқару жөніндегі автордың ұсыныстары оқу орындарында «Сақтандыру», «Халықаралық сақтандыру», «Сақтандыруды реттеу» пәндерін оқыту барысында қолдануға болады.

Жұмыстың нәтижесін апробация жасау және өткізу 2011 жылдан бері оқу барысында автор зерттеудің әрбір кезеңдерінің нәтижелерін баяндап отырды. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен қорытындылары мына халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда баяндалды: Ғылым мен инновация – 2013/2014. 10-шы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Чехия, 2014.; «Ғылымның тұтқалы жетістіктер аспектілері - 2014». 10 Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция.– Przemysl: «Nauka i studia», 2012.

Басылымдар. Зерттеу тақырыбы бойынша 14 жұмыс жарияланған, соның ішінде 2 ғылыми мақала Thomson Reuters компаниясының мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда жарияланған, 4 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы экономикалық басылымдарда жарияланған, 7 тезистік баяндамалар халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияларда талқыланды, соның ішінде 6 мақала шетелдік конференцияларда. Олар:

1) The insurance market of Kazakhstan: history of formation and development prospects // Modern Issues in Kazakhstan. International Center for Education and Technology. – Bozeman: «ICET», 2012. – P.3 – 5. (0,31 б.п.)

2) Problems and prospects of insurance development in the Republic of Kazakhstan // Научно-практический журнал «Транзитная экономика». – Алматы, 2013. – №3. – С.42 – 46. (0,31 б.п.)

3) The role of business in the conditions of the forced industrial and innovative development // Life Science Journal. – Нью Йорк: «Acta Zhengzhou University Overseas Edition», 2013. –Volume 10 (12s). – P.47–51.

4) Характеристика текущего состояния страхового рынка Республики Казахстан // Вестник Университета «Туран». – Алматы, 2013. – №4(60). – С.154 – 157.

5) Направления совершенствования государственного регулирования страхового рынка в Казахстане // Материалы X Международной научно–практической конференции. «Наука и инновация – 2013\2014».– Чехия, 2014. – С.97 – 103.

6) Анализ теоретических основ государственного регулирования экономики // Вестник Университета «Туран». – Алматы, 2014. – №1(61). – С.78 – 81.

7) Қазақстан Республикасында сақтандыру қорғанысын қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері //«Вестник КазНУ». – Алматы: «Қазақ университеті», 2014. – №1(101). – С.13 – 18.

8) Страховой рынок Казахстана: состояние и проблемы развития // Материалы X Международной научно–практической конференции «Ключевые аспекты научных достижений - 2014».– Przemysl: «Nauka i studia», 2012. – Volume 5. – С.68–72.

9) Развитие и повышение эффективности страхового надзора в Республике Казахстан // Сборник научных статей по материалам Международной научно–практической конференции. – Алматы, 2014. – С.41 – 45.

10) Проблемы развития страхового рынка Казахстана в посткризисный период //«Вестник КазНУ». – Алматы: «Қазақ университеті», 2014. – №2(102). – С.152 – 157.

11)The role of state institutions in the formation and regulation of insurance market//Aktual Problems of Economics. – Киев: «НашФормат»,2014. - №6(156). – С.374 – 379.

12) Analysis of the current state of the insurance market of Kazakhstan // Материалы XII Международной научно–практической конференции «Achievement of high school-2016».– София: «Бял ГРАД-БГ», 2016. – Том 3. – С.26-32

13) Анализ государственного регулирования деятельности страховых организаций Республики Казахстан // Материалы XIII Международной научно–практической конференции «Nastolenimodernivedy».– Praha: «Education and Science», 2017. –Volume 3. – С.36-44

14) Оценка пруденциального регулирования деятельности страховых организаций Республики Казахстан // Материалы XIII Международной научно–практической конференции «Научният потенциал на света-2017».– София: «Бял ГРАД-БГ», 2017. – Том 3. – С.22-30

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Зерттеудің максаты мен міндеттері диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемін анықтады. Диссертациялық жұмыс 115 беттен тұрады. Оның ішінде кіріспе, үш бөлім, қорытынды мен қолданылған 105 әдебиеттің тізімі бар. Диссертация 19 кестемен және 11 суретпен көркемделген.

1 САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Сақтандыру қызметін басқару объектісі ретінде ашып көрсету

Жаһандану үрдісі кезінде адам өмірінің барлық салаларында және қоғамдық өндірісте тәуекелге бару сипаты арта түсуде. Ең алдымен, жеке адамдар, компаниялар мен мемлекеттер арасындағы қаржылық және өндірістік қатынастардың күрделілене түсуі нәтижесінде кездейсоқ пайда болған келеңсіз оқиғалар қатысушылардың барлық тараптарына зардап тигізуі мүмкін. Нарықтық қатынаста бәсекелестіктің күшеюі кәсіпкерлердің тәуекелге байланысты қауіпін арттыра түседі. Мысалы, ғылыми-техникалық прогресс техногендік апаттардың артуына, жол-көлік оқиғалары кезінде жарақаттану мен басқа да апатты жағдайлардың өсуіне ықпал етеді. Сонымен бірге, ұлтаралық және мемлекетаралық қақтығыстар мен азаматтық толқулар кезінде болатын әлеуметтік қауіп кәсіпорындар мен ұйымдарға, азаматтарға, тұтастай алғанда қоғамға зардабын тигізеді.

Ғылыми тұрғыдан сақтандыру экономикалық құбылыс ретінде кеңінен зерттелген объект болып саналады. Экономикалық әдебиеттерде қолданылатын ғылыми терминология сан алуан болып келеді: сақтандыру жүйесі, сақтандыру саласы және т.б., бірақ жалпыға бірдей қалыптасқан терминология жоқ. Бұл саладағы белгілі зерттеуші авторлар қолданатын негізгі анықтамаларды келтірейік (кесте 1).

Кесте 1 – «Сақтандыру» терминінің ғылыми әдебиеттегі қолдануын салыстырмалы түрде талдау

Автор	Анықтама	Әдебиет көзі
1	2	3
Шахов В.В., Ахвледиани Ю.Т.	Сақтандыру – бұл арнаулы ұйымдардың, яғни сақтандыру компанияларының, жеке және заңды тұлғаларының мүліктік мүдделерді сақтандыру барысында пайда болатын қатынастар жүйесі. Қатынастарсақтандыру жарналары (сыйлықтар) негізінде құрылған сақтандырушылардың зиян шегуі кезінде шығынын өтеуге арналған сақтандыру қорына байланысты.	Страхование: Учебник для студентов вузов, обучающихся по специальностям «Финансы и кредит», «Бухгалтерский учет» / под редакцией Шахова В.В., Ахвледиани Ю.Т. – 2-е издание, переработанное и доп. – М.: ЮНИТИ-Дана, 2005. – С. 5.
Орланюк-Малицкая Л.А., Янова С.Ю.	Сақтандыруды, жеке қатысушының шығынын, сақтандыруға қатысқан барлық субъектілерге бөліп салу деп есептеу керек. Бұл жеке қатысушының, алдын ала белгіленген апатты жағдай орын алған кезде, өз шығыны өтелетіне сенімін артырады.	Страхование: учебник для бакалавров / под редакцией Орланюк-Малицкой Л.А., Яновой С.Ю.. – 2-е издание, перераб. и доп. – М.: Издательство Юрайт; ИД Юрайт, 2012 – С.23.

1 – кестенің жалғасы

1	2	3
Юлдашев Р.Т.	Арнаулы ұйымдар мен сақтандыру компанияларының, құрылтайшылардың (акционерлердің) сақтандыру жарналары (сыйлықақысы) негізінде құрылған сақтандыру қоры мен басқа қаржы көздері арқылы жеке және заңды тұлғалардың ара қатынасы мен мүліктік мүдделерін сақтандыру, сақтандыру жағдай туындаған кезде пайда болған шығынды орнына келтіру	Страховой бизнес / Под ред. Р.Т. Юлдашева, 2005. - С. 685
Маянлаева Г.И.	Сақтандыру – арнайы мамандандырылған ұйымдарда сақтандыру жарналары негізінде жинақталған қор арқылы, жеке қатысушының мүмкін болатын шығынын, сақтандыруға қатысушылар арасына қайта бөлуге байланысты қызмет болып табылады	Маянлаева Г.И. Страховой рынок Республики Казахстан: теория, практика и императивы развития / Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора экономических наук по специальности 08.00.10. – Финансы, денежное обращение и кредит. - Алматы, 2008. - С. 9
Жуйриков К., Назарчук И.	Сақтандыру – шаруашылық, азаматтық-құқылық және элеуметтік шеңберіндегі қаржылық міндеттемені компенсациялау нысаны болып табылады және ол сақтандыруға қатысушылар құрған арнайы қор қаражатты қайта бөлу арқылы іске асырылады. Арнайы қор кейбір келеңсіз жағдайларда жеке азаматтар мен олардың отбасына қажетті көмек көрсетілуге қолданады.	Жуйриков К., Назарчук И., Жуйриков Р. Страхование: теория, практика, зарубежный опыт: Учебник для студентов вузов и колледжей / Под редакцией Жуйрикова К.К. – Алматы: ОФ «БИС». – 2000. – С.20
Ескерту – [3-7] әдебиеттер тізімі негізінде автордың топтамасы		

«Сақтандыру» терминіне қатысты осынша әртүрлі анықтамалардың болуы, сақтандырудың көп қырлы және сан алуан қызметін көрсететін экономикалық құбылыс екендігін көрсетеді.

Біздің ойымызша, экономикалық құбылыс ретіндегі сақтандырудың ең дұрыс мәні оның қызметінде көрініс табады. Сонымен бірге, сақтандырудың қызметі туралы мәселе бүгінгі күнге дейін дұрыс бағаланбаған даулы мәселе екендігін атап айту керек. Л.И. Рейтманның классикалық мектебі шеңберінде сақтандыру қызметінде тәуекел қаупі, жинақтаушы, алдын алушы және бақылаушы функциялары бар екені айқындалып көрсетілген [8]. Проф. В.В.

Шахов сақтандыру қызметінің: мамандандырылған сақтандыру қорды құру; шығынның орнын толтыруды және жеке азаматтарды материалдық жақтан қамтамасыз ету; сақтандыру оқиғасының алдын алуы мен шығын мөлшерінің мейлінше аз болуын қадағалау сияқты қызметтерін атап көрсетеді [9]. Сплетухов Ю.А. және Дюжиков Е.Ф. сақтандыру қызметіндегі: шығынның орынын толтыру, әлеуметтік, инвестициялық және алдын алу сияқты шараларды көрсетеді [10]. Скамай Л.Г. және Мазурина Т.Ю. пікірлері бойынша, сақтандыру қызметінің ерекше түрлеріне: тәуекел қаупін жабу қызметін, қаржыландырудың басқа көздеріне қол жеткізуді оңайлату қызметін, алдын алу және мамандандырылған сақтандыру қорын құру қызметтерін жатқызады [11].

Қазақстандық экономист Маянлаева Г.И. сақтандырудың мына қызметтерін анықтады: арнайы мақсаттағы сақтандыру қорларды құру; келтірілен шығын мөлшерін толықтыру және төлемақы төлеу; сақтандыру жағдайларын болдырмау үшін, сақтандыруға алып келетін жағдайларының алдын алу шараларын ұйымдастыру, олардан келетін қауіпті төмендету және шығын көлемін азайту; қосымша табыс табу үшін уақытша бос қаржыларды инвестициялауға тарту [6, с. 9].

Жоғарыда келтірілген авторлардың пікірлерін талдай келе, біздің пікірімізше, сақтандырудың қызметі мен мазмұнын анықтау кезінде, экономикалық категорияның қызметі мен рөлінің ара қатынасын ажыратып алу керек деген тұжырым жасадық.

Егер экономикалық категорияның қызметі арқылы оның қоғамдық маңызы көрінетін болса, рөлі оны тәжірибеде қолдану кезіндегі нәтижесі арқылы анықталады. Осыларды ескере отырып, біздің ойымызша сақтандыру нарығының мынадай арнайы қызметтерін көрсетуге болады деп есептейміз:

1) қорғанис қызметі. Бұл сақтандырудың экономикалық категория ретіндегі негізгі қызметі болып саналады, себебі олардың барлық түрлері үшін ақшалай төлем арқылы қауіпті жағдайдан сақтану болып табылады. Сақтандыру келісім-шартын жасай отырып, сақтанушының (сақтандырылған, пайда табушы) орны толмас шығын қаупін төмендетуі қамтамасыз етіледі.

2) алдын алу қызметі. Сақтандырушының қауіпті жағдайды болдырмау немесе қауіп деңгейін төмендетуге мүдделі болуына байланысты туындайды. Осыған байланысты ол сақтандыру уақиғасының алдын алуға немесе оның салдарынан болатын шығынды мейлінше азайтуға бағытталған әртүрлі шаралар жасайды. Бұл қызметі тұтынушыларға тәуекел-менеджменті көлемінде қызмет көрсететін сақтандырушы брокерлердің жұмысына байланысты.

3) инвестициялық қызметі. Сақтандырушылар қызмет көрсету барысында көп мөлшерде қаржы жинақтайды, бұл жинақталған қаржыны өз қаржысымен бірге әртүрлі инвестициялық жобаларға орналастыруы мүмкін.

Сондай-ақ, сақтандыру қызметінің негізгі белгілерін анықтауға болады. Шахов В.В., Ахвледиани Ю.Т. сияқты авторлар сақтандырудың төменгідей негізгі белгілерін ашып көрсетті:

– тәуекел қаупін сақтандыруға қатысушылар арасында өзара қайта бөлісу;

– сақтандырушылар есебінен жинақталған белгілі мақсаттағы арнайы қор құру және сақтандыру уақиғалары орын алған жағдайда сақтандырушыларға осы қордан төлем жасау;

– сақтандыру төлемақысының мөлшері, сақтандыру қорын құрушылардың санына байланысты болуы;

– сақтандыру қызметі бойынша тікелей табыс табу және инвестициялық қызметтер бойынша қосымша табыс табу [3, с. 6].

Нарықтық қатынас жағдайында мемлекеттің экономикаға тікелей араласуы әлсірей бастағанын мойындау керек, дегенмен, сақтандыру нарығының аса зор стратегиялық маңызы бар екенін ескерсек, бұл салаға мемлекеттің белсенді араласуын толықтай жоққа шығаруға болмайды. Сақтандыру нарығында мемлекеттік сектордың болмауы немесе оның айтарлықтай қысқаруы жағдайында алғашқы кезеңде сақтандыру нарығын басқару функциясын мемлекет өз мойнына алады және басқару функциясының әрі қарай дамуын реттейді [12].

Сақтандыру нарығын мемлекеттік басқарудың қажеттілігін экономистер бұл саланың әлеуметтік-экономикалық маңызы өте үлкен болуымен түсіндіреді. Сонымен бірге, сақтандыру арқылы қызмет көрсетудің сипаты күрделі болуы себепті, сақтандыру келісім-шарты жасалғанда оның сапасын бағалау қиынға түсетінін алға тартады [13]. Бұл себептерді ескере отырып, біз сақтандыру нарығындағы мемлекеттік басқарудың қажеттілігін, сондай-ақ, сақтандырудың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын көрсете отырып, сақтандырудың ерекше қаржылық делдалдық сипатын атап өткіміз келеді. Аталған екі себеп бір-бірімен тығыз байланысты және бірінен екіншісі туындайды. Егер қаржылық делдалдық сипаты болмаса, сақтандыру қаншалықты маңызды болса да, оны басқару мүмкін болмас еді. Екінші жағынан оның маңыздылығы болмаса, сыртқы басқарудың қажеті болмас еді.

Сақтандырудың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы, жоғарыда көрсетілген функцияларына (қорғану және инвестициялық) байланысты және мына жағдайларда көрініс табады:

– жеке басты сақтандыру (тәуекел қауіпті және жинақтаушы сақтандыру) халықтың әлеуметтік қауіпті жағдайлардан қорғануына мүмкіндік береді, сонымен бірге мемлекеттің халықты әлеуметтік жағынан қорғауын жеңілдетеді;

– мүлктік сақтандыру сақтанушы жеке және заңды тұлғалардың материалдық шығынын өтеуге, олардың қалыптасқан өмір сүрудің деңгейін сақтап қалуға мүмкіндігін береді, зардап шегушілерді қолдау арқылы бюджеттің шығын бөлігіне түсетін ауыртпалықты азайтады, сонымен бірге үлкен көлемде салық жиналуы арқылы бюджеттің жинақтаушы бөлігінің толығына түсуіне ықпал етеді;

– жауапкершілікті сақтандыру арқылы сақтандырушының ғана мүддесі қорғалып қоймай, сонымен бірге зардап шегушінің де мүддесі қорғалады, сол арқылы мемлекеттің заңдылықты қамтамасыз ету функциясының қызметі жеңілдейді;

– сақтандырушылардың меншікті қаржылары мен сақтандыру қорында жинақталған қаржы ұлттық экономикаға ұзақ мерзімді инвестиция салуға арналған маңызды көздер болып табылады [14].

Біздің пікірімізше, сақтандыру арқылы қызмет көрсетудің өзіне тән ерекшелігін ескерсек, сақтандыру нарығын мемлекет тарапынан басқарудың қажеттілігі көрінеді. Сақтандыру нарығын мемлекеттік басқаруда: сақтандыру ісіндегі қауіптің жоғары болуы, «қаржылық пирамида» құрылу мүмкіндігі, сақтандырушылардың банкротқа ұшырауының аса ауыр зардаптары себеп болады.

Мемлекеттік басқарудың мақсатты араласуы бірінші кезекте сақтандырушылардың мүддесін қорғау болып табылады [15]. Бұл мәселенің дау туғызуы мүмкін, себебі, қандай мүддесі қорғалатыны айқындалмаған. Жалпы қабылданған түсінік бойынша мұны, сақтандырушының төлем қабілеттігі болмаған жағдайда сақтанушы мүддесін қорғау деп есептеу керек. Бірақ қазіргі экономикалық жағдайда бұл мәселені кеңінен қою керек, себебі, бір жағынан қарағанда, сақтанушыны міндеттерді жауапсыз орындайтын сақтандырушылардан қорғау керек болса, сақтандырушының өзі де, ары қарай даму үшін қолдауға мұқтаж. Осыған байланысты сақтандыру нарығына мемлекеттік басқарудың мақсатын айқындай түсу керектігі көрінеді.

Автордың ұстанымын дамыта келе, қазіргі экономикалық жағдайда мемлекет сақтандыру нарығына қатынасатын барлық субъектілердің, оның ішінде мемлекеттің де мүддесін қорғаудың теңестірілген шешімін табу керек деп есептейміз. Бұл жағдайда сақтандыру ісі сақтандырушылар үшін, өз капиталын табысты орналастыратын өзіндік мемлекеттік тәуекел-менеджментіне айналады, нәтижесінде бұл сала экономикаға ұзақ мерзімді инвестиция салу көзіне айналады. Егер нарықтық экономика жеткілікті дәрежеде дамымаған болса, сақтандыру нарығын бақылау, оның дамуының басым бағыттарын және даму құралдарын анықтау қиынға түсетінін атап өту керек. Бұдан, сақтандыру нарығын мемлекеттік басқарудың мақсаты – тұрақты және сенімді сақтандыру нарығын қалыптастыру арқылы қоғамдағы әлеуметтік және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету екендігінде көрінеді. Сақтандыру нарығының қалыптасу мен дамуы, оның іс-әрекеттерінде көрінетіндіктен, сақтандыруды басқарудың мақсаты – осы іс-әрекеттерді мейлінше толық орындау деп қысқаша тұжырымдауға болады.

Сақтандыру нарығын мемлекеттік басқаруды әртүрлі тарихи кезеңдерде өзгеріп отыратын мәселелерді шешуге арналған іс-әрекеттерді барынша толық орындауға бағытталуы деп түсіну керек. Жалпылама түрде бұл мәселелерді былай тұжырымдауға болады:

1) сақтандыру ісіне қатысушы субъектілердің өз міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету (сақтандырушылардың және сақтандырушы брокерлердің төлемқабілеттігін қамтамасыз ету);

2) сақтандырушылар банкрот болғанда немесе сақтандырушы брокерлер өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда сақтанушыларды қорғаудың қаржылық механизмін жасау;

3) сақтандыру нарығын дамыту және оның бәсекелестік қабілетін арттыру (сақтандырушылардың капитализациясын арттыруға ынталандыру, сақтанушылардың сұранысын арттыру, сақтандыру нарығының кейбір секторларының немесе инфрақұрылымының дамуы).

Теория мен тәжірибені жалпылай отырып, мынандай анықтаманы тұжырымдауға болады: сақтандыру нарығын мемлекеттік басқару – мемлекеттегі экономикалық конъюктураның өзгерісі мен әлеуметтік-экономикалық даму бағытының басымдылықтарын ескере отырып, сақтандыру нарығының субъектілерінің іс-әрекеттері мен сақтандыру нарығының ортасына мемлекеттің әкімшілік-құқықтық және экономикалық құралдар арқылы араласуы. Бұл нәтижесінде сақтандыру нарығының өз функцияларын толықтай атқаруына мүмкіндік береді.

Бұл анықтама, экономикалық конъюктураның ұдайы өзгеруі мен циклді дамыту жағдайында басқаруды үздіксіз динамикалық процесс ретінде қарастырып, оның мәнін және объектіні айқындау арқылы, мемлекеттің араласуының мақсатын ашып көрсетеді.

Экономикалық тұрақсыздық жағдайында сақтандыру нарығы әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақтандыруға, елдің экономикасына халықтың бос қаражатын тарту жолымен экономикалық өсудің алғы шарттарды қалыптастыруға, азаматтар мен ұйымдарды сенімді сақтық қорғаумен қамтамасыз ете отырып, адамдарда сенімділікті қалыптастыруға ықпал ете алатын экономикалық құралдардың бірі болып қалады. Сақтандыру қызметін мемлекеттік басқару механизмі оның нысандары арқылы жүргізіледі.

1.2 Сақтандыру қызметін мемлекеттік басқару жүйесінің мазмұны мен басқару механизмдерін анықтау

Сақтандыру қызметін мемлекеттік басқарудың құралдары мен механизмдеріне толығырақ тоқталайық.

Қазіргі заманғы нарықтық қатынас жағдайында нарықты мемлекеттік басқарудың құралдары қатты өзгерді, экономиканың көптеген салаларына мемлекеттік монополия жойылды, бұл өз кезекте ұлттық экономикаға мемлекеттің ықпалын айтарлықтай әлсіретті. Жаңа жағдайда ұлттық сақтандыру жүйесін басқарудың жалпыланған жаңа түрлері пайда болды, бұл бір жақтан, сақтандыру саласына мемлекеттің әсер ету мүмкіндікті арттырса, екінші жақтан сақтандыру нарығындағы шаруашылық субъектілерінің тәуелсіздігін қамтамасыз етеді, сондықтан мемлекеттік басқарудың құралы тұрақты түрде кеңейіп келеді.

Сақтандыру секторының табиғатына байланысты оны басқаруға ерекше қатынас керек, себебі сақтандыру нарығын басқару механизмі оған қатысушы сақтандырушының және сақтанушының әртүрлі мүдделерін қамтиды [16]. Басқа елдердің жинақтаған тәжірибелеріне қарасақ, басқарудың тиімділігі сақтандыру нарықтың ұзақ мерзімді және даму факторларының қаншалықты ескерілгеніне байланысты екенін көрсетеді. Сондықтан, белгілі бір басқарушы режим енгізбес бұрын, оның іргелі мақсаттарын айқындап алу керек, және

сақтандыру ісінің тұрақты базасын құру үшін басқарушы механизмдерді қолдану кезегі анықталу керек.

Сақтандырудағы мемлекеттік басқарудың құрылымын анықтау да даулы мәселе. Мысалы, Ю.Л. Сплетухов және Е.Ф. Дюжиков сақтандыруды мемлекеттік басқарудың мынадай әдістерін көрсетеді:

– сақтандыру облысына тиісті заңдар мен басқа да нормативті актілер қабылдау;

– сақтандыру нарығына қатысушылардың қабылданған заңдар мен басқа да нормативті актілерді сақтауын бақылауды құзырлы мемлекеттік органдар қадағалайды;

– сақтандырушылардың қаржы тұрақтылығын басқару және олардың сақтандыру қызметін пайдаланушылар алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;

– сақтандыру нарығына қатысушы субъектілердің салықтар мен жарналарды төлеуін қадағалау;

– сақтандыру нарығына қатысушылардың белгіленген талаптарды орындамаған жағдайда санкциялар қолдану [10, с. 45-50; 17].

Бұл авторлардың ұстанымынан бөлек, Г.А. Насырова барлық әдістерді төмендегідей екі топқа бөледі:

1) мемлекеттің тікелей реттеу әдісі (мемлекеттік шаруашылықты басқару; әкімшілік-құқықтық реттеу; стратегиялық және тактикалық бағдарламалар жасау мен жоспарлау; қаржылық іс-әрекетін реттеу);

2) жанама реттеу әдістері (салықтық және ақшалай-несиелік реттеу).

Сақтандыру нарығын мемлекеттік басқарудың түрлері және оның мазмұны туралы мәселе де оңай емес. Өртүрлі экономисттердің көзқарастары бойынша басқарудың түрлерін анықтаудың критеріі ретінде қарым-қатынастар облысы (объектілер), іс-әрекет түрлері, қолданылатын құралдар, басқарудың мақсаттары да жатқызылады. Насырова Г.А. сақтандыру нарығын реттеудің 15 түрін атап көрсетеді: сақтандыруды қадағалау, лицензиялау, міндетті сақтандыру, салық салу, төлем қабілеттілікті қадағалау, инвестициялық іс-әрекетті қадағалау, баға қоюды бақылау, мемлекеттік кәсіпкерлік, мемлекеттік контрактациялау, мемлекеттік қаржыландыру, монополияға қарсы реттеу, мемлекеттік бағдарлама құру, мемлекеттік жоспарлау және болжау, қайта қаржыландыру мөлшерлемесін реттеу, валюталық бақылау [18].

Қазақстанда сақтандыру нарығын мемлекеттік басқарудың басты мәселелері заңнамалар арқылы анықталған. Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылдың 18 желтоқсанда шыққан №126-ІІ Заңының 8-тарауына сәйкес, сақтандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мәселелері төменде келтірілген:

1) Қазақстанда тұрақты сақтандыру жүйені жасау мен қолдауы және ұлттық сақтандыру нарықтың инфрақұрылымын қалыптастыру;

2) сақтандыру нарығының реттелуі және сақтандыру қызметінің қадағалауы;

3) сақтандырудың негіздерін заңдар арқылы баянды ету, міндетті сақтандыру түрлерді, халықаралық сақтандыру жүйеге Қазақстанның қатысу қағидаларды белгілеу;

4) сақтандырылушылардың, сақтанушылардың және пайда алушылардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауы болып табылады [19].

Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу теориясына қазақстандық зерттеушілер де өз үлестерін қосты. Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңынан туындайтын мәселелерге сәйкес Маянлаева Г.И. Қазақстандағы сақтандыру қызметін басқару және реттеу туралы мынандай мәселелерді шешуді ұсынады:

– сақтандыру нарығында барлық қатынасушыларға ортақ, бірыңғай «ойын ережесін» анықтайтын тұрақты заң;

– сақтандыру ұйымдарының іс-әрекеттерін бақылайтын тиімді мемлекеттік бақылау жүйесін құру;

– сақтандырушылардың өз қорындағы және де басқа қаржы көздеріндегі қаржыларын әртүрлі объектілерге инвестиция жасауына мүмкіндік беретін жағдайды жасау;

– сақтандыру қызметін потенциалды пайдаланушылар үшін сақтандыруға қызығушылықты қалыптастыру;

– сақтандыру қызметін пайдаланушылар алдында сақтандырушы ұйымдардың өз міндеттемелерінің орындалуына кепілдік беретін жүйе қалыптастыру;

– сақтандыру нарығында әділ бәсекелестік жүйесін қалыптастыру және оны қорғау;

– отандық сақтандыру нарығындағы шетелдік сақтандырушылардың және қаржыларында шетелдік капиталдың үлесі басым болатын сақтандырушылардың іс-әрекеттерін реттеу;

– сақтандыру қызметінде өркениетті сақтандыру нарығын қалыптастыруға ықпал ететін салықтық саясат жүргізу;

– Қазақстан Республикасында сақтандыру нарығын дамытуды болжау және жоспарлау [6, с. 44].

Жоғарыда көрсетілгендерден, сақтандыру нарығындағы мемлекеттік басқарудың мақсаты мен мәселелері туралы экономика ғылымында бірыңғай көзқарас әлі қалыптаспағанын көреміз. Қазіргі заманғы экономикалық әдебиеттерге шолу жасау, сақтандыру нарығындағы мемлекеттік басқару мәселесін кешенді түрде зерттеулердің жоқ екендігін, мемлекеттік басқару жүйесінің түрлері мен қолдану құралдарын ашып көрсететін зерттеулердің әзірге жоқ екенін көрсетеді. Жекелеген авторлардың еңбектерінде бұл мәселелер төңірегінде тиіп-қашты зерттеулер кездеседі, оның өзінде тек сақтандырушылардың төлем қабілеттілігін басқару құралдары немесе сақтандыру саласындағы салықтық ынталандыру мәселелері ғана қарастырылады [20]. Жалпы алғанда сақтандыру қызметін мемлекеттік басқару мына мәселелерге тіреледі: сақтандыру ісінің субъектілерінің іс-әрекеттерін және олардың өзара қатынастарын анықтайтын, сақтандыруды бақылауды іске

асыратын, сақтандырушыларды тіркеу, сақтандыру іс-әрекеттерін лицензиялау, олардың нәтижелерін бақылаудың ережелерін анықтайтын заңдық база құру (қосымша заң актілерімен қоса).

Диссертациялық зерттеу барысында сақтандыру нарығын мемлекеттік басқарудың механизмдерін біртұтас жүйе ретінде көрсету мақсаты қойылды.

Мемлекет сақтандыруды басқарудағы өз функциясын тікелей араласу немесе жанама араласу арқылы іске асырады. Бұл әдістерінің бір-бірінен айырмашылығы олардың мәнінде жатыр. Сақтандыру нарығына мемлекеттің жанама түрде араласуы, атап кеткенде қаржылық қордың сақталуы мен оларды тиімді орналастыру үшін құрылған – экономикалық реттеуіштер [21]. Сақтандыру ұйымдарының іс-әрекеттерін тікелей басқару, ең алдымен нормативтік әдістерге негізделеді, ол үшін ғылыми тұрғыда негізделген нормалар сақтандырушыға міндетті болып саналатын экономикалық нормативтер жасалып, тиісті салық саясаты жүргізілуі керек.

Сақтандыру ұйымдардың қызметін мемлекет тарапынан басқару әдістеріне лицензиялау мен пруденциалдық нормаларды орындау жатады. Бұл әдістердің іске асырылуы мен орындалуы заң жүзінде қабылданады.

Сақтандыру ұйымына сақтандыру қызметті жүргізу үшін құқықты лицензия береді. Уәкілетті мемлекеттік органнан лицензияны алу үшін заңмен бекітілген құжаттар тізімін тапсыру қажет. Лицензия үшін мемлекеттің қазынасына лицензиондық алым төленеді, өтініш отыз күннің ішінде қарастырылады және де лицензия берілгені туралы ақпарат ресми басылымдарда жарияланады. Егер де пруденциалдық нормативтер талаптарын үш айы бойы сақтандыру ұйымы орындамаса, онда уәкілетті орган қосымша сақтандыру класстары бойынша сақтандыру қызметін жүргізуге лицензияны бермеуге құқылы болады [22].

Сақтандыру ісінің субъектілерін құрудың құқықтық реттеудің басты мақсаты сақтандыру нарығына жосықсыз агенттердің кіруіне жол бермеу және сақтандырушы мен сақтандыру брокердің қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ететін міндетті талаптарды бекіту болып табылады [23]. Берілген мақсаттың орындалуы сақтандыру ісімен айналысуға рұқсат алудың тиімді тетігін, яғни сақтандыру субъектінің қызметін лицензиялау бойынша міндеттерін бекіту жағдайында ғана іске асырылады.

Ең алдымен, айтып кету жөн, берілген міндет сақтандыру субъектінің арнайы құқықтық қабілеттілікпен тікелей байланысты, себебі лицензияның бар болуы сақтандыру субъектісіне сақтандыру қызметін жүргізуге айрықша құқық береді және сақтандыру субъектінің сақтандыру қызметінен басқа қызмет түрлерімен айналысуға жол бермейді. Сонымен сақтандыру субъектінің қызметін лицензиялау бойынша міндеті сақтандыру қызметінің азаматтық-құқықтық реттеудегі құқықтық ынталар мен шектеулердің жалпы жүйесінде негізгі жүйе құрушы, жүйе байланыстырушы құқық құралы болып табылатынын айтуға болады.

Сонын ішінде сақтандыру субъектінің қызметін лицензиялау бойынша міндеті құқықтық шектеу ретінде лицензияны алу мен сақтауға бағытталған

шаралар жиынтығынан тұратын күрделі құрамды құқықтық құрал болып табылады. Аталған құқықтық шектеудің күрделі құрамы келесімен түсіндіруге болады: «кәсіпкерлік субъектіні құру жеке құқықтық және мемлекеттік құқықтық тетіктерді біріктіретін күрделі дәйекті рәсімдер жиынтығын білдіреді» [24].

Қоғамдық мүдделері үшін кәсіпкерлік қызметтің бостандығын шектеу ретінде лицензиялаудың арнайы рөлін ескере отырып, лицензиялау бұл құқықтық реттеудің императивті әдісін басым қолданумен қатаң реттелетін рәсім болып табылады. Лицензиялаудың құқықтық реттеуінде азаматтық және әкімшілік құқықтық нормалардың бір-бірімен өте тығыз әрекет етуіне байланысты императивті нормалардың бар болуы түсіндіріледі [25].

Сонымен қатар, Тихомиров Ю.А.-ның «ұйымдарды лицензиялау мен қызмет түрлері көмегімен қоғамдық қажеттілік дәрежесіне тиімділік бағасы беріледі» деген пікірімен келіспеуге болмайды [26].

Сақтандыру субъектісінің қызметін лицензиялау бойынша міндеттері туралы айту алдында, ең алдымен сақтандыру қызметін жүргізуге берілетін арнайы рұқсат ретінде лицензияның сипаттамаларына көңіл бөлу қажет.

Мәселен, сақтандыру ісі туралы заңына сәйкес сақтандыру қызметін жүргізуге берілетін лицензия мерзімсіз, басқа тұлғаларға беруге рұқсат етілмейтін және алынған күннен бастап қызмет істейді. Заңнамаға сәйкесінше сақтандыру қызметін жүргізу бойынша лицензиялардың келесі түрлерін ажыратылады: міндетті және ерікті сақтандыруды жүргізу үшін лицензия, қайтасақтандыруды жүргізу үшін лицензия, өзара сақтандыру үшін лицензия, сақтандыру брокер ретінде делдалдық қызметті жүргізу үшін лицензия.

Сақтандырушыға берілетін лицензия «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 6-шы бапта бекітілген сақтандыру түрлерінің сыныптамасын қамтуы тиіс [27].

Сақтандыру субъектісінің қызметін лицензиялау бойынша міндетіне оралатын болсақ, ең алдымен лицензия алу бойынша міндетінің құрамдас бөліктерін қарастыру қажет. Осылайша, лицензияны алу рәсімі сақтандыру субъектісімен бекітілген құжаттар тізімін ұсыну бойынша іс-әрекеттер жиынынан және уәкілетті органмен ұсынылған құжаттарды қарауының нәтижесінде лицензияны беру не беруден бас тарту туралы шешім қабылданады. Уәкілетті орган лицензияны беруі немесе беруден бас тартуы туралы шешімді қабылдау мерзімі құжаттардың толық жиынын алу күнінен бастап отыз жұмыс күн ішінде шығарылуы тиіс.

Лицензияны беруден бас тарту туралы шешім жіберілген бұзушылықтарға сілтеме көрсетілген бас тартудың негіздемесін қамтуы тиіс. Сақтандыру қызметі туралы заңнамасының 38 бабында лицензияны беруден бас тартудың негіздемелердің толық тізімі көрсетілген.

Сақтандыру қызметін іске асыру үшін лицензияны алғаннан кейін сақтандыру субъектісі сақтандыру заңнамасын сақтауға міндетті. Сақтандыру бойынша заңнамасын бұзу түрінде сот төрелігі тек нормативті-құқықтық актілерді сақтамауды таниды. Сонда сақтандыру келісімшартты жасасу,

сақтандыру келісімшартын орындау мән-жайлары мен сақтандыру ережелері лицензиялық талаптар мен шарттарға қатысты болмайды, яғни сақтандыру шартын сақтамау сақтандыру заңнамасын бұзғаны ретінде қаралмайды және сақтандыру субъектісін әкімшілік жауапкершілікке тартуға негіз бола алмайды.

Сонымен бірге заңнама бойынша сақтандыру қызметін жүргізуге кедергі жасайтын рәсімдердің қатарына лицензияны тоқтату, шектеу және күшін жоюды жатқызады. Аталған рәсімдерге бір ортақ ерекшелік тән, яғни заңнамамен берілген әртүрлі негіздемелерге қарамастан, осы рәсімдерді жүргізудің жалпы себебі лицензияға өтініш берген тұлғаның құқық бұзушылық іс-әрекеті болып саналады. Сақтандыру субъектінің қызметін лицензиялау бойынша ортақ міндеті шегінде аталған рәсімдер қорғаныс функциясын атқарады және тек сақтандыру субъектімен белгілі бір құқық бұзушылықты жасаған кезде ғана уәкілетті органмен іске асыруы мүмкін. Сақтандыру қызметті жүргізу үшін лицензияны алу кезіндегі міндеттемелер шеңберін орындаудың қорғау функциясын құқықтық шектеу ретінде айқындайды.

Мемлекет тарапынан сақтандыру нарығында сақтандыру қызметінің заңнамаға сәйкес жүргізілуінде құқық бұзушылықтарды айқындаса, сақтандыру субъектілерді лицензиясынан айыруға, тоқтатуға құқылы. Лицензиядан айырылған сақтандыру субъектісі өз қызметін іске асыруға құқылы емес және де қолданыста бар банк шоттары бойынша операцияларды сақтандыру заңының 55 бабына сәйкес тоқтатуға міндетті.

Сақтандыру қызметін басқарудың негізгі механизмі, яғни лицензиялау бойынша жоғарыда айтылғандарды жинақтап, келесі қорытынды жасауға болады: сақтандыру қызметін азаматтық-құқықтық реттеуде сақтандыру субъектінің қызметін лицензиялау бойынша міндеті құқықтық шектеуді құралы ретінде қолданады және оны келесі белгілермен сипаттауға болады:

- сақтандыру қызметінің азаматтық-құқықтық реттеудің құқықтық ынталандыру мен шектеулер жүйесінде жүйе құрайтын құралы ретінде арнайы құқық қабілеттіліктің қажетті шарты болып табылады;

- сақтандыру қызметінде құқықтық шектеулердің қорғаныс және қорғау функцияларын айқындайды;

- күрделі құқықтық шектеу бар, оның құрамына рәсімдік сипатқа ие келесі міндеттер кіреді: сақтандыру қызметін жүргізуіне лицензияны алу міндеті, лицензияның үздіксіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету міндеті, лицензияны тоқтату, шектеу және айыру бойынша қорғаныс рәсімдерін қамтамасыз ету міндеті.

Сақтандыру ұйымдардың төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығын бақылау және қадағалау пруденциалдық нормативтер мен бекітілген шектерді орындау арқылы уәкілетті органмен жүргізіледі. Заңмен орнатылған талаптарды орындамау кезінде сақтандыру ұйымы жауапкершілікке тартылады, бірақ та оған қайта капиталдандыру жоспарды құрып, нормативті дұрыстауға мерзім беріледі. Басты назарды төлем қабілеттіліктің маржасына аударады, өйткені ол сақтандыру ұйымның активтерінің міндеттемелерден асуын көрсетеді. Төлем қабілеттілік маржаның ең төменгі шектен төмен болуы

нәтижесінде сақтандыру ұйымның қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілікті қамтамасыз ету мақсатында кепілдік қоры құрылады. Заңмен бекітілген пруденциалдық талаптарды орындамау кезінде мемлекеттік уәкілетті орган сақтандыру ұйымынан қызметті жүргізуге берілген лицензияны тоқтатуға құқылы. Осы жанама басқару құралы арқылы мемлекет сақтандыру нарығын сенімсіз және өз міндеттерін орындай алмайтын ұйымдардан босатады [28].

Сақтандыру бойынша әдебиеттерде пруденциалдық реттеудің анықтамасы мүлдем жоқ деп айтуға да болады. Оның атауы ағылшын тілінің «prudential» сөзінен шыққан, «ақылды, тәуекелден бас тартатын» мағынасын білдіреді. Мәселен, Каменская Н.Ю. көз бойынша «сақтандыру нарығын пруденциалды реттеуді сақтандыру нарығын тұрақты және сенімді қызмет етуді қамтамасыз ету мен сақтанушыларды қорғау мақсатындағы мемлекеттік-биліктік сипаттағы нормалар жүйесі ретінде сипаттауға болады» [29]. Сонда, сақтандыруды пруденциалдық реттеудің мақсаты – мемлекеттің, жеке және заңды тұлғаларының сақтандыру қорғанысын, сонымен қатар сақтандыру қызметтерді тұтынушылардың қызығушылықтарын қорғауды іске асыруға сақтандыру нарығының тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету.

Осыған байланысты, сақтандыруды пруденциалдық реттеудің негізгі міндеттерін айқындауға болады, олар:

- сақтанушылардың, мемлекет пен басқа тұлғаларының құқықтары мен заңды қызығушылықтарды қорғауды қамтамасыз ету;
- жалпы сақтандыру нарықты қорғау;
- сақтандыру нарығында сақтандыру қорғанысының құнын төмендету үшін бәсекеге қабілетті ортаны құру, жаңа технологиялар мен қызметтерді енгізу;
- жалпы сақтандыру нарығының және сақтандыру ісінің бөлек субъектілер қызметінің мөлдірлігін қамтамасыз ету.

Пруденциалдық реттеу өз алдына сақтандырушының банкроттыққа ұшырауды алдыналуды мақсат ретінде қоймайды, ол тек жүйелік қызығушылықты қорғауға бағытталады, бұл оның макроэкономикалық сипатын көрсетеді [30].

Жоғарыда айтылып кеткенін есепке ала отырып, біздің ойымызша, сақтандыру қызметін пруденциалды реттеудің келесі қызметтерін бөліп көрсетуге болады:

- 1) привентивті – сақтандыру ісі субъектінің тәуекелді қызметін минималдауға бағытталған қызметі;
- 2) қорғаныс – сақтандырушылармен өз міндеттерін орындамау жағдайында сақтанушылардың қызығушылықтарын кепілдендіруге бағытталған қызметі.

Привентивті қызметінің мазмұнын келесі аспектілер толық сипаттай алады:

- сақтандыру ісімен айналысамын деген экономикалық қызмет субъектілері үшін міндетті тіркеу мен лицензиялау түріндегі шектеулердің енгізілуі;

- сақтандыру қызметінің минималды экономикалық стандарттардың бар болуы: капиталдың жеткіліктігі, өтімділігі мен төлем қабілеттілігі, тағы басқалары;

- сақтандыру жүйесінің қызмет ету тұрақтылығын және сенімділігін бақылау мақсатында сақтандыру ұйымдарымен бекітілген стандарттарға сәйкес келуін қадағалау.

Сақтандыру нарығын басқаруға бағытталған заңнамалық және құқықтық-нормативтік нормалар жиынтығы сақтандыру құқығын құрайды. Қазақстандық сақтандыру құқығын зерттеуші ғалым Найманбаевтың С.М. анықтамасы бойынша сақтандыру құқығы елдің сақтандыру құрылысын қалыптастыру және оның ауқымындағы сақтандыру ісі мен сақтандыру қызметін ұйымдастыру, сақтандыру компанияларының сақтанушыларға ұлттық сақтандыру нарығындағы сақтандыру салалары бойынша ерікті және міндетті нысанда сақтандыру қызметтерін көрсетуі, сондай-ақ сақтандыру қорларды құру және бөлу, сақтандыру нарығы мен сақтандыру ұйымдарды мемлекеттік басқару және қадағалау барысында туындайтын кешенді сипатты қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық саласы деп анықтап отыр [31].

Шетелдік және отандық тәжірибеде қолданылған сақтандыру нарығына мемлекеттің тікелей немесе жанама түрде араласу әрекеттерін талдай келе мынадай қорытынды жасауға болады: басқару құралдарының көптігіне қарамай, олардың көпшілігінің ішкі мазмұндары бірдей, атап айтқанда қаржылық қордың құрылуы және жинақталуы, оларды бөлу және қайта бөлу процестеріне әсер ету мәселелері қарастырылады. Басқаша айтқанда, сақтандыру нарығын мемлекеттік басқару, қаржылық-құқықтық реттеу түрінде көрінеді. Бұлай болу себебі, сақтандыру бизнесінің ерекшелігіне байланысты. Сақтандыру бизнесі қаржылық делдалдықтың бір түрі болып табылады және оған мемлекеттің араласуы әмбебап және көп түрлі болып келеді. Көптеген елдерде сақтандыру нарығын мемлекеттік басқару XIX ғасырда басталған және жеке меншік капиталына қойылатын талаптары, сақтандыру тарифтерін басқару, сақтандыру қорларын орналастыру, сақтандырушылар үшін ерекше салық режимін қалыптастырудан басталды.

Сақтандыру нарықты мемлекеттік басқару құзырлы заң шығарушы мен атқарушы органдар арқылы жүргізіледі. Олардың ішіндегі басты сақтандыру басқарушысы ретінде, сақтандыру нарығындағы саясат жасаушы және оны іске асырушы атқарушы биліктің мемлекеттік органы болып саналады.

Сақтандыру нарығын мемлекеттік басқару үрдісі, бірін бірі ауыстырып тұратын, немесе параллель жүргізілетін бірнеше кезеңнен тұрады.

Бірінші кезеңде сақтандыру нарығын мемлекеттік қаржылық басқарудың саясаты (стратегиясы мен тактикасы) жасалады. Бұл саясат жалпы мемлекеттік экономикалық саясат негізінде жасалады. Бұл кезең бірнеше жылды қамтиды, немесе тіпті ұзаққа созылуы мүмкін.

Екінші кезеңде негізгі заң нормалары қабылданып, оларды жетілдіре түседі (нормативті-құқықтық құжаттар, сақтандыру нарығын мемлекеттік қаржылық реттеу). Экономикалық конъюнктураның және алға қойған


мақсаттардың өзгерісіне байланысты бұл кезең қайта жаңғыртылып отыруы мүмкін.

Үшінші кезең – мемлекеттік қаржылық реттеудің түрлері мен құралдарын қолдану. Бұл кезең үздіксіз іске асырылады [32].

Аталған кезеңдердің сақтандыру нарығының жұмысына әсер ету дәрежелері бойынша, активті және пассивті реттеу кезеңдеріне бөлуге болады. Активті реттеу кезеңінде сақтандыру нарығындағы мемлекеттік басқару қайта құрылады, ал пассивті кезеңде оны іске асыру үрдісі жүреді. Бірінші және екінші кезеңдерді активті мемлекеттік басқару немесе мемлекеттің басқарудың даму кезеңі деп есептеу керек. Ал үшінші кезеңді мемлекеттік қаржылық реттеуді іс жүзінде енгізген кезде ғана активті деп есептеуге болады.

Сақтандыру ісіне қатысушыларға (сақтандырушылар, сақтандырушы брокерлер) байланысты мемлекет тарапынан басқарудың қосымша үш кезеңін белгілеуге болады: алдын ала (сақтандыру нарығына кіру кезеңі – тіркеу және лицензиялау кезеңі), ағымдағы кезең және қорытынды кезең. Төменгі 1-суретте сақтандыру қызметін мемлекеттік басқарудың механизмі көрсетілген.

Қазақстан Республикасында сақтандыру ұйымдарының қызметін реттейтін негізгі мемлекеттік орган Ұлттық банк екені белгілі. Бұл орган сақтандыру қызметінде заңнаманың сақталынуын бақылауды, тіркеу мен лицензиялау бойынша талаптарды орнатуды, сақтандыру ұйымдарының қаржылық жағдайын бақылауды жүргізеді.



Сурет 1 - Сақтандыру қызметінің мемлекеттік басқару механизмі

Ескерту - Автормен жасалынған

Жоғарыда көрсетілген басқару механизмі бойынша алдын ала кезеңі сақтандыру ұйымының шаруашылық субъект ретінде тіркелуі мен қызмет етуге рұқсат беретін лицензияны алуымен байланысты. Ал ағымды кезеңі сақтандыру

ұйымының күнделікті қызмет ету үрдісін басқарумен байланысты болады. Ал қорытынды кезеңі сақтандыру ұйымдардың қайта құрылуы немесе жойылуы үрдісі кезінде іске асырылады.

Сақтандыру ұйымының құрылу процесінде және де одан әрі қызмет ету кезеңін басқарудың маңызды белгісі – бұл ұйымның жарғылық капиталын құру механизмі. Сақтандыру саласына коммерциялық банктер мен қаржылық-өндірістік топтар үлкен қызығушылықты танытатыны белгілі. Онымен қатарлас сақтандыру саласының ішінде капиталдың шоғырландырылуы жүргізіліп тұр. Бұл жоғары қаржылық тұрақтылығына ие ірі сақтандыру компаниялардың құрылуына әкеледі. Әдетте бұл үрдіс компаниялардың бірігу мен жұтылуына әкеледі, және де оның негізінде сақтандыру топтары құрылады.

Сонымен, біздің пікірімізше, сақтандыру компаниялардың жарғылық капиталын құрудың келесі механизмдері ұсынылады: сақтандыру компаниялардың ірілендіруі, сақтандыру саласына банктік және қаржылық-өндірістік капиталдың енуі, қаржылық-өндірістік топтар шегінде сақтандыру капиталының шоғырлануы, шетел инвесторлардың белсенді болуы.

Сонымен, біздің пікірімізше, отандық сақтандырудың дамуы бірнеше бағыты айқындалады: сақтандыру компаниялардың ірілендіруі, сақтандыру саласына банктік және қаржылық-өндірістік капиталдың енуі, қаржылық-өндірістік топтар шегінде сақтандыру капиталының шоғырлауы, шетел инвесторлардың белсенді болуы.

Бірақ та, көп мамандарды сақтандыру нарығында монополизациялау мәселесінің туындауы толғандырады. Сонымен бірге «аналық» құрылымның қаржылық жағдайынан тікелей әсер ететін сақтандыру компаниялардың қаржылық тұрақтылық мәселесі күмән келтіреді. Отандық сақтандыру нарығында бірігу мен жұтылу беталыстардың күшеюі басқару органдары тарапынан алаңдауды туғызады. Осыған байланысты сақтандыру заңнамасында сақтандыру қызметінде аффилирлеу мүмкіндігін алдын алу нормалары қарастырылуы тиіс, өйткені «домино» қағидаты іске асырылса, бөлек сақтандыру компаниялардың қаржылық жағдайы мен жалпы сақтандыру жүйесі үлкен қауіпке ұшырауы мүмкін.

Қазақстандық сақтандыру үлгісі жалпы белгілері бойынша банктік типке бағдарланғаны туралы айтуға болады. Бұндай үлгілер Жапония мен Германияда табысты іске асырылуда. Бұл елдерде, Қазақстанда да сияқты қаржылық нарық сегменттелген болып келеді. Сонымен қатар, ХВҚ мен Бүкіл әлемдік банк эксперттері пруденциалдық реттеуге көп көңіл бөледі. Пруденциалдық реттеу өзіне мониторингтің дамыған жүйесін, ұлттық қадағалау органдардың алдында ақпарат пен есептіліктің ашықтылығын қосады. Оның негізін мемлекеттік басқару мен қадағалау, ішкі рәсімдеу мен бақылау, нарықтық тәртіп құрайды. Айтылып кеткендей, пруденциалды қадағалау мен реттеу жүйесі нарықтың дамуына және кейбір қаржылық ұйымдардың ішкі басқару жағдайына әрдайым бейімделуі қажет [33].

Сақтандыру қызметін басқару моделіне тән белгілерінің бірі тарифтік ставкалар мөлшерін бақылау болады, яғни лицензиялау кезеңінде оларды бекіту ғана емес, олардың сақталуын қадағалауды жүргізу.

Біздің ойымызша, бұнын негізгі себептеріне сақтандыру ұйымының күйреу мүмкіндігін ескерту мен монополиялық бағалардың орнатылуын болдырмау жатады. Сақтандыру қызметтері бойынша бәсекелес нарығы жағдайында клиенттерді тарту мақсатында бағалық демпингті жүргізуге мүмкіндігі өте жоғары. Монополияға қарсы басқару шегінде монополизмді алдын алу мен бақылау бойынша жұмыс жүргізіледі. Сондай-ақ, бұл нарықта бәсекелестікті жасанды түрде шектетуге әкелмеуі тиіс, әсіресе, сақтандыру қызметін жүргізуге тек қана жергілікті сақтандыру компанияларға рұқсат етілген аймақтарға қатысты.

Сақтандыруды қадағалау органдарымен ағымды бақылау сақтандыру компанияның қызмет ету барысында әрдайым жүргізіледі. Ең негізгісі бұнда сақтандыру ұйымның қаржылық жағдайын бағалауы болып саналады.

Сақтандыру ұйымның қаржылық қызметін мемлекеттік басқаруда отандық заңнама қаржылық тұрақтылықты бағалау мен бақылау әдістемесіне, сақтандыру резервтерін қалыптастыру ережелеріне қатысты еуропа елдерінің тәжірибесіне сүйінеді.

Сақтандыру резервтерін инвестициялауды мемлекеттік басқару тәжірибесі барлық елдерде қолданылады, олардың арасында мазмұны мен резервтерді орналастыруды регламенттеу дәрежесінде ғана айырмашылықтары бар. Қазіргі таңда қалыптасқан экономикалық жағдай сақтандыру резервтерді тартымды орналастырудың мүмкіндігін және сенімді инвестициялық объектілерді табуды төмендетеді.

Сонымен қатар сақтандыру операцияларына салық салуды мемлекеттік басқаруды жүргізу маңыздылығы күмән келтірмейді. Ол екі аспекті бойынша жүргізіледі: сақтандыру компаниялары салықтық реттеу мен сақтандыру компаниялардың контрагенттеріне салық салу.

Сақтандыру қызметін басқарудың қорытынды кезеңі отандық тәжірибе көрсетіп тұрғандай әлі соңына дейін қалыптаспаған деп айта аламыз. Қазіргі таңға дейін қаржылық сауықтыру рәсімдері, сақтандыру компаниялардың санкциялары, олардың банкроттылығы, сонымен бірге сақтанушылардың қызығушылықтарын қорғау мәселелері мен наразылықтарды шешу жолдары әлі де толық қарастырылмаған.

Сақтандыру компаниялардың банкроттыққа ұшырауын ескерту механизм толық жетілдірілмеген. Біздің пікірімізше, банкротқа ұшырауды ескерту механизмі привентативті сипаттағы шараларды, мемлекеттік қолдау жолдарын немесе арнайы резерв қорларын қарастыруы қажет. Бұл қорға жарналардың міндетті немесе ерікті түрде төленуі, және де өзін-өзі реттеу ұйымының арнайы резерв ретінде іске асырылуы ұсынылады.

Сақтандыру компаниялардың банкроттыққа ұшырауын ескерту механизм толық жетілдірілмеген. Біздің пікірімізше, бұл механизм привентативті сипаттағы шараларды, мемлекеттік қолдау жолдарын немесе арнайы резерв

қорларын қарастыруы қажет. Бұл қорға жарналардың міндетті немесе ерікті түрде төленуі, және де өзін-өзі реттеу ұйымының арнайы резерв ретінде іске асыруы мүмкін.

Сақтандыру нарығында заңдылықты қамтамасыз етуге бағытталынған мемлекеттік басқарудың барлық кезеңдері арасында тығыз байланыс болатынын атап өту маңызды. Бақылау үрдісі кезінде, сақтандыру ісінің субъектілері үшін мемлекет тағайындаған параметрлерден ауытқу анықталады және ондай ауытқуларды жоюға бағытталған шаралар қолданылады (яғни, сақтандыру нарығындағы жеке субъектілердің іс-әрекеттері реттеледі). Ағымдағы бақылауды ұйымдастыру арқылы, барлық басқару үрдісінің тиімді жұмыс істелуін қамтамасыз етуге болады. Оның үстіне, мемлекеттік бақылау сақтандыру нарығының қазіргі жағдайы туралы мәліметтер беріп отырады, ол одан ары қарай активті реттеу жүргізуге мүмкіндік береді.

Сонымен, сақтандыру қызметін басқаруда мемлекеттің рөлі анықталып, сақтандыру қызметін мемлекеттік басқару механизмдері біртұтас жүйе екендігі дәлелденді.

Сондай-ақ, дамыған елдерде сақтандыру нарықты мемлекеттік басқарудың мол тәжірибесі жинақталған және де олардың кейбіреулері отандық тәжірибеде жиі қолданылып тұр. Батыс тәжірибесін қолданудың қажеттілігі бірнеше себептермен айқындалады.

Біріншіден, еліміздің сақтандыру жүйесі әрқашан индустриалды дамыған елдермен салыстырғанда біршама артта қалушылықпен қалыптасты. Алшақтау әсіресе Кеңес Одағы жылдардағы мемлекеттік сақтандыру монополиясы кезінде күшейе түсті. Қазіргі кезде артта қалушылықты жою үшін еліміз бірқатар шаралар жасап жатыр, оның өзі отандық сақтандыру нарығындағы теріс үдерістермен тежеліп отыр.

Екіншіден, қазіргі сақтандыру қызметінде еншілес компаниялар мен әлемнің түрлі елдерінде өкілдіктері бар көптеген халықаралық сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары қатысады. Осы ұйымдар қазіргі нарықтың танылған көшбасшылары болып отыр. Шетел компаниялардың отандық нарыққа жіберілуінде сақтандыру қызметін ұйымдастырудың шетел тәжірибесі әсіресе құнды болады.

1.3 Сақтандыру нарығын басқарудың халықаралық тәжірибесін зерттеу

Сақтандыру нарығын басқарудың халықаралық тәжірибелерін зерттеп, оларды Қазақстанда қолдану мүмкіндігін қарастырайық. Басқа елдердің тәжірибелерін терең зерттеу қажеттілігінің бірнеше объективті факторлары бар. Біріншіден, жаһандану жағдайында қазақстандық сақтандыру нарығы өз бетінше өмір сүре алмайды. Сондықтан сақтандырудың әлемдік нарығына бірігуге тура келеді. Ол үшін қайта сақтандыру арқылы тәуекел қауіпін басқалармен бөлісу механизмдерін қолдану керек. Бүгінгі күні ел ішіндегі сақтандырудың тәуекел қауіпінің артуына байланысты, қайта сақтандыру арқылы тәуекел қауіпінің біраз бөлігін шетелдік сақтандыру нарығына

орналастыруға тура келеді. Екіншіден, әуел баста, қазақстандық сақтандыру нарығының моделі құрылған кезде шетелдік тәжірибелер қолданылған. Отандық сақтандыру нарығының халықаралық сақтандыру арқылы қызмет көрсету нарығына қосылу үрдісінің тереңдеуі басқа да интеграциялық үрдістер, сақтандыру нарығын мемлекеттік басқаруды мемлекетаралық деңгейге көтеруді, қаржылық есептерді халықаралық стандарттарына сай жүргізуді талап етеді.

Шетелдік ұлттық сақтандыру нарығының тәжірибелерін зерттеп, оларды Қазақстанда қолдану мүмкіндігін біраз ғалымдар қарастырған. Олар: Жүйріков К., Назарчук И., Маянлаева Г.И. Сақтандыру нарығын реттеудің шетелдік тәжірибелерін Журавин С.Г., Благутин Д.Ю., Турбина К.Е., Жилкина М.С., Федорова Т.А., Юлдашев Р.Т., Зубец А.Н. сияқты экономистердің еңбектерінде зерттелген. Ғылыми әдебиеттерде шетелдік сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің екі моделі кездеседі: континенталдық (құрлықтық) және либералдық. 2-кестеде оларды салыстырмалы талдау нәтижелері келтірілген.

Кесте 2 – Сақтандырудың ұлттық модельдерін салыстырмалы талдау

Параметрлері	Сақтандыру нарығының континентальдық моделі	Сақтандыру нарығының либеральдық моделі
Қысқаша сипаттамасы	Сақтандыру іс-әрекеті кезінде ағымдағы заңдардың талаптарының орындалуын жүйелі түрде бақылау; Сақтандыру компаниялары мен сақтандыру нарығының басқа да субъектілерінің іс-әрекеттерін нақты айқындау	Сақтандырушылардың іс-әрекеттерін басқаруда нарықтық механизмнің басым болуы, сақтандырушылардың есебі негізінде, сақтандырушы компаниялардың қаржылық жағдайын үздіксіз бақылау. Іске асыру түрлері: орталықтанған либеральдық модель; орталықтанбаған либеральды модель
Мега реттеуші болуы	Бар. Сақтандыру қызметі қатаң түрде реттейді және бақылайды	Бар, басқару мен бақылау нарықтық механизмдер негізінде жүргізіледі
Лицензиялау	Бар	Бар
Модельді қолданушы елдер	Франция, Германия, Испания, Италия, Япония, Ресей, Қазақстан, Венгрия, Польша т.б.	США, Канада, Австралия, Великобритания. Интеграциялық бірлестіктер
Артықшылығы	Қаржылық тоқырау кезінде тез шешім қабылдау және тоқырауға қарсы саясат ұйымдастыру мүмкіндігі.Бақылау	Нарықтың өзін-өзі реттеу механизмі дамыған. Интеграциялық бірлестіктерде Бірыңғай сақтандыру нарығын құру үшін тиімді
Кемшіліктері	Монополистердің бәсекелестігі нарығында тиімділігі аз.	Дамыған нарық жағдайында ғана қолдану тиімді
Ескерту-[34-38] әдебиеттер негізінде авторқұрастырған		

Аталған екі модельдің ерекшеліктерін талдай отырып, әр түрлі елдердің тәжірибесін талдайық. Континентальдық модель, роман-герман құқықтық жүйесіндегі Германия, Франция, Италия, Испания, Жапония сияқты елдерде қолданылады. Бұл модельдің негізгі белгілері: сақтандыру қызметін іске асыру кезінде ағымдағы заңдардың талаптарының орындалуын жүйелі түрде бақылау;

сақтандыру компаниялары мен сақтандыру нарығының басқа да субъектілерінің іс-әрекеттерін нақты белгілеу. Бұл модель бойынша сақтандыру компанияларының қызметінің негізгі параметрлерін (сақтандыру тарифтерін және оның шеңберлерін, сақтандыру келісім-шарттардың нысандарын, сақтандыру компанияларының бизнес-жоспарларын құру және оның орындалуын) сақтандыруды бақылау органдары тағайындайды.

Либеральдық модель, англо-саксон құқылық жүйесіндегі Америка Құрама Штаттары (АҚШ), Ұлыбритания, Австралия, Канада сияқты елдерде қолданылады. Бұл модельді айқындайтын негізгі параметрлері: сақтандырушылардың іс-әрекеттерін басқаруда нарықтық механизм басым болады, сақтандырушы компаниялардың есептері негізінде бақылаушы органдар тарапынан олардың қаржылық жағдайына үздіксіз бақылау жүргізіледі. Елдің мемлекеттік құрылымына қарай либеральдық модель шеңберінде оның тағы екі түрін бөліп көрсетеді: орталықтанған либеральдық модель және орталықтанбаған либеральдық модель.

Сақтандыру нарығын мемлекеттік басқарудың орталықтанған либеральдық моделі Ұлыбританияға тән. Онда сақтандыруды бақылаудың бір органы құрылған және барлық сақтандырушы компаниялар үшін ортақ жалпы ережелер мен нормативтер тағайындалған. Ұлыбританияның бақылаушы органының негізгі функциясы лицензиялау және сақтандыру компаниялардың қаржылық жағдайын бақылау болып табылады. Ұлыбританияның сақтандыру нарығын мемлекеттік басқару жүйесінде өзін-өзі реттеу институты қатты дамыған. Ұлыбританияның өзін-өзі реттеу ұйымдарға, сақтандыру нарығын тиімді дамытуға және сақтандыру компанияларының ағымдағы сақтандыру қызметін бақылауды іске асыруға бағытталған көптеген функциялар берілген.

Орталықтанбаған либеральдық модельдің классикалық моделі үшін Америка Құрама Штаттарын атауға болады, ондағы экономикалық федерализм түріндегі мемлекеттік құрылым осы модельге сай келеді. АҚШ-та әрбір штатының өз сақтандыру жүйесі қалыптасқан және олар сол штаттың басқарушы органдарының бақылауында. АҚШ-та бірыңғай сақтандыру бақылауы жоқ. Федералдық деңгейде әртүрлі штаттағы сақтандыру компанияларының іс-әрекеттеріне қатысты аздаған мәселелер ғана реттеледі. Бұл модельдің реттеудің бірыңғай жүйесін қажет етпегенімен, реттеудің жалпы қағидалары қарастырылған. Олардың ішіндегі негізгілері федералдық және сыртқы әдістер болып табылады. Әрбір штаттың реттеуші органдары, сақтандырушылардың капиталының мөлшеріне және төлем қабілеттілігіне, сақтандыру қорларына қойылатын талаптарға, салық салуға, сақтандырушылардың табыстарын бөлуге бақылау жасауға міндетті.

Сонымен, сақтандыру заңнамасы әртүрлі экономикалық жүйелерде сақтандыру қызметін реттейтін өзінің ерекше нормативті-құқықтық актілер жиынын қамтиды. Мәселен, Францияда сақтандыруды құқықтық реттеу сақтандыру нарығын ұйымдастыру мен оны басқарудың барлық жақтарын қамтитын 1976 жылы қабылданған Сақтандыру кодексінде шоғырланған. АҚШ-да сақтандыру саласы монополияға қарсы заңға жатпайтын бірден бір

саласы болып табылады. Ұлыбританияда сақтандыру қызметінің заңнамалық базасын 1982 жылдың сақтандыру компаниялары туралы заңы құрайды, бұл заңда лицензиялау, төлем қабілеттілік, активтер мен пассивтерді бағалау, инвестициялар туралы мәселелер қарастырылған.

Сақтандыру қызметінің мемлекеттік басқару моделінің материалдық негізін әкімшілік институттардың жиынтығы құрайды. Нарықтық типтегі әртүрлі экономикалық жүйелерде сақтандыру саласында мемлекеттік билікті сақтандыруды қадағалау органдары іске асырады. Сақтандыруды басқару механизмде олар орталық және шешуші рөл атқарады. Ұлттық заңнамамен қадағалау органның құқықтық мәртебесі, оның негізгі міндеттері, қызметтері мен құқықтары, орталық органдар мен территориялық бөлімшілердің құрылымы айқындалды. Әртүрлі мемлекеттік заңнамалық жүйелер үшін қадағалау органның қызметін ұйымдастыруға ерекше нысаны тән болады. Қазақстанда, көптеген еуропалық елдерінде (Ұлыбритания, Германия, Швеция), сонымен бірге Жапония сияқты да мемлекеттің барлық аймақтарына сақтандыру қадағалауды ұйымдастыру бірдей болып келеді.

Басқаша айтқанда, орталық билік органдарының үстемдік ету қағидасы жүзеге асырылады, яғни басқару жоғары тұрған органдар деңгейінде жүргізіледі. Сонымен қатар, біріктіру қағидасы бар, бұл сақтандыру қызметінің кейбір аспектілері орталық деңгейде реттеліп, негізгі заң шығарушы өкілеттілігі аймақтық органдарына берілетінін білдіреді. Мәселен, Канадада қадағалаудың мұндай аралас нысаны іске асырылады. Қадағалау қызметінің орталықсыздандыру қағидасы орталықтанған сақтандыру заңнаманың болмауынан, бұл саланың қызметін басқару бойынша қызметтер аймақ деңгейінде жүзеге асырылады. Жоғарыда айтылып кеткендей, бұл қағида АҚШ-та табысты қызмет етуде.

Сақтандыру операцияларын жүргізуге рұқсат ету сатысында негізгі критерийлердің бірі ұсынылатын сақтандыру өнімнің сапасы болып табылады. Лицензияланатын сақтандыру түрлері бойынша ережелер тиісті бекіту рәсімдерінен өтеді. Мәселен, АҚШ елінде әр сақтандыру компаниясы үшін бекіту рәсімі жеке өткізіледі. Кейбір жағдайларда сақтандыру типтік ережелер негізінде жүргізілуі мүмкін (Германия, Франция, Канада). Ал Ұлыбританияда қадағалау органдары тарапынан келісім-шарттардың мазмұнын алдын ала тексеру рәсімі қарастырылмаған екен.

Сақтандыру қызметін жүргізуге рұқсат ету мәселелерінің ішінде шетел сақтандыру компаниялармен сақтандыру операцияларын еркін жүргізу мүмкіндігі маңызды орын алады. Атап айтқанда, дамыған елдердің барлығы Еуропалық қауымдастық шеңберіндегі сақтандыру нарығына салыстырмалы оңай түрде қол жеткізе алады. Сонын ішінде, Швейцарияда шетелдік сақтандыру капиталымен жұмыс істеуге ең қолайлы жағдай жасалынғанын атап өткен жөн. Біздің пікірімізше, бұл осы елдің халықаралық қаржы орталығы ретіндегі ерекше мәртебесіне ие болғанымен түсіндіріледі.

Еуропалық Одақ қатарына елдердің қосылуы сақтандыру капиталының құрылымына өз әсерін тигізді. Мысалы, Венгрияда сақтандыру саласында

шетел инвесторлардың үлесі 94%-ды, Латвияда – 50%-ды, Чехияда – 35%-ды, Словакия мен Эстонияда – 30%-ды, Польшада – 17%-ды құрайды екен [39].

Испанияда сақтандыру нарығының ырықтандыру нәтижесінде шетел капиталының қарқынды дамуы, отандық компаниялардың бірігуі мен сатып алынуы байқалды. Бірақ, әлі күнге дейін нарықтық қатынастарды орнатып жүрген кейбір елдерде шетелдік сақтандыру компаниялардың қызметінде кейбір шектеулер әлі сақталынууда. Мысалы, Аргентинада резидент еместер ұлттық компанияларға қарағанда неғұрлым қатаң салық режиміне жатады және олармен пайданы шетелге аудару үдерісі қатаң бақылауда болады. Сонымен қатар, олар сақтандырудың барлық түрлері бойынша ұлттық қайтасақтандыру институтына өз портфелінің 60%-ын беруге тиесілі. Инвестициялық қызметке шектеулер қойылады.

Дамушы нарықтық экономикасы елдерінде сақтандыру нарықтардың дамуы шетелдік компаниялармен ұлттық компанияларды «жолын кесу» үлкен қауіппен байланысты болады. Ұлттық сақтандыру жүйелерін қорғау мақсатында Дүниежүзілік сауда және даму жөніндегі конференциясы кезінде тұрақты сақтандыру комиссиясы бірқатар протекционистік шараларды қамтитын арнайы ұсыныстарды әзірлеген еді. Бастапқы сатыды мұндай талаптардың қажеттілігі тәжірибе жүзінде дәлелденген, мәселен, Польша, Венгрия, Литва елдерінде барлық шектерді алып тастау нәтижесінде ұлттық сақтандыру нарығы жоқ болды.

3-кестеде АҚШ, Канада, Германия, Ұлыбритания, Ресей және Қазақстан секілді елдердегі сақтандыру нарығын мемлекеттік басқарудың ұлттық моделін салыстырмалы түрде талдау нәтижелері келтірілген. Қарастырған мемлекеттік басқару жүйелері әртүрлі модельдерге сәйкес келеді. Кейбір мамандардың пікірі бойынша Канададағы мемлекеттік басқару моделі қызығушылық туғызады, себебі онда орталықтанған және орталықтанбаған жүйелердің белгілері қатар келтірілген.

Бұл модельдерді әлемдегі бірқатар елдер сақтандыру нарығын мемлекеттік басқару үшін қолданып келеді, бірақ олардың әрқайсысы сақтандыруды мемлекеттік басқарудың қайталанбас ұлттық жүйесін жасайды. Сақтандыру нарығын мемлекеттік басқарудың өзіндік жүйесін құру, әрбір мемлекет шеңберінде, макроэкономиканың дамуына және сақтандыруға деген ішкі қажеттілікке сәйкес, сақтандыру қызметін көрсету нарығының тиімді дамуына ықпал етеді.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай әр мемлекеттің сақтандыру компанияларын тіркеу талаптары өзіндік болады. Тіркеу екі кезеңінен тұрады. Бірінші кезеңде сақтандыру компаниясы кәсіпкерлік ұйым ретінде тіркеледі, екінші кезеңде – сақтандыру ұйымы ретінде реттеуші органда тіркеліп, лицензияланады. Басым көпшілік елдерде (АҚШ, Жапония, ЕО елдері және т.б.) лицензиялауға сақтандыру түрі бойынша шектеулер қойылған. Өмірді сақтандыру («life») мен басқа да сақтандыру түрлеріне («non life») лицензиялауға қойылатын талаптар өзіндік болады, сонымен қатар композиттік, яғни аралас қызмет көрсететін компанияларды құруға тыйым салынған.

Дамыған елдерде сақтандырушылар ғасырлар дамып, мамандану дәрежесін арттырып отырады, мемлекеттік лицензиялау талаптары анағұрлым кеш пайда болған. Басым көпшілік елдерде лицензия алу үшін қойылатын талаптар мынадай: құрылтай құжаттары мен мемлекеттік тіркеу; құрылтай жарғысы мен активтері туралы банктен анықтама; сақтандыру операцияларын дамыту жоспары (кейбір елдерде 3 жылдық жоспар қажет); сақтандыру түрлері бойынша ережелері мен талаптары; модельдік сақтандыру келісім-шарты; математикалық және статистикалық негізделген тарифтік мөлшерлемелер жүйесі; сақтандыру қорларын құру мен орналастыру тәртіптері; қайта сақтандыру жоспары (мысалы Ұлыбритания қайта сақтандыру келесім-шарты болуы міндет); компанияның топ-менеджменті туралы ақпарат; жоспарлаған өткізу каналдары мен делдалдар туралы ақпарат [40].

Кесте 3 – Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің ұлттық моделдерін салыстыру арқылы талдау

Елдер	АҚШ	Канада	Ұлыбритания	Германия	Ресей	Қазақстан
1	2	3	4	5	6	7
Мемлекеттік реттеу моделі	Орталықта нбаған либеральдық	Либеральдық, жартылай	Орталықта нған либеральдық	Континентальдық	Континентальдық	Континентальдық
Сақтандыруды қадағалау органы	Арнайы өкілеттігі бар, ұлттық сақтандырушылар Ассоциациясы, Әр штаттың сақтандыруды қадағалау органы	Қаржы институттарын басқару қызметі (Office of the Superintendent of Financial Institutions)	Қаржылық реттеуді қадағалайтын федералдық ведомство (The Financial Services Authority)	Қаржылық реттеуді қадағалайтын федералдық ведомство (The Federal Financial Supervisory Authority)	Сақтандыруды қадағалайтын федералдық ведомство	ҚР ХБ-ні қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын қадағалайтын комитет
Лицензиялау	Міндетті лицензиялау	Міндетті лицензиялау	Міндетті лицензиялау	ЕО-ға кірмейтін мемлекеттерінің ұлттық компаниялары мен шетелдік компанияларын міндетті лицензиялау	Міндетті лицензиялау	Міндетті лицензиялау

4 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Капиталға қойылатын ең аз талап	Әр штатта әртүрлі. Орташа алғанда 2 млн.	Өмірді қауіпсіздеңдіру үшін 15 млн. канада доллары	Теңіз, авиация, көлік сақтандыру 10млн фунт стерлинг. Басқа түрлері үшін 5 млн ф.с.	Еуро Одақ директивасы бойынша реттеледі	Өмірді сақтандыру 60млн руб., басқа сақтан. 30 млн руб. Қайта сақтандыру 120млн руб.	Жалпы сақтандыру 430 млн теңге, өмірді сақтандыру 670 млн тг, жалпы және қайта сақтандыру 690 млн тг, қайта сақтандыру 530 млн тг
Төлем қабілеттігіне қойылатын ең аз талап	-	-	-	Еуро Одақ директивасы бойынша реттеледі	Төлем қабілеттілік нақты маржаның нормативті төлем қабілеттігін е қатынасы 30% дан кем болмауы тиіс	Төлем қабілеттілік нақты маржаның нормативті төлем қабілеттігін е қатынасы 1 ден кем болмауы тиіс
Ескерту – [34-38] әдебиеттер негізінде автор құрастырған						

Сонымен қатар кейбір елдерде (Германия, Ұлыбританияда) лицензия алушы компаниялардан жауапты қызметкерлерінің біліктілік деңгейі туралы ақпарат, нарықта беделі жоғары компаниялар немесе жеке тұлғалардан ұсыныс хат әкелуі талап етіледі.

Лицензиялау кезеңінде бірінші кезекте сақтандыру өнімі реттеледі. Мысалы, АҚШ-та әр компанияға жекеленген сақтандыру шарттары қабылданады. Басқа елдерде барлық сақтандыру компанияларына бірыңғай модельлік шарттар ұсынылады. Мысалы, Германия, Франция және Канадада сақтандыру шарттары орталық деңгейде қабылданады.

Кейбір елдерде міндетті мемлекеттік резервтерге сақтандырушылардың төлемдері, кепілдік қорлар және кепілдік депозиттер сияқты басқару құралдары кеңінен қолданылады. Мысалы, АҚШ-тарында әр штат деңгейінде қолданылады. Германияда керісінше бұндай құралдар қолданылбайды. Әрине бұл механизмның екі жағы бар. Бір жағынан, нарыққа оң әсерін береді. Сақтандыруға тән жабық бөлу қағидасы қолданылып, ірі апат немесе басқа да ірі сақтандыру жағдайларында ғана шығын өтелінеді. Бұл сақтандыру нарығының сенімдігін арттырып, сақтанушылардың құқықтарын қорғауға бағытталады. Екінші жағынан, қауіп жоғары сақтандырушының қарыз

міндеттемелері басқа нәтижелі сақтандырушылардың қалтасынан өтелінеді. Әрине, бұл нарықтық экономика заңдарына қайшы келіп отыр.

Дүниежүзілік сауда ұйымының негізгі қағидаларының бірі капиталдың еркін қозғалысы болып табылады. Сол ретте оңтүстік-шығыс нарығы дәстүрлі консерватизммен сипатталады. Жапонияда шетелдік сақтандыру компаниялары тіркеу және лицензия алу рәсімдерінен өтеді. Сонымен қатар, резидент емес сақтандыру компаниялары бөлімшені ашу үшін 200 млн. көлемінде депозиті болуы тиіс, ал еншілес компаниялары үшін 1 млрд. көлемінде қосымша капитал қажет. Қытай елінде ішкі қаржы нарығында шетелдік қатысушылардың қатысуын шектеуге ұмтылады. Шетел сақтандыру компанияларға қатысты арнайы тіркеу ережелері мен капитал деңгейі бойынша критерийлер қолданылады. Шетел компаниялардың қызмет ету шекарасы Шанхай мен Гуанчжоу қалаларымен шектелген, олар жалпы инвестициялық портфельдің 10%-дан көп емес қытайлық корпоративтік бағалы қағаздарын сатып алуы мүмкін [41].

Қазіргі жағдайда сақтандыру қадағалау органдары сақтандыру компаниялардың қаржылық тұрақтылығына көп көңіл бөледі. Қаржылық талдау жүргізілетін негізгі факторларға қаржылық жағдай, төлемдер мен дебиторлық берешектің деңгейі жатады. Бұл сатыда мемлекеттік басқару кейде сақтандыру компаниялардың банкроттыққа ұшырау жағдайына арнайы сақтандыру резерв қорын ұйымдастыру арқылы іске асыруы мүмкін. Ұлыбританияда сақтандырушының құқықтарын қорғау заңына сәйкес тұтынушыларды қорғау бойынша басқарма құрылған еді, ал оның қолдауымен сақтандыру компаниялармен төленетін таза сыйақылар есебінен қызмет істейтін сақтандырушылар үшін арнайы өтеу сақтандыру қоры құрылған. Қандай да бір сақтандыру компанияның банкроттыққа ұшырау жағдайында міндетті сақтандыру келісім-шарты бойынша өтемақы беріледі. Тіпті 1925 жылы бұндай механизм бойынша жұмыс істейтін Ллойд орталық кепілдік қоры құрылған еді. Өтемақының көлемі синдикаттың сыйымдылығына байланысты. Кейбір жағдайларда синдикаттар өтемақыны алуға мүмкіндігіне ие болады.

Сақтандыру компаниялардың инвестициялық қызметін реттеу маңызды және өзекті болып табылады.

Сақтандыруды қадағалау органдары әдетте рұқсат және тыйым салынатын инвестициялық объектілердің ауқымын белгілейді, орналастырудың максималды және минималды нормаларын бекітеді. Сақтандыру резервтерді орналастыруды басқарудың қосарлы әсері бар: сақтандыру компаниялардың қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуіне әсерін тигізеді және сақтандыру нарығының құрылымы мен сақтандыру компаниялардың капиталын реттеу функциясын атқарады. Кейбір мемлекеттерде сақтандырушылар үшін мемлекеттік қарыз міндеттемелерін сатып алуы міндетті болып табылады. Бұл кезде, резервтерді мемлекеттік бағалы қағаздарға салу арқылы мемлекет оларға сақтандырушылар тарапынан тұрақты сұранысты қамтамасыз етеді және сақтандыру саласын (дамыған елдерде ЖІӨ-нің 8-10% үлесін құрайды) мемлекет үшін тұрақты несиеберушіге айналдырады. Мемлекеттік бағалы

қағаздарға салынған инвестициялар «тәуекелсіз» болып саналатын дамыған елдерде ғана мұндай нормалар қолданылуы мүмкін [42].

Кез-келген нарықтық жүйені қалыптастырудың маңызды шартының бірі сәйкес инфрақұрылымның бар болуы табылады. Осы тұрғыдан қарағанда сақтандыру қызметі сақтандыру делдалдардың тиісті құрылымымен қамтамасыз етілуі қажет. Олардың ұйымдастырылуы мен қызмет ету ережелері мемлекет деңгейінде қарастырылуы тиіс. Еуропалық қауымдастық шеңберінде арнайы директивалар қабылданған еді. Бұл директивалар делдалдардың кәсіби дайындық деңгейі, тәжірибесі мен беделі бойынша стандарттарды бекітеді.

Ал жалпы алғанда делдалдардың негізгі біліктілік талаптары, қызмет ету аясы сәйкес ұлттық заңнамамен орнатылуы тиіс. Ұлыбританияда 1977 жылдың сақтандыру брокерлері туралы Заңмен сақтандыру брокерлердің тіркеу Кеңесі құрылған еді. Бұл Кеңеске бақылау және басқару функциялары берілген еді, олар белсенді брокерлер мен брокер конторалардың реестрін жүргізеді екен.

Қазіргі уақытта мемлекетаралық интеграция, интернационалдандыру, жаһандану үрдістері салдарынан сақтандыру қызметін басқарудың әртүрлі ұлттық модельдер арасында шекаралардың біртіндеп алынып тасталынуы байқалады. Бұл үрдістер негізінен кең халықаралық желісі бар сақтандыру компаниялардың қызметін басқару үшін бірегей әдістерді әзірлеу қажеттілігімен туындаған деп санаймыз. Бұл жағдайда жаһандық экономикалық қарым-қатынастарды кеңейту мен интернационалдандыруды реттеуден максималды табысты транұлттық компаниялар алады. Интернационалдандыруды реттеу қалыптасқан үрдістерді қалыптастыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Кейбір елдердегі тартымды инвестициялық шарттар қаржылық ресурстардың айтарлықтай ағынын әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, экономикалық режимдердің ырықтандыруы бір уақытта осы үрдістердің шарты мен салдары болып табылады. Бір жағынан, ұлттық жүйелерде әкімшілік және экономикалық кедергілердің алып тасталынуы немесе жұмсаруы объективті жағдай, екінші жағынан, тиісінше трансұлттық капиталдың жандануына әкеледі. Интеграциялық үрдістер экономикалық агенттер деңгейінде ғана емес, макроэкономикалық деңгейінде де жүргізіледі. Осы елдердің институционалдық жүйесін бір іздендіру мен жақындасу үрдісі әлі жалғасуда.

Қарастырылған сақтандыру нарығын басқарудың халықаралық тәжірибиесі Қазақстанда қолданылып, еліміздің сақтандыру нарығын дамытуға қолданылуы әбден мүмкін. Талдау нәтижесі шет елдерде сақтандыру нарығын басқаруда мемлекеттің рөлі әлі күнге дейін зор екенін көрсетті.

Көріп отырғанымыздай, әрине шет елдердің сақтандыру нарығының даму деңгейі, олардың сақтандыру компанияларының көрсеткіштері біздің еліміздегі жағдайдан артық. Бірақ, жоғарыда көрсетілген еліміздің сақтандыру нарығының мәліметтерін ескере отырып, мемлекетіміздегі сақтандыру компанияларының жағдайы бірер жылдан соң осындай елдердің компаниялары қатарына қосылады деп үлкен сенімділікпен айтуға болады.

Бірінші тарауда қарастырылған сақтандыру нарығын басқарудың институционалдық аспектілері және сақтандыру нарығын дамыту мен тиімді басқарудың моделін жасаған елдердің тәжірибелерін ескере келіп, Қазақстанда сақтандыру нарығын басқарудың механизмдерін дамытып, жетілдіре түсу керек деген қорытынды жасауға болады. Екінші тарауда, соңғы 20 жылдағы нарықтық қатынастың даму диалектикасы негізінде, Қазақстандағы сақтандыру нарығын басқарудың қазіргі жағдайына талдау жасалады.

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

2.1 Сақтандыру қызметінің құқықтық қалыптасу аспектілері бойынша кезеңдерге топтастыру

Қазақстанда сақтандыру институтының пайда болуының алғашқы кадамдары мемлекетіміздің тәуелсіздік алу кезеңінен басталады. Сақтандыру нарығының қалыптасуы экономикалық өтпелі кезеңге сәйкес келді. Өндірістің төмендеуі, өндіріс орындарының төлем қабілеттігінің кемуі, инфляция және жұмыссыздық тәрізді макроэкономикалық құбылыстар сақтандыру нарығының жағдайына әсер етті. 90-шы жылдардың басында пайда болған сақтандыру компанияларының тәжірибелері және жеткілікті мөлшерде қаражаттары болмағандықтан, көптеген сақтандырушылардың күйреуі кездейсоқ емес еді. Осындай сақтандырушылардың нарықтан кетуі, Қазақстан Республикасы тұрғындарының арасында сақтандыруға деген сенімсіздікті қалыптастырды. Ол кездегі сақтандыру компанияларының табысты жұмыс жасай алмауының себебі олардың тәжірибелері жоқтығына ғана байланысты емес, сонымен қатар, мемлекеттің өзіндегі қаржылық тұрақсыздыққа да байланысты еді. Мемлекеттің дамуы барысында және ондағы қаржылық жүйенің жандануы нәтижесінде қазіргі кезде біздің республикада сақтандыру нарығы іс жүзінде қалыптасты және үдемелі түрде дамып келеді. Сақтандыру компаниялары өздерінің активтерін оңай жолмен іске асыратын қаржылық құрылымдарға орналастыру арқылы қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге тырысады [43].

Қазақстандағы сақтандыру нарығының құрылуы мен орнығуы, бұл саладағы мемлекеттік басқарудың нормативті-құқықтық базасының даму нәтижесімен байланысты болды. Сондықтан біз Г.И. Маянлаеваның Қазақстан Республикасындағы сақтандыру іс-әрекеттерінің дамуының атаған кезеңімен келісеміз:

Бірінші кезең 1991-1995 жылдар. Бұл кезеңде, Қазақстанда сақтандыруды демонополизация жасау нәтижесінде, сақтандыру құқығы қалыптасты және осы кезеңде Қазақстандағы сақтандыру нарығының дамуы туралы қарама-қайшы көзқарастар болды.

Екінші кезең 1995-1998 жылдар. Қазақстандағы сақтандыру нарығының ілгерілемелі даму кезеңі Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 3 қазанындағы «Сақтандыру туралы» Жарлығы шыққан кезден басталады.

Үшінші кезең 1999 жылдан бастап, осы күнге дейін созылады. Бұл кезеңде Қазақстандағы сақтандыру ісін құқылық жағынан басқару және ұлттық сақтандырушыларға орташа қолдау көрсету саясаты нәтижесінде, сақтандыру нарығын одан әрі жетілдірілді [6, с. 54].

Бірақ та он бес жыл ішінде сақтандыру қызметінің дамуында біршама өзгерістер мен толықтырулар болды, бұл әсіресе мемлекет тарапынан басқару тетіктеріне байланысты болған өзгерістер. Сол себептен Маянлаева Г.И. көрсетілген үш кезеңіне тағы 2 кезеңді қосу керектігін дұрыс деп санаймыз.

Біздің пікірімізше сақтандыру қызметіндегі дамудың 3 кезеңін 1999 жылдан бастап 2004 жылға дейін бөліп көрсету қажет. Өйткені осы мерзім аралығында еліміздің сақтандыру қызметінде біршама өзгерістер болған еді. 1998 жылдың 30 маусымда шыққан еліміздің мемлекеттік басқару жүйені одан әрі жетілдіру бойынша шаралардың ішінде сақтандыру қызметіне де көңіл аударылған еді [44]. Мәселен, Қазақстан Республикасында 2000-2002 жылдарға арналған сақтандыруды дамыту мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Президенттің 2000 жылдың 27 қарашасынан №491 Бұйрығы) жүзеге асыру шегінде жаңа заңнамалық база мен ұлттық сақтандыру нарығының инфрақұрылымын құру бойынша айтарлық жұмыс атқарылған еді [45]. Сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылық деңгейінің жоғарлау үрдісі сақталуда, ұйымдар өз активтерін ең өтімді қаржылық құралдарына орналастырады. Сонымен бірге, егер де 2002 жылға дейін қазақстандық сақтандыру нарығының құрамында тек сақтандыру ұйымдары ғана болса, 2002 жылдан бастап, брокерлер, актуарийлер, сақтандыру ұйымдарына аудиторлық тексеру жүргізуге құқық беретін лицензиялары бар аудиторлық ұйымдар, сондай-ақ, резидент еместер қатысуымен құрылған сақтандыру ұйымдары пайда бола бастады. Осы сияқты бақылаушы ұйымдардың болуы, кез келген сақтандырушыға, кез келген сақтандырушы ұйымның іс-әрекетін тексеруге мүмкіндік береді, нәтижесінде сақтандыруға деген сенім тағы да арта түсті.

Сақтандыру нарығының жағдайына тоқталып кетсек, 1999 жылдың ішінде сақтандыру ұйымдардың саны күрт азайды, яғни 70 ұйымнан 2000 жылда 42 сақтандыру ұйымы ғана өз қызметін жүргізді. 2001 жылы 38, ал 2002 жылдың соңында 34 сақтандыру компания нарықта қалды. Сақтандыру нарығының негізгі көрсеткіштері оң өсімді көрсетті, 2000 жылдан 2002 жылға дейін сақтандыру активтері 2,32 есе, меншік капиталы 1,25 есе, сақтандыру резервтері 4,35 есе өсті [46].

Халық арасында сақтандыру қызметіне деген сенімділігін арттыру мақсатында мемлекет тарапынан істелінген тағы бір қадамы – бұл сақтандыру төлемдерін кепілдендіру. Бұл сақтандыру нарығын өзін-өзі реттеудің бір құралы болып табылады. «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беретін Қор» Акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісі Басқармасының 25.07.03 жылғы № 258 қаулысының негізінде 2003 жылдың тамызында, сақтандырушылардың мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында құрылған [47]. Алматы қаласының Әділет Департаментінде 14.08.2003 жылы тіркеуден өткен (куәлік №57331-1910-АО). Бұл Қордың құрылуы мен іс-әрекетінің құқықтық жағын басқару үшін, сонымен бірге сақтандыру ұйымдарының Қор жұмысына қатысу шарттарын және Қордың іс-әрекеттерін бақылау қағидаларын басқару мақсатында 03.06.2003 жылы, №423-II «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беретін Қор туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды [48].

Сақтандыру нарығында «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ы қызмет атқаруда. Бұл ұйымның негізгі мақсаты сақтандыру ұйымы мәжбүрлі түрде таратылған жағдайында тұтынушыларға кепілдік пен өтемақы

төлемдерді төлеу болып табылады. Сақтандыру төлемдеріне кепілдікті беру жүйесі тұтынушылардың сақтандыру нарығына деген негізгі сенім білдіруші элементі ретінде болады. Кепілдік беру резервтерді жинақтау мөлшері ұйымның сақтандыру резервтерінің 7%-ын ғана құрайды, бұл өте төмен. Сақтандыру саласында бақылауды күшейту мен тұрақтылықты қамтамасыз етуі мақсатында кепілдік беру қордың акционерлердің бірі ретінде ҚР-ның Ұлттық банкі кірді.

Қазіргі кезде Қор сақтандырудың төменде келтірілген класстары бойынша сақтандыру төлеміне кепілдік береді: көлік иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне, тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне, туристік оператордың және туристік агенттіктің аннуитетті сақтандыруы бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне (Қазақстан Республикасының «Жұмыскердің міндетті еңбек қызметі кезіндегі төтенше жағдайлардан сақтандыру туралы» заң талаптарына сәйкес, зейнеткерлік аннуитет бойынша (Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңына сәйкес). Кепілдік беру жүйесіне қатысушы сақтандыру компанияларының саны 30-ға тең [49].

Жоғарыда аталған сақтандыру қызметінің дамуындағы өзгерістері мен толықтырулары халық арасында сақтандыру қызметіне деген сенімділігін артуына бағытталу себебінен, біз оларды бір кезеңге біріктіру керектігін жөн деп санаймыз.

Біздің пікірімізше, сақтандыру қызметінің төртінші даму кезеңі 2004 жылдан бастап 2011 жылға дейін жалғасты, себебі осы он жыл аралығында сақтандыру нарығын басқару құралдарына өзгерістер енгізілген еді.

Осы кезеңде сақтандыру қызметін мемлекеттік басқару жағынан болған өзгерістің бірі - бұл басқару ұйымының өзгеруі. 2004 жылға дейін Қазақстан Республикасындағы сақтандыру компанияларының іс-әрекеттерін басқарумен Ұлттық Банк айналысып келді. Ұлттық банк сақтандыру компанияларының қаржысына қатысты, активтерді басқару, сақтандыру нарығында өркениетті нарық құруға бағытталған біршама шаралар қабылдады. Қабылданған маңызды шаралардың бірі – жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерін 100 млн. теңгеге көтеру екенін айту керек. Бұл шараның нәтижесінде сақтандырушылар саны күрт азайды, алайда сақтандырушылардың қысқаруы нәтижесінде сақтандырушы компанияларға деген сенімділік жоғарылады.

Президенттің 2004 жылдың 1 қаңтарындағы №1270 «Мемлекеттік реттеуді одан әрі жетілдіру туралы» Жарлығына сәйкес, банктің, сақтандыру іс-әрекетінің, зейнетақы және инвестициялық қорлардың жұмыстарын қадағалау, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалау Агенттігіне берілді [50]. Агенттіктің құзырына сақтандыру нарығының іс-әрекеттерін бақылау және қадағалау функциялары берілді.

Сонымен қатар сақтандыру нарығын дамуының 2004-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын және 2004 жылдың 24 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды тереңдету туралы

Бағдарламаны қарқынды іске асыру мақсатында, 100 пайыздық мемлекеттік жарғылық қоры бар, «Өмірді сақтандыру Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы» Акционерлік Қоғамы (АҚ) құрылды [51].

2004 жылдың ішінде сонымен қатар резидент еместер қатысуымен 2 сақтандыру компаниясы, 3 сақтандыру брокері, 6 сақтандыру ұйымда аудит жүргізу құқығы бар аудиторлық компания құрылған еді. Нәтижесінде 2005 жылдың 1 қаңтар жағдайында еліміздің сақтандыру нарығында 36 сақтандыру ұйымы, 8 сақтандыру брокері, 26 актуарий және 34 аудиторлық ұйым қызметті жүзеге асырды. Есепті кезеңде сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталы 24359,7 млн.тенге, жиынтық активтері 45927,5 млн.тенге, сақтандыру резервтері 11816,4 млн.тенге көлемінде болды. Айта кететін жәйт, 2004 жылдың ішінде сақтандыру резервтері 2,03 есе, ал активтер 50% шамасында өскен екен. Макроэкономикалық көрсеткіштеріне тоқталатын болсақ, 2004 жылдың ішінде сақтандыру активтердің ЖІӨ-дегі үлесі 0,8%-ға, меншікті капиталдың ЖІӨ-дегі үлесі 0,53%-ға, ал сақтандыру сыйақылардың үлесі 0,72%-ға тең болды. 2004 жылдың қорытындысы бойынша еліміздің ЖІӨ көлемі 5542,0 млрд. тенгеге тең болды. Есепті жыл ішінде сақтандыру саласының үлесі айтарлықтай өскен деп айта аламыз (2003 жылы: активтер 0,47%, меншікті капитал 0,3%, сыйақылар 0,65%). 2004 жылы сақтандыру сыйақыларының жан басына шаққандағы қатынасы 1931 тенгеден 2665 тенгеге дейін өсті [52].

Осы кезеңде сақтандыру қызметті мемлекеттік басқаруды және қадағалауды тиімді жүргізу үшін сақтандыру қызметімен айналысатын барлық субъектілеріне 2006 жылы пруденциалдық нормативтер енгізілген еді. Уәкілетті органның қаржылық ұйымдары үшін олардың қаржылық тұрақтылығы мен қаржылық қызметті көрсетуді тұтынушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етілуі мақсатында белгілейтін экономикалық шектеулерді пруденциялық нормативтер деп атайды. «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылдағы 4 шілдесінің №474 Заңы 5-ші бабы бойынша Қазақстанның заң актілерде көзделген жағдайларда уәкілетті қаржы органы пруденциялық нормативтерді және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен шектерді шоғырландырылған негізде белгілеуіне құқылы [53].

Сонымен мемлекетпен сақтандыру қызметін басқаруға байланысты аталған реформалардың жүзеге асырылуы, оларды сақтандыру секторының бір даму кезеңіне біріктіруге себеп берді. Енді соңғы бесінші кезеңге тоқталып кетейік, бұл кезең 2011 жылдан басталып осы күнге дейін созылып тұр. Бұл кезең сақтандыру нарығын одан әрі жетілдіруін еліміздің «Қазақстан 2050» Стратегиясына сәйкес бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру мақсатының бір құралы ретінде жүргізілуімен ерекшелінеді [1].

Ең алдымен 2011 жылда сақтандыру компаниялардың қызметін басқару мен қадағалаумен айналысатын Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарын қадағалау Агенттігі «Қазақстан Республикасы қаржылық нарықты мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» 2011 жылдың 12 сәуірдің №25

бұйрығының негізінде өз қызметін тоқтатқан еді [54]. Қаржылық нарықты басқару мен қадағалау қызметтері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне берілген еді. Осы мерзімге дейін Ұлттық банк тек қана инфляциялық таргеттеумен, макроэкономикалық тұрақтылық қамтамасыз етумен және ақша-несиелік нарықты басқару мен айналысып тұрғаны белгілі. Ең басында қаржы нарығын басқару үлгісі британдық үлгіге сәйкес құрылған еді. Британдық үлгіде екі басқарушы қарастырылған: орталық банк және қаржылық қадағалау реттеуші, бірақ та осы үлгінің тиімсіздігіне көз жеткізіп, Ұлыбритания ескі үлгіге қайтадан көшкен екен. Елімізде 2008 жылдағы әлемдік қаржылық дағдарыстан кейін екі әлсіз реттеушінің орнына бір күшті реттеушінің бар болуы тиімдірек көзқарасы пайда болған. Нәтижесінде ҚР Ұлттық банктің қарамағында Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалау Комитеті ашылды. Осы Комитеттің негізгі мемлекеттік басқару мақсаты сол қалпында қалған екен, атап өтсек:

- қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және қаржылық жүйеге сенімділігін жоғарлату;

- қаржылық қызметтерін тұтынушылардың қызығушылықтарды қорғауды қамтамасыз ету;

- қаржы нарығында әділетті бәсекені қолдауға бағытталған қаржы ұйымдардың қызметтері үшін тең құқылы жағдайлы қалыптастыру [55].

Әлемдік қаржылық дағдарыстың салдары бізге қаржы нарығын мемлекеттік басқарудың өте жақсы жүйесі жоқтығын көрсетті. Белгілі уақытқа дейін әлемдік қаржы жүйесі тұрақты дамып тұрған, соған байланысты көптеген мемлекеттер дамыған мемлекеттердің қалыптасқан қаржы нарығын басқару механизмін өзіне үлгі ретінде алып, әдетте басқару әдістерін жетілдіру мәселелеріне көңіл бөлмеген. Еліміз рецессияның бірінші фазасын табысты өткеннен кейін, қаржылық дағдарыстан қазақстандық қаржы жүйесінің келешекте тұрақты дамуына байланысты осы екі реттеушіні біріктіруге алғышарт болды деп санаймыз.

Сонын әсерінен сақтандыру нарығының жағдайы қандай болғанына тоқталып кетейік. Жалпы алғанда, сақтандыру нарығының өсіміне инфляция бойынша тұрақтылық, ЖІӨ-нің өсуі мен тұтыну несиелендіру көлемінің артуы үлкен әсерін тигізді. 2011 жылдың ішінде сақтандыру ұйымдарының саны 40-тан 38-ге дейін азайды, 15 жаңа актуарий мен 1 сақтандыру брокері өз қызметін бастады [56]. Сақтандыру төлемдерін кепілдік беру қорының қатысушылар саны 27-ден 33-ке дейін өсті. Есепті жыл ішінде сақтандыру активтері 12,9%-ға, меншікті капитал 10,8%-ға, сақтандыру резервтері 11,3%-ға өсті. Еліміздің сақтандыру компанияларының инвестициялық қоржын құрылымында ең көп үлесті мемлекеттік емес бағалы қағаздары (35%), банктерде орналыстырған салымдары 32,4%-ды, мемлекеттік бағалы қағаздары 17,3%-ды, шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздары 2,5%-ды және басқа қаржылық құралдары 12,3%-ды алады. Сақтандыру ұйымдарымен алынған таза пайдасы 34500,2 млн.тенгені құрады, бұл 2010 жылмен салыстырған 3,3%-ға төмен. Есепті кезеңде сақтандыру нарығының концентрация деңгейінің төмендеуі байқалады,

яғни 5 ірі сақтандыру ұйымға жиынтық сақтандыру сыйақылардың 31,8% үлесі, жиынтық сақтандыру төлемдерінің 22,4% үлесі ғана тиесілі болды. ЖІӨ-дегі сақтандыру активтердің үлесі 1,78%-дан 1,47%-ға дейін төмендеді, бірақ та жан басына шаққандағы сақтандыру сыйақылардың қатынасы 8645,3 тенгеден 10537,4 тенгеге дейін өскен екен. Көріп отырғанымыздай, сақтандыру нарығының қызметін мемлекет тарапынан басқару мен қадағалауды жүргізу органның ауысуы сақтандыру нарығының жағдайына әсерін тигізді.

Біздің пікірімізше, сақтандыру нарығын одан әрі жетілдірудің келесі қадамы – бұл елімізде қаржы секторының дамытудың тұжырымдамасын қабылдау.

ҚР Үкіметі мен банк секторы бірге бірлесіп жұмыс істеудің нәтижесі 2030 жылға дейінгі қаржы секторының дамытудың тұжырымдамасы болып табылады, бұл құжатты әзірлеуге барлық мемлекеттік органдар өз үлесін қосты. Тұжырымдама 2014 жылдың 27 мамырдағы №545 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен қабылданған еді. Бүгінгі таңда бұл сақтандыру нарығының дамуында басты құжаттардың бірі болып табылады. Сақтандыру ұйымдардың сенімділігін жоғарлатуда маңызды рөлді мемлекет атқарады. Сақтандыру қызметін қадағалау жүйесі әртүрлі тәуекелдердің аясын зерттеуге негізделеді, оларға: капитал, активтер, қайтасақтандыру, сақтандыру резервтері, менеджмент, табыстылық, өтімділік пен сақтандыру ұйымның тұрақтылық бағасын анықтау [2].

Сонымен, сақтандыру нарығын дамытудың бесінші кезеңі әлі өз жалғасын табуда, біздің пікірімізше, бұл кезең еліміздің стратегиялық мақсаттарының орындалуымен қатар табысты және орнықты даму жағдайында 2030 жылға дейін созылады. Төменгі 4-кестеде сақтандыру қызметінде жүргізілген реформалаудың кезеңдері автормен топтастырылған.

Кесте 4 - Сақтандыру қызметінің даму кезеңдері

№	Кезең	Ерекшеліктері
1 кезең	1991-1995 жж.	Сақтандыруда демонополизация жүргізіліп, сақтандыру құқығы қалыптасты.
2 кезең	1995-1998 жж.	«Сақтандыру туралы» ҚР Заңы шықты. Сақтандыру ұйымдарының қызметін ҚР Ұлттық Банкі бақылады.
3 кезең	1999-2004 жж.	Сақтандыру нарығында брокер, актуарий, аудиторлық ұйымдар пайда болды. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беретін қор құрылды.
4 кезең	2004-2011 жж.	Сақтандыру нарығын басқару құзыретті ҚР қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалау Агенттігіне берілді. Өмірді сақтандыру мемлекеттік аннуитеттік компания құрылды. Сақтандыру ұйымдарының қызметін басқару мақсатында пруденциалдық нормативтер енгізілді.
5 кезең	2011 ж. - осы күнге дейін	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалау Агенттігі жабылды. Сақтандыру нарығын бақылау функциялары Ұлттық банкке берілді. 2030 жылға дейін қаржы секторын дамытудың тұжырымдамасы қабылданды. БЭЖ мүшесінің болуы.
Ескерту - Автормен құрастырылған		

Жүргізілген талдау нәтижесінде еліміздің тәуелсіздік алғаннан бері сақтандыру ісінің алғашқы қадамынан бастап осы уақытқа дейінгі даму деңгейін жан-жақты қарастырып, ортақ белгілері бойынша бес кезеңге бөлудің дәлелдемелері келтірілді.

Қазіргі таңда сақтандыру қызметі одан әрі даму үстінде, яғни еліміздің стратегиялық мақсаттары мен интеграциялау үдерісінің әсерінен өз алдына жаңа талаптар қоюда. Осы талаптар жоғарыда айтылып кеткен 2030 жылға дейінгі қаржы нарығының даму тұжырымдамасында көрсетілген еді.

Бұл тұжырымдаманы қаржы жүйесінің алдында тұрған сын-қатерлерге мемлекет пен бизнес субъектілермен қайтарылған жауап деп айтуға болады. Оның негізгі міндеті еліміздің қаржы сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және де әлемде болып жатқан дағдарыстың салдарына, сыртқы әсерлерге қарсы тұра алу мен жеңіп білу болып табылады. Анықталған сын-қатерлердің бірі қаржы секторымен, оның ішінде сақтандырумен көрсетілетін қызметтерді интернационалдандыру, яғни БЭК шеңберінде қаржы нарықтарының ашылуына қатысты шетелдік қаржы ұйымдары егер де ең төменгі талаптарға сай келетін болса Қазақстан территориясында кедергісіз қызмет ете алады деген сөз. Оның нәтижесінде шетел қаржылық компаниялармен көрсететін қызметтер көлемінің өсуін күтуге болады, ал бұл қазіргі таңда әлсіз болып тұрған отандық сақтандыру нарығына жағымсыз әсер етуі мүмкін, мәселен, бізде кең дамымаған өмірді сақтандыру мен ірі тәуекелдерді сақтандыру түрлеріне ерекше қатер бар. Сонымен бірге, бұл тәуекел қызметтерді тікелей шетелден көрсету мүмкіндігінен күшейтілуі әбден ықтимал, бұл ұзақ мерзімді сақтандыру құралдары негізінде «ұзын» ақшаның елден әкетілуіне алып келуі мүмкін.

Тұжырымдамада қаржы нарықтардың теңгерімсіздігі де сын-қатер ретінде айқындалған. Әрине еліміздің қаржы үрдісіндегі негізгі әріптес елдердің тең дамымауы, олардың экономикасының әр түрлі күйзелістер әсеріне бейім болуы және күйзелістердің жиілігі еліміз үшін экономикалық цикл мерзімін қысқарту ықтималдығын арттырады, яғни жаһандану үрдістерінің күшеюі жеке елдердің қаржы нарығын ғана емес, әлемдік нарықтарды да тұрақсыздыққа әкеледі.

Мемлекет тарапынан отандық сақтандыру нарығының тұрақтандыруын арттыруға және дамуына қолдау көрсету қажет, бұл туралы 2030 жылға дейінгі Тұжырымдамада былай делінген: «Сақтандыру нарығы экономиканың стратегиялық салаларының бірі бола алады. Оны дамыту ел экономиканың сенімді, әрі тұрақты дамуына, халықтың әлеуметтік қорғауын арттыруға қосымша негіз құруына ықпал ететін болады». Халықтың өмір сүру деңгейдің барлық жақтарын, ел экономикасында сақтандырудың жағдайын ескере отырып, мемлекет сақтандыру нарықтың дамуына жәрдем көрсетуі тиіс. Бұл кезде халықтың арасында сақтандыру мәдениетін арттыруда және де сақтандыру ұйымдарына деген сенімділігінің өсуінде мемлекеттің маңызды рөлі ашылады.

Сақтандыру саласының орнықтылығын жоғарлату міндетін орындау үшін бірнеше бағыттар айқындалған, оның бірі – бұл сақтандыру ұйымдарының

капиталдандыруды жоғарлату, екіншісі – сақтандыру резервтердің жеткіліксіз болу қауіп-қатерін төмендету, үшіншісі – қайта сақтандыру тиімділігін жоғарлату және де соңғысы сақтандыру ұйымдарды тарату мен қайта ұйымдастыру [57].

Қазіргі таңда капиталды жинақтау сақтандыру ұйымдардың тиімсіз түрде қайта сақтандыруға беріліп тұрған сақтандыру қауіп-қатерлердің қомақты үлесін ұстап қалуға мүмкіндік береді. Сақтандыру ұйымдар қызметінің сапасы мен қадағалау бағасын ескеріп, қауіп-қатердің әр түрін жабу үшін капиталды есептеуді болжайтын Solvency II жүйесі кезең бойынша енгізілуі қарастырылған. «Solvency II» Еуропалық Одағы мемлекеттерінің барлығындағы сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарға қатысты, олардың төлемқабілеттігіне қойылатын жаңартылған нормативті талаптар жүйесі. Сонымен бірге, меншік капиталының мөлшеріне қойылатын пруденциалды норматив екі деңгейде болады, яғни қазіргі таңдағы бар ең төменгі талаптар және төлем қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін қойылатын талаптар. Біріншісі орындалмаған жағдайда, мемлекет сақтандыру ұйымынан сақтандыру қызметті іске асыру лицензиясын қайтарып алады, ал екіншісінде ұйымға қаржылық сауықтыру бойынша шаралар мен санкцияларды қолданады. Меншікті капиталға қойылатын талаптар қауіп-қатерлердің әрбір санатын ескеріп, стандартты формула бойынша есептелінетін болады. Қауіп-қатерлерді басқару, ішкі бақылау мен шығындарды бағалау сақтандыру ұйымдардың банкроттыққа ұшырау тәуекелін мүмкіндігінше азайтуға әсерін тигізіп, сақтандыру тәуекелдерін әртараптандырады.

Мемлекет сақтандыру ұйымдардың сенімділігін арттыруда маңызды орын алады, бұл сақтандыру нарығының қатысушыларының қызметін қауіп-қатерге бағдарланған негізінде бақылау мен қадағалауды жүргізуден көрінеді. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан қадағалау сақтандыру қызметінің барлық көрсеткіштері бойынша жүргізіліп тұр.

Сақтандыру ұйымдардың төлем қабілеттілігін арттыру шараларының бірі сақтандыру резервтерінің жеткіліктігі болып табылады. Резервтердің жеткіліксіз болу тәуекелін төмендету үшін сақтандыру үрдістерін автоматтандыруына мемлекеттің қатысуын күшейту қажет.

Елімізде қайта сақтандыру жүйесі, отандық ұйымдардың аз капиталдандыруын ескеріп, сақтандырушыларға құны бар капитал көлемінен асатын тәуекелдерді сақтандыру келісім-шарттарын жасауға мүмкіндік беруі, отандық сақтандыру нарығының дамуына маңызды ықпал тигізеді. Қайта сақтандыру тәуекелін бағалауы қызмет көрсету сапасы мен ұйым төлемқабілеттілігі ескеріліп, жүргізіледі. Сонымен бірге, сақтандыру компанияның қаржылық тұрақтылығы, келісім-шарттар мен өтелетін тәуекелдердің ерекшеліктері, сақтандыру оқиғасынан күтілетін шығындар ықтималдығы ескеріліп, ұстап қалудың ең жоғары мөлшермесін есептеу әдісі айқындалады. Аталған шаралар капиталдандыру мен сақтандыру нарық сыйымдылығының өсуін қамтамасыз етіп, сақтандыру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілік деңгейін жоғарлатады.

Сақтандыру қатынастарын мемлекеттік басқаруда қайта сақтандыру құралын қолдану тиімділігін арттыру бойынша қабылданып тұрған заңдарға қарамастан, сақтандыру брокерлерінің қызметін пайдалану айқын емес бағыты болып табылады, сол себептен сақтандыру нарығын дамыту жағдайында оны айқын және толық түрде басқаруды қамтамасыз ете алатындай құқықтық тетік қажет.

Мемлекет тарапынан сақтандыру ұйымдарынан төлем қабілеттілігі бойынша талаптың күшейтілуі және бәсекелестік деңгейінің жоғарлауына байланысты төлем қабілеттілігі жоқ ұйымдарды ерікті немесе мәжбүрлі түрде тарату мәселесіне заңнамалық жағынан қарауға үлкен талап етіледі. Мәселен, сақтандыру қоржының беруді оңтайландыру, регламенттеу, ұйымның қаржылық тұрақтылығын сақтау, ұйымның қызметін мүмкіндігінше тоқтатуды болдырмау мақсатында заңдық тетіктерін белгілеу сақтандыру нарығының қатысушыларына ұзақ қызмет етуге кепілдік беруге және де сақтандыру саласы үшін имидж қауіп-қатерлерін төмендетуге мүмкіндік туғызады.

Сақтандыру саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндетін іске асыру үшін келесі бағыттардың орындалуы қарастырылған: сақтандыру саласын институционалды дамыту; тұтынушылар мен инвесторлар үшін сақтандыру өнімін дамыту; сақтандыру ұйымдарына инвестициялық мүмкіндіктерді ұлғайту. Осы бағыттарды іске асыруда мемлекеттің жоспарлаған шараларына тоқталып кетейік.

Мемлекетпен капиталдандыруға қойылатын талаптарын арттыру сақтандыру ұйымдарды нығайту мен шоғырландыруға мүмкіндік береді. Капиталдың жеткілікті деңгейі бойынша әлемдік стандарттарға сәйкес келетін ірі сақтандыру ұйымдары қызмет жасайтын болады. Шетел сақтандыру ұйымдарымен ірі тәуекелдерді бағалау мен оларды орналастыру бойынша қызметі белсендіріледі. Сақтандыру ұйымдарын ірілендіру жергілікті қатысушыларға қайта сақтандыру қызметін сапа жағынан жаңа деңгейге өтуге мүмкіндік береді, яғни капиталы жеткілікті деңгейде және қаржы жүйесінің белсенді ойыншысы болған сақтандыру ұйымдары жергілікті сақтандыруды ұлғайтып, отандық сақтандыру нарығының капиталдандыру деңгейін жоғарлатуға және шетел елдерден қайта сақтандыру сыйақыларының әкелуіне әсерін тигізеді.

Сақтандыру өнімдері міндетті және ерікті түрде болатынын белгілі. Міндетті сақтандыру өнімдерді дамыту үшін төтенше жағдайларда жеке тұлғалардан сақтандыру сыйақыларын жинау мен төлеуді іске асыратын мемлекеттік апаттық тәуекел қорын құру негізінде тұлғалардың жылжымайтын мүлікті төтенше жағдайдан міндетті сақтандыруды енгізу туралы мәселе мемлекет деңгейінде қарастырылады. Сондай-ақ, өз кезегінде сақтандыру ұйымдары қосымша сақтандыру өнімдерін жеке тұлғаларға ұсыныла алады. Ерікті сақтандыру өнімдері бойынша тұтынушылардың құқығын қорғау мақсатында келісім-шарт талаптары, тарифтер, бағалау әдістері, залалды басқару төлемдерін іске асыру рәсімдері мемлекетпен стандартталады. Жинақтаушы сақтандыруды дамыту жеке тұлғаларға мемлекеттік әлеуметтік

сақтандыру және қамтамасыз ету жүйенің жеткіліксіз болуын өтеу және еңбекке жарамсыз болғанда немесе қайтыс болғанда қаржылық мүдделерін қорғау мәселелерін шешуге мүмкіндік туғызады. Өмірді сақтандыру саласы жинақтаушы қызметі ретінде банктік салымға балама бола алады. Бұл өнім түрін дамытуды ынталандыруға, яғни басқалай қаржылық қызметтер кезінде (ипотекалық несиелеу, кепілге алу) өмірді сақтандыруды қолдану мүмкіндігін кеңейтуге көңіл бөлу қажет. Сондай-ақ, жинақтаушы сақтандыру өнімдерін де ынталандыру үшін сақтандыру төлемін салық салудан босатуға және сыйақыларына қолданыстағы салық жеңілдіктерін жою негізінде мемлекет тарапынан оларға салық салу әдісі қайта қаралып, бұл жинақтаушы сақтандыруға әкімшілік салықты салуын оңайлатады. Медициналық сақтандыру өнімдері шетел елдерге қарағанда елімізде жеткілікті дамымаған. Сол себеппен медициналық сақтандыруды дамыту үшін міндетті медициналық сақтандыруды енгізу мәселесі мемлекетпен қарастырылып отыр.

Сақтандыру нарығының қатысушыларының қызметін мемлекетпен өткізілген тексерістердің нәтижесінде сақтандыру қатысушылардың алаяқтық іс-әрекеттердің өсу қарқыны, комиссияндық төлемдердің негізсіз мөлшерінің төленуі, заңдық талаптардың бұзылуы, жалған сақтандыру полистерінің берілуі сияқты жағдайлар байқалды. Бұл мәселелерді шешу үшін «сақтандыру ұйымы - сақтандыру агент - сақтанушы» тізбектің іс-қимылын қатаң бақылау қажет, және де мемлекет тарапынан сақтандырудың міндетті және ерікті өнімдеріне қатысты сақтандыру полистерді сатуды электрондық жүйесін енгізу қарастырылған.

Сақтандыру ұйымдардың инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту мақсатында өмірді сақтандыру саладағы ұйымдардың ұзақ мерзімділігін ескеріп, қабылдаған міндеттемелерді толық жабу қабілеттілігін қамтамасыз етуге табысты инвестициялық қызметті жүргізуге мемлекет жағынан жағдай жасап, қолдау көрсету. Бұндай ұйымдар институционалды инвесторлар ретінде қор биржаның белсенді қатысушылары болуы мүмкін, яғни инвестициялық стратегиясы ұзақ мерзімге есептелініп, алынған міндеттемелердің мерзімділігіне қарай инвестициялық қоржынның салыстырмалық дюрациясын қамтамасыз етуіне мүмкіндік беріледі.

Өсу қарқынының жоғары болуына қарамастан, бағдарламада қарастырылған мәселелердің біраз бөлігі шешілмей қалды. Елдегі сақтандыру нарығының экономикадағы, жалпы халықтың өміріндегі алатын рөлі өте төмен, көптеген сақтандыру компанияларының көрсететін қызметтерінің саны шектеулі. Сақтандыру компанияларының әлеуеттері қарқынды дамып келе жатқан экономиканың, қаржы нарығында көрсетілетін қызметтердің қажеттігін өтей алмайтындай, төмен деңгейде қалып отыр. Қайта сақтандыру индустриясы осы кезге дейін негізінен шетелдік нарыққа бағытталған. Сақтандыру нарығының қарқынды дамуына кедергі келтіріп отырған себептердің бастысы, міндетті сақтандыру түрлерінің жеткілікті дәрежеде дамымай қалуында болып отыр.

Халықаралық сарапшылардың атап өтулері бойынша, ТМД мемлекеттері арасында Қазақстан жақсы жақтарымен ерекшеленеді. Қазақстанда сақтандыру нарығын мемлекеттік басқарудың жетілген нормативті базасы жасалған, осыған карамай, сыйақының жиналуы, сақтандыру төлемдерінің көрсеткіштері, ТМД-дағы кейбір көрші мемлекеттердің көсеткіштерімен салыстырғанда әліде аз болып отыр. Сақтандыру нарығының мәселелерін шешуге мемлекеттің араласуы, сақтандырудың және сақтандыру қызметінің беделін арттырып, сақтандырушылардың заңды мүдделерінің қорғалу дәрежесін арттырады. Соңғы жылдары сақтандыру ұйымдарындағы қаржы тәртібі мен есепке алу, сақтандыруда көрсетілетін қызметтердің түрлері және қызмет көрсету сапасы біршама жақсарды. Қазақстандағы сақтандыру нарығының саясаты мен даму стратегиясын Ұлттық банк анықтайды және ТМД мемлекеттерінің сақтандыру ұйымдарымен конструктивті қатынасын сақтай отырып, біртіндеп ЕуроОдақтың сақтандыру нарығының нормалары мен стандарттарына жақындап келеді.

Сонымен, сақтандыру нарығының жағдайы мен сақтандыру компаниялардың көрсеткіштері қаншалықты нормалар мен стандарттарға сай екенін келесі бөлімде талдау жасап арқылы қарастырып өтейік.

2.2 Сақтандыру нарығының қазіргі даму жағдайын талдау

Тәуелсіздік жылдары Қазақстандағы сақтандыру нарығы қатты дамып, еліміздің макроэкономикалық көрсеткіштерінде жоғары орынды иеленді. 2018 жылдың 1 қаңтардағы жағдайы бойынша Қазақстанның сақтандыру нарығында 32 сақтандыру ұйымы қызмет атқаруда, соңғы үш жылда жыл сайын бір сақтандыру ұйымның жабылу тенденциясы қалыптасқанын байқауға болады (5 кесте). 2015 жылы «БТА банк» сақтандыру тобы мен «Казкоммерцбанк» еншілес сақтандыру компанияның бірігуі нәтижесінде сақтандыру нарығында қатысушылар саны қысқартылған еді. Сақтандыру ұйымдардың ішінде 7-уі өмірді сақтандыру саласымен айналысуда, 22-і кепілдік беру қордың қатысушылары болып табылады, бірақ та 2016 жылдың ішінде олардың саны күрт қысқарды.

Кесте 5 - Қазақстан Республикасында сақтандыру нарығының құрылымы

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	Жылдар					Өзгеріс	
	2013	2014	2015	2016	2017	2017/ 2016	2017/ 2013
Сақтандыру ұйымының саны	34	34	33	32	32	0	-2
Оның ішінде өмірді сақтандыру	7	7	7	7	7	0	0
Сақтандыру брокерлердің саны	14	15	15	15	16	+1	+2
Актуарий саны	72	71	61	59	59	0	-13
«Сақтандыру төлемдерін кепілдік беру қоры» АҚ мүше сақтандыру ұйым саны	30	30	30	22	22	0	-8
ҚР резидент емес сақтандыру ұйымдар	3	3	3	3	3	0	0

Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.nationalbank.kz[46]

Сақтандыру брокерлердің саны соңғы үш жылда өзгерген жоқ. Сақтандыру нарығы үшін қауіпті жағдай – бұл актуарийлер санының күрт қысқаруы. Бес жылдың ішінде актуарийлердің саны 72-ден 59-ға дейін азайған еді, тек 2015 жылда олардың саны 10-ға қысқарды [58]. Еліміздің сақтандыру нарығында актуарийлер санының жылдан жылға қысқаруы актуарийлердің тапшылығына әкелуі мүмкін, онда кейбір ұйымдар заңмен қойылған басқару талаптарға сай келмеуі мүмкін, және де актуарийлермен сыйақыларға қатысты талаптардың себепсіз жоғарлауына әкелуі мүмкін.

Әлемдік тәжірибе, сақтандыру нарығының көлемі, экономиканың өсуіне пропорционалды өсетінін көрсетеді [59]. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстанның қазіргі экономикалық жағдайында сақтандыру нарығының дамып, әдеттегі жеке сақтандырулардан бөлек, сақтандырудың жаңа түрлерін меңгеруге мүмкіншілігі бар. Сақтандыру компанияларының санының қысқаруы нарықтың дамуының оң үрдісі деп бағалауға болады, себебі ең әлсіз субъектілер кетіп, нарықтық бәсеке арта түсті.

Ұлттық экономикада сақтандыру секторының алатын орны мен рөлі артып келеді. Сақтандыру нарығында активтердің өсуіне қарамастан, олардың ЖІӨ-дегі үлесі шамасы 2% деңгейінде болып тұр, 2015 жылы 0,41%-ға өскенін, ал 2016 жылы 0,07%-ға, 2017 жылы 0,14%-ға кемігенін 6-шы кестеден көруге болады. 2015 жылы үлестің өсуі өткен девальвацияның нәтижесінде сақтандырушылардың пайда алуына байланысты болған, ал кейінгі жылдарда қалыпты жұмыс істеу жағдайында үлестің төмендеуін көруге болады. 2017 жылы ЖІӨ-дегі сақтандыру сыйақыларының үлесі 0,71%-ды құраған еді, 2016-ға қарағанда үлесі төмендеген. 2016 жылы сақтандыру сыйақыларының халықтың жан басына шаққан көлемі 16331,4 тенгеден 20103,6 тенгеге дейін өскен, ал 2017 жылда халықтың жан басына шаққандағы сыйақы көлемі 20387,3 тенгені құрап, 1,41% өсімін берді.

Кесте 6 - Сақтандыру нарығының макроэкономикалық көрсеткіштері

Сақтандыру нарығының негізгі көрсеткіштері	Жылдар				
	2013	2014	2015	2016	2017
ЖІӨ, млрд.тенге	34291,0	38624,4	41308,0	44354,0	51855,3
Активтердің ЖІӨ қатынасы, %	1,53	1,59	2,00	1,93	1,79
Меншікті капиталдың ЖІӨ қатынасы, %	0,74	0,74	0,98	0,91	0,80
Сақтандыру сыйақыларының ЖІӨ қатынасы, %	0,74	0,69	0,70	0,80	0,71
Сақтандыру сыйақыларының халықтың жан басына шаққанда, тенге	14877,4	15296,8	16331,4	20103,6	20387,3
Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.nationalbank.kz [46]					

Еліміздің сақтандыру нарығында дамыған мемлекеттердің деңгейіне дейін өсу мүмкіндігі бар екенін айтуға болады. Бірақ та өсу қарқынның болмауы, экономиканың басқа салаларына қарағанда сақтандыру нарығы әлсіз дамып тұру салдарынан болып жатыр.

Қазақстанның сақтандыру нарығының 75,4% активтері алғашқы 10 сақтандыру ұйымына тиесілі, бұл үлес 2016 жылға қарағанда 1,07%-ға өсті, осы ұйымдардың сыйақылары жиынтық көлемнің 59,9%-ын алады (7 кесте). Сақтандыру саласы активтері мен меншікті капиталдың өсуі мемлекет тарапынан сақтандыру ұйымдарына кезең-кезеңмен капиталдандыру бойынша берілген талабымен түсіндіруге болады.

Кесте 7 - Сақтандыру секторының концентрациясы, %

Сақтандыру нарығының жиынтық көрсеткіштерден үлесі, %	Жылдар				
	2013	2014	2015	2016	2017
Алғашқы он сақтандыру ұйымдарының активтері	68,9	70,2	75,5	74,2	75,4
Алғашқы он сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталы	72,5	71,5	75,8	76,4	76,6
Алғашқы он сақтандыру ұйымдарының сақтандыру сыйақылары	56,6	54,9	56,0	56,3	59,9
Алғашқы он сақтандыру ұйымдарының сақтандыру жарналары	56,2	53,5	61,1	53,9	57,3
Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.nationalbank.kz [46]					

Еліміздің алғашқы 10 сақтандыру ұйымдарының арасындағы ең бірінші орында «Еуразия» сақтандыру компаниясы тұр, оның активтер көлемі 2018 жылдың 1 қаңтар жағдайына 218631,6 млн.теңгені құраған еді. Жиырма жыл тарихы бар компания барлық қаржылық көрсеткіштер (меншікті капитал, сақтандыру резервтері, табыс, сақтандыру сыйақылары және т.с.с.) бойынша көшбасшысы болып тұр. Еліміздің сақтандыру нарығын дамытуға үлесін қосып, өз қызметінде ұстанатын ашықтық пен үлесімділік қағидаттары басқа отандық компаниялары үшін үлгі болып табылады. Қазіргі таңда «Евразия» СК өз қызметін әлемнің 150 елдерінде іске асырады [60].

2017 жылдың қорытындысы бойынша екінші орында «Виктория» сақтандыру компаниясы тұр, оның активтер көлемі 84461,7 млн.теңгені құраған еді. Виктория компаниясы «Сақтандыру ісі туралы» ҚР Заңын қабылдауымен бірге 1993 жылы құрылған еді. Осы мерзім ішінде компания тұрақты және табысты қызмет атқарып, сақтандыру нарығының көшбасшыларының біріне айналды [61].

2017 жылда өз активтерін 67420,3 млн. теңгеге дейін жеткізіп үздік үштікке «НОМАД-Life» сақтандыру компаниясы кірді.

«Казкоммерц-Life» өмірді сақтандырумен айналысатын компания бесінші орынға түсіп қалды, оның активтері 61734,9 млн. теңгені құрайды. Оның негізгі акционері «Казкоммерцбанк» АҚ болып табылады [62]. Бұл компания адамның өмірі, денсаулығы мен еңбек ету қабілеттілігімен байланысты жағымсыз оқиғалардан сақтандырумен айналысады.

Сонымен бірге 2017 жылдың қорытындысы бойынша сақтандыру нарығының үздік ондығына «Халық-Life» АҚ (64774,8 млн. теңге), «Казакхстрах» сақтандыру компаниясы (51686,3 млн. теңге), «KazakhExport»

Экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ (46140,9 млн. теңге), «Казкоммерц-Полис» сақтандыру компаниясы (37986,4 млн. теңге), «Мемлекеттік аннуитеттік компания» АҚ (33742,2 млн. теңге) және «Қазақмыс» сақтандыру компаниясы (31814,9 млн. теңге) кіреді [58].

2018 жылдың 1 қаңтар жағдайына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдардың активтері 926653 млн. теңгені құрап, 2017 жылдың басынан 8.2%-ға артты (8 кесте). Активтердің құрылымында ең үлкен үлесті 45.8%-ды бағалы қағаздар алады (424819 млн. теңге), бірақ та 2017 жылдың басынан бастап 14%-ға өсуді көрсетті. Қайта сақтандырудың активтері жиынтық активтің 11,9% үлесімен 110384 млн. теңгеге тең, өткен кезеңге қарағанда 2,0% өсімді берді.

Кесте 8 – Қазақстан Республикасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының негізгі қаржылық көрсеткіштері, млн. теңге


Атауы	Жылдар					2017/2016		2017/2013	
	2013	2014	2015	2016	2017	+/-	%	+/-	%
активтер	523342	612645	825683	856466	926653	70187	8,2	403311	77,1
сақтандыру резервтері	240330	298056	376988	412291	460489	48198	11,7	220159	91,6
меншікті капитал	254320	286984	406358	402053	412998	10945	2,7	158678	62,4
жарғылық капитал	112803	128950	157256	207748	224339	16591	8,0	111536	98,9
бөлінбеген табыс	22127	37224	166536	191837	56072	-135765	-70,8	33945	153,4
сақтандыру сыйақылар	279235	266121	288273	356904	396322	39418	11,0	117087	41,9
таза сақтандыру сыйақылары	204053	186220	198389	225324	266585	41261	18,3	62532	30,6
сақтандыру төлемдері бойынша шығындар	61461	70980	82792	82949	88735	5786	7,0	27274	44,4
сақтандыру төлемдері бойынша таза шығын	46176	55851	70673	76081	76232	151	0,2	30056	65,1
Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.nationalbank.kz [46]									

Сақтандыру нарығының активтердің 75% шамасы инвестициялардан тұрады, мәселен, 2018 жылдың 1 қаңтар жағдайы бойынша бағалы қағаздар үлесі 45,8%, коммерциялық банктердегі салымдар – 22,3% және ақша қаражаттары 4,5%-ға тең, бұл сақтандыру секторы активтердің жоғары өтімді екенін көрсетеді.

Есепті кезеңде сақтандыру (қайтасақтандыру) ұйымдардың міндеттемелері 513655 млн. теңгені құрады (2017жылдың 1 қаңтарында 454206 млн. теңге), 2017 жылдың қорытындысы бойынша 13,1%-ға өсті. Міндеттемелердің құрылымында 89,6%-ды сақтандыру резервтері алады, яғни олардың көлемі 460489 млн. теңгеге тең болды, өткен кезеңмен салыстырғанда 11%-ға өсті. Сақтандыру резервтерінің сақтандыру сыйақыларына қарағанда күрт өсуі сақтандыру компанияларымен есепті жылдың тәуекелдерін жоғары қайта бағалағанын дәлелдейді. Бұл салық салынатын табыстың төмендеуіне әсерін тигізеді, өйткені сақтандырушының резервтеріндегі өзгерістер азайтылу тиісті. Біздің ойымызша, сақтандыру компаниялармен девальвация нәтижесінде алынған оң курстық айырмадан түскен табысты ескерсек, бұндай «оңтайландыру» орынды болып табылады.

2017 жылдың ішінде сақтандыру компаниялардың жарғылық капиталы 16,6 млрд. теңгеге өсті, бұл өткен жылдардың табыстары мен есепті жылдың табыстың бір бөлігін капиталдандыру нәтижесінде болды.

Төменгі 2-суретте сақтандыру нарығының 2013-2017 жылдар аралығындағы активтер, меншікті капитал мен сақтандыру резервтерінің динамикасы көрсетілген.



Сурет 2 - Сақтандыру активтері, резервтері мен меншікті капиталдың 2013 – 2017 жылдар арасындағы өзгерісі, млрд теңге

Ескерту – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.nationalbank.kz [46]


Сақтандыру қызметінен түскен табыстың 9,7%-ға ғана өсуі сақтандыру секторының динамикалық өсуін, ал сақтандыру төлемдері бойынша шығындардың 0,2%-ға өсуі кейбір сақтандыру класстары бойынша

айтарлықтай шығындылықтың сәл артуын дәлелдейді. Сақтандыру қызметінен түскен жалпы табысын қарастыратын болсақ, келесіні байқауға болады: 2016 жылдың ішінде оның көлемі 300392 млн. теңгені және 2017 жылы 334486 млн.теңгені құрады, яғни 11,3%-ға өсті, сақтандыру компаниялардың сақтандыру қызметі есепті жылда тұрақтандырып, табысты болған деген сөз. 9-шы кестеге көз салсақ, 2016 жылда инвестициялық қызметтен түскен табыс 2015 жылға қарағанда қалыпты жағдайға келгенін, ал есепті жылда 20,3%-ға өскенін көруге болады. 2015 жылы 213998,4 млн. теңге көлемінде алынған таза пайда девальвация мен сақтандырушылардың валюталық активтер құнын қайта бағалау есебінен алынғаны туралы айтуға болады. 2016 жылы таза пайда 60,8%-ға төмендеген.

Кесте 9 – Сақтандыру ұйымдарының табыстары мен шығындары, млн. теңге

Атауы	Жылдар					2017/2016		2017/2013	
	2013	2014	2015	2016	2017	+/-	%	+/-	%
Сақтандыру қызметтен түскен табыс	193572	191033,3	202623,5	245229	269104	23875	9,7	75532	39,0
Инвестициялық қызметтен түскен табыс	26269,9	41888,9	246956,6	52158	62736	10578	20,3	36466,1	138,8
Басқалай табыстар	802,8	2713,4	2385,2	3005	2645	-360	-12,0	1842,2	229,5
Табыстар барлығы	220644,7	235635,7	451965,2	300392	334486	34094	11,3	113841,3	51,6
Сақтандыру төлемдерін жүргізу бойынша таза шығындар	46261,9	55850,6	70673,1	76081	76232	151	0,2	29970,1	64,8
Сақтандыру қызметі бойынша комиссияндық сыйақыларды төлеу бойынша шығындар	44167,6	36102,8	34501,8	38881	47841	8960	23,0	3673,4	8,3
Жалпы және әкімшілік шығындар	45977,7	48142,5	55097,3	64084	68964	4880	7,6	22986,3	50,0
Басқалай шығындар	44438,4	42142	77694,4	113458	150686	37228	32,8	106247,6	239,1
Шығындар барлығы	180845,5	182237,9	237966,7	217420	267491	50071	23,0	86645,5	47,9
Корпоратив табыс салығын төлеуге дейінгі таза пайда	39799,2	53397,8	213998,6	82972	66995	-15977	-19,3	27195,8	68,3
Корпоратив табыс салығы	10204,8	9819,7	39523,6	14560	9767	-4793	-32,9	-437,8	-4,3
Салық төлегеннен кейінгі таза пайда	29594,4	43578,1	174475	68412	57228	-11184	-16,3	27633,6	93,4
Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.nationalbank.kz [46]									

Нәтижесінде 2017 жылы сақтандыру ұйымдары қызметінен алынған таза пайда өткен жылмен салыстырғанда 16,3%-ға төмендеуін көрсетті. 3-ші суретте көрсетіліп отырғандай 2015 жылдың қорытындысы сақтандыру қызметі тарихында ең жоғары өсім болып табылады.



Сурет 3 - Сақтандыру компаниялардың 2013-2017 жж. таза пайдасы, млн. теңге

Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.nationalbank.kz [46]

2013-2017 жылдар аралығында сақтандыру ұйымдарының табыстары 1,4 есе өсті, бұл инвестиция салудан түскен пайдасының негізінде болған екен, яғни инвестициялық қызметтен түскен табыс есепті кезеңде 26,3 млрд. теңгеден 62,7 млрд. теңгеге дейін өсті. Ал сақтандыру ұйымдарының шығындары бес жыл ішінде 47,9%-ға көбейді. Сақтандыру ұйымдарымен алынған жиынтық таза пайда 29594,4 млн. теңгеден 57228 млн. теңгеге дейін, немесе 1,93 есе өсті.

2017 жылда сақтандыру сыйақыларының көлемі 2016 жылға қарағанда 3,7%-ға өсіп, 370174 млн. теңгені құраған еді (кесте 10). Сақтандыру сыйақыларының негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру алады (46,5% немесе 172159 млн. теңге), ал ерікті жеке сақтандыруға 27,3% және міндетті сақтандыру бойынша 26,1% үлестері тиесілі. Бес жыл аралығын қарастыратын болсақ, сақтандыру сыйақыларының көлемі 46,3%-ға ғана артқан еді, оның ішінде міндетті сақтандыру 82,2%-ға, ерікті жеке сақтандыру 9,9%-ға және ерікті мүліктік сақтандыру 59,6%-ға көбейді. Өмірді сақтандыруға сұраныс артқанын байқауға болады, егер де 2012 жылда 15020,7 млн. теңге көлемінде болса, 2017 жылдың нәтижесінде 25950 млн. теңгеге тең болды, яғни 1,7 есе

өскенін көрсетіп тұр. Сонымен бірге халық арасында мүліктік сақтандыру түріне қызығушылығы арттыруда, бұл тұрмыс деңгейінің өсуін көрсетуде, бұл 2013 жылы 33997,1 млн. теңгеге тең болса, 2017 жылы 81013 млн. теңгеге тең екен, бұдан 2,4 есе артқанын айтуға болады.

Кесте 10 – 2013-2017 жж. сақтандыру ұйымдарының сыйақылар құрылымы мен өзгерісі, млн. теңге

Атауы	Жылдар					Өсу қарқыны	
	2013	2014	2015	2016	2017	2017/ 2016	2017/ 2013
барлығы, оның ішінде:	253072,6	266120,9	288272,6	356904	370174	103,7	146,3
міндетті сақтандыру:	53118,6	66175,7	73096,4	90633	96783	106,8	182,2
Үлесі,%	21,0	24,9	25,4	25,4	26,1		
көлік құралдар иеленушілердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	31035,5	33640,9	38509,9	47519	49468	104,1	159,4
келенсіз жағдайлардан жұмыскерді сақтандыру	18376,7	28549,9	30542,9	38655	42758	110,6	232,7
жолаушыларды сақтандыру	1525,5	1641,5	1748,8	1887	1948	103,2	127,7
басқа түрлері	2180,9	2343,6	2294,7	2573	2587	100,5	118,6
ерікті жеке сақтандыру:	92111,9	81303,8	82971,9	86456	101231	117,1	109,9
Үлесі,%	36,4	30,6	28,8	24,2	27,3		
өмірді сақтандыру	28755,8	24691,8	23841,6	27167	25950	95,5	90,2
аннуитеттік сақтандыру	27820	22295,3	31203,1	28572	33560	117,5	120,6
келенсіз жағдайлардан сақтандыру	17009,6	12129,9	6428,9	6865	32645	475,5	191,9
ауырған жағдайда сақтандыру	18526,6	22186,7	21498,3	23852	9076	38,1	49,0
ерікті мүліктік сақтандыру:	107842,1	118641,4	132204,3	179814	172159	95,7	159,6
Үлесі,%	42,6	44,6	45,9	50,4	46,5		
мүлікті сақтандыру	33997,1	51910	60055,2	74259	81013	109,1	238,3
азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	14003,1	19159,1	24762,2	46591	48337	103,7	345,2
қаржылық залалдардан сақтандыру	31778,9	16498,5	11478,4	18156	4214	23,2	13,3
көлік құралын сақтандыру	11980,9	16756,3	16648,9	17177	17116	99,6	142,9
жүкті сақтандыру	7164	4351,1	5791,6	8687	7155	82,4	99,9
басқа түрлері	8918	9966,5	13468	14945	14325	95,9	160,6
Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.nationalbank.kz [46]							

2017 жыл бойынша ерікті мүліктік сақтандыру түріндегі сыныптарға жеке тоқталып кетейік:

- мүлікті сақтандыру бойынша сыйақы көлемі 81013 млн. теңгеге тең, бұл өткен жылмен салыстырғанда 9,1% артық. Ағымдағы келесім шарттар саны 12,5%-ға төмендеді, оның ішінде заңды тұлғалармен бекітілген келісімшарттар 30%-ға төмендеп 17704 бірлікке, ал жеке тұлғалармен бекітілген келісімшарттар сәйкесінше 12,1%-ға төмендеп, 1015324 бірлікке тең еді. Бірақ та, аса көп болғанымен, жеке тұлғалардың ағымдағы келісімшарттары бойынша сыйақылар үлесі 7,7%-ды ғана құрайды, яғни ерікті мүлікті сақтандыру бойынша сыйақылардың өсімі заңды тұлғалардың тәуекелдерін сақтандырумен қамтамасыз етілетінін нақты айтуға болады. Жеке тұлғалармен сақтандыру көлемінің төмендеуін банктік несиелендіру көлемінің қысқарту үрдісімен түсіндіруге болады.

- азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша сыйақы көлемі 48337 млн. теңгені құрап, 3,7% өсімін берді. Есепті жылда бір сақтандыру келісім-шартқа орташа құнының өсуі байқалды, яғни 809,9 мың теңгеден 1133,8 мың теңгеге дейін. 2017 жыл ішінде ағымдағы келісім шарттар саны 3,3%-ға артты, оның ішінде 72%-ы заңды тұлғаларға тиесілі келісім шарттар болып табылады.

- жүктерді сақтандыру есепті жылда өткен жылға қарағанда төмендеді – 17,6%-ға, бірақ та абсолютті шамасында айтарлықтай көп емес, яғни 1532 млн. теңгені ғана құраған еді. Бұл сыныбы бойынша да келісімшарттар саны 13,1%-ға азайды.

- Қаржылық залалдардан сақтандыру бойынша сыйақылар көлемі 4,3 есе кеміді, 2017 жылы 4214 млн. теңгені құраған еді. Бұл жағдайды несиелендіру көлемінің төмендеуімен түсіндіруге болады. Бірақ та қымбат несиелерге сұраныстың төмендеуінен банктер несиелерге қызмет көрсету бойынша шығындарды оптималдандыруға қызығушылығы жоқ, себебі қадағалаумен қойылатын талаптары жеңілдетілген болатын, тұтыну мақсаттарға арналған несиелер көбінесе қолданыста жүр.

- көлік құралдарын сақтандыру бойынша сыйақы көлемі 2016 жылға қарағанда 0,4%-ға кеміп, 17116 млн. теңгені құраған еді. Қалыптасқан жағдайды автокөлікті несиеге сатып алу сұранысының баяу өсуі мен автокөлік иелерінің ерікті түрде сақтандыруда бас тартуымен түсіндіруге болады. 2017 жыл ішінде бекітілген сақтандыру келісімшарттарының саны 36,2%-ға, ал бекітілген келісімдер бойынша объектілердің саны 23,8%-ға азайды. Нәтижесінде сақтандыру келісімшарттың орташа құны өсті. Жеке тұлғалар арасында көлік құралдарын ерікті сақтандыру түріне сұраныс төмендеуін азаматтардың төлем қабілеттілік деңгейінің кемуімен түсіндіруге болады. Қазіргі таңда бұл сақтандыру сыныбы заңды тұлғалармен бекітілген келісімшарттардың негізінде өз қызметін жалғастыруда.

Ерікті жеке сақтандыру бойынша 101231 млн. теңге көлемінде сақтандыру сыйақылары жиналған еді. Бұл сақтандыру түрі баяу өсім серпінін көрсетіп тұр. Егер де 2016 жылы сыйақылар 4,2%-ға өскен болса, 2017 жылы бұл көрсеткіш

17,1%-ға өскен екен. Сақтандыру сыныптары бойынша аннуитеттік сақтандыру 17,5%-ға артты, ал ауырған жағдайда сақтандыру керісінше 2,6 есе кеміді, келеңсіз жағдайлардан сақтандыру 4,75 есе өсті. Өмірді сақтандыру 4,5%-ға сыйақылар көлемі төмендеді.

Сыйақылардың төмендеу себептеріне төлем қабілетті сұраныстың төмендеуін жатқызуға болады. Сақтандыру ұйымдарының ассистанстар мен мемлекеттік емдеу мекемелермен жұмыс істеу тәртібінің сақталуы, міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің енгізуі ауырған жағдайлардан сақтандыру сыныптың әрі қарай дамуына жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Сақтандыру салалары бойынша қарастыратын болсақ, өмірді сақтандыру саласында 66202 млн. теңге көлемінде сақтандыру сыйақылары жиналған еді, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 18,8%-ға көп (кесте 11). Өмірді сақтандыру саласы серпінді даму үстінде, 2017 жылда ол жиынтық сақтандыру сыйақылар көлемінде 17,9% үлесін алды. Мәселен, 2013 жылы сыйақылардың жалпы көлемдегі үлесі 22,4%-ға дейін өсті, бұл міндетті зейнетақы жинақтардың есебінен жасалынған зейнетақы аннуитеттік шарттары көлемнің өсуімен қамтамасыз етілді. Жалпы сақтандыру саласы бойынша 303969 млн. теңге көлемінде сыйақылар жиналған еді, бұл 82,1% үлесті құрайды.

Кесте 11 – Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйақыларының түсуі, млн. теңге

Түрі	2013		2014		2015		2016		2017		Өсу қарқыны	
	сома	%	сома	%	сома	%	сома	%	сома	%	2017/2016	2017/2013
Барлығы, о.і.:	253072,6	100	266120,9	100	288272,6	100	356904	100	370174	100	103,7	146,3
өмірді сақтандыру	56575,8	22,4	46987,2	17,7	55044,7	19,1	55739	15,6	66205	17,9	118,8	117,0
жалпы сақтандыру	196496,8	77,6	219133,8	82,3	233227,9	80,9	301165	84,4	303969	82,1	100,9	154,7

Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.nationalbank.kz [46]

2017 жылдың ішінде сақтандыру төлемдері 73094 млн. теңгеге жүргізілген еді, бұл 2016 жылға қарағанда 11,9%-ға кем (12 кесте). Ең көп төлемдер ерікті жеке сақтандыру бойынша 43,9%-ды, міндетті сақтандыру бойынша 39,6%-ды және ерікті мүліктік сақтандыру бойынша 16,5%-ды құраған еді. 2016 жылға қарағанда үш топтың үлестері әр түрлі деңгейде тұр.

Кесте 12 – 2013-2017 жж. аралығында сақтандыру төлемдерінің көлемі, млн. теңге

Сыныптар атауы	Жылдар					Өсу қарқыны	
	2013	2014	2015	2016	2017	2017/ 2016	2017/ 2013
Барлығы, оның ішінде	51964	62303	67214,6	82949	73094	88,1	140,7
Міндетті сақтандыру, о.і.:	19988	26556,4	25482,4	27673	28933	104,6	144,8
көлік құралдар иеленушілердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	11261	14864,2	18180,7	22701	23516	103,6	208,8
келенсіз жағдайлардан жұмыскерді сақтандыру	8182	10281,0	6665,9	4570	5251	114,9	64,2
Басқа сыныптар	545	1411,2	635,8	401	167	41,6	30,6
Ерікті жеке сақтандыру, о.і.:	22805	25681,4	30608,1	30216	32110	106,3	140,8
өмірді сақтандыру	545	799,8	1147,1	2278	2045	89,8	375,2
аннуитеттік сақтандыру	8782	8855,3	11151,2	10596	12528	118,2	142,7
келенсіз жағдайлардан сақтандыру	326	470,9	1012,2	823	675	82,0	207,1
ауырған жағдайда сақтандыру	13151	15555,4	17297,6	16519	16862	102,1	128,2
Ерікті мүлдіктік сақтандыру, о.і.:	9172	10065,2	11124,2	25060	12051	48,1	131,4
мүлдікті сақтандыру	3885	2608,7	2779,5	12480	3168	25,4	81,5
азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	783	1412,9	304,8	1108	745	67,2	95,1
көлік құралын сақтандыру	2620	4577,8	5643,7	6709	5554	82,8	212,0
Қаржылық залалдардан сақтандыру	483	174	485,6	399	9	2,3	1,9
басқа түрлері	1401	1291,8	1910,5	4364	2575	59,0	183,8
Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.nationalbank.kz [45]							


Сақтандыру сыныптарының көбісі бойынша төлемдердің өсім динамикасы сақтандыру сыйақыларының өсімінен жоғары болып келеді. Бірақ та жиынтық сақтандыру сыйақылардың ішінде сақтандыру төлемдерінің үлесі өзгерген жоқ және соңғы екі жыл бойы 23% шамасын құрайды. Алайда, төлемнің өсу қарқынын жеделдету жағдайы мазасыздандырады, өйткені кейінге қалдырған міндеттемелерді өтеу қажеттілігі кез келген уақытта туындауы мүмкін, сонда баға конъюнктурасынан залалдарды басқарудың құнының өсуі шығындалу деңгейінің тым өсуіне әкеледі.

2017 жылдың ішінде сақтандыру нарығы қалыпты дамуын көрсетіп жатыр, бірінші жарты жылдықтың қорытындысы бойынша 5 ірі сақтандыру

компанияларға сақтандыру секторының жиынтық активтердің 44,5%-ы және сақтандыру қоржынының 51%-ы келеді.

Сақтандыру қызметтерін қолдану деңгейі бойынша ең дамыған аймақ Алматы қаласы болып келеді, 2017 жылдың жағдайында жиынтық сыйақылардың ішінде 55,8% үлесін алады. Астана қаласына тек 6,5% үлесі тиесілі. 32 сақтандыру компаниялардың ішінде республика бойынша 26-сы аймақтық филиалдарды қамтиды. Swiss Re Group компанияның мәліметтері бойынша 2016 жылы сақтандыру сыйақылардың әлемдік көлемі 4,7 трлн. АҚШ долл. құрады. Оның ішінде Қазақстанның үлесі 0,02%-ды ғана алады. Жоғарыда көрсетілгендей, 2012-2016 жж. ішінде сақтандыру сыйақылардың жиынтық көлемі 1,4 трлн. теңгені құраған еді. 2017 жылдың қорытындысы бойынша сақтандыру қоржынның көлемі 385 млрд. теңгеге жетуі мүмкін.

Сақтандыру сыйақылары бойынша сақтандыру қоржыны банктік секторға қарағанда өндірістік емес секторда емес экономиканың нақты секторында көбінесе жинақталған, себебі қызмет көрсету салаласына қарағанда өндірістік циклдің әртүрлі тәуекелдерге тап болу қауіпі жоғары болады. Нақты сектордың үлесі 2013-2017 жж. аралығында 25%-дан 39%-ға дейін өсті (сурет 4). Бұл өңдеуші өнеркәсіпте сақтандыру қызметтер үлесінің өсуінен болды. Ал тұрғындар арасында сақтандыру қызметтерін қолдану деңгейі есепті кезең ішінде 53%-дан 31%-ға дейін қысқарды, бұл көбінесе халықтың нақты табыстардың төмендеуімен түсіндіріледі.



Сурет 4 – Экономикалық салалары бойынша сақтандыру сыйақылардың динамикасы, %

Ескерту – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.nationalbank.kz [45]

Нақты секторда негізгі сақтанушы ретінде тау-кен өндірісі болып табылады, 2013-2017 жылдарда оның үлесі 12-19% аралығында болды. 2017 жылы шикізат сектордағы өндіріс көлемінің төмендеуі сақтандыру көлеміне ықпал етті, яғни олардың үлесі 12% шамасында болып тұр. Керісінше өңдеуші өнеркәсіп салалардың сыйақылар көлемі есепті кезең аралығында 7%-дан 18%-ға дейін өсті. 2017 жылда өңдеуші өнеркәсіптің жиынтық сақтандыру сыйақылардың ішінде 82%-ы металлургия саласына тиесілі. Өнеркәсіп кәсіпорындары мүліктің бұзылуымен байланысты сақтандыру тәуекелдері, өндірістегі үзілістер салдарынан болған залалдарды өтеу және үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілік тәрізді сақтандыру түрлерін қолданады. Көп жағдайларда, тәуекелдерді сақтандыру жобаны қабылдау немесе субсидияларды алу мақсатында міндетті шарт болуы мүмкін. Әйтседе, 2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының іске асырылуы сақтандыру қызметінің дамуына жағымды әсер етуі туралы күмәнсіз айтуға болады. Егер де 2010-2014 жылдар аралығында өңдеуші өнеркәсіптегі сақтандыру сыйақыларының көлемі 14,6 млрд. теңге шамасында болса, 2017 жылы сыйақылардың көлемі 57,5 млрд. теңгеге дейін өсті.

Экономиканың шикізат емес сектордың мақсатты дамуы сақтандыру қызметінің дамуына қосымша серпін берді. Бұрын қазақстандық сақтандыру нарығы банктік және экономиканың шикізат секторынан күшті тәуелділік байқалатын болса, қазіргі таңда даму тенденциясы өңдеуші өндіріске қарай жылжуын байқауға болады.

Өндірістік емес секторды сақтандыруда келесі қызмет түрлері қолданысқа ие: тұтынушыларға әртүрлі қызметтерді ұсыну (7,5%), көлік және қоймалау (5,4%), көтерме және бөлшек сауда (3,3%), қаржылық қызмет (3%) және басқалай қызметтер.

Қорыта келе, сақтандыру қызметіне жүргізілген талдау негізінде сақтандыру нарығы өсу сатысында тұрғанын айтуға болады. Қазақстан экономикасының қалпына келуіне байланысты қысқа мерзімді келешекте сақтандыру саласының баяу өсу қарқыны туралы айтуға болады. Сақтандыру қоржынына инфляцияның деңгейі, тұрғындардың нақты табысы мен ұлттық валютаның еркін өзгермелі бағамы ықпал жасайды. Сонымен қатар, экономикалық жағдайды жақсартуға байланысты әр түрлі мемлекеттік бағдарламалар аясында қолданылатын іс шаралар сақтандыру қызметінің өсуіне жағымды әсерін тигізеді.

Жалпы сақтандыру нарығының жағдайын сипаттай отырып, отандық сақтандыру нарықтың тұрақты дамуының қаржылық және ұйымдастыру-басқарушылық әлеуетін құру мәселелерді жан-жақты талдауы мен әзірлеуінің қажеттілігі туралы айтуға болады. Мемлекет тарапынан сақтандыру қызметін басқаруды жүргізудің тетіктерін қолдану қаншалықты тиімді қолданылып жатқанын қарастыру маңызды.

2.3 Сақтандыру ұйымдарының қызметін пруденциалдық реттелуін бағалау

Қазақстанда сақтандыру қызметінде сақтандыру ұйымдардың төлем қабілеттілігі мен қаржы тұрақтылығын қадағалау үшін пруденциалды нормативтер 2006 жылы «Сақтандыру қызметі туралы» Заңының 46 бабымен енгізілген еді. Сақтандыру ұйымдарымен келесі пруденциалдық нормативтер мен лимиттер орындалуы тиіс:

- 1) жарғылық капиталдың ең төменгі көлемі;
- 2) кепілдірілген қордың ең төменгі көлемі;
- 3) төлем қабілеттілік маржаның ең төменгі көлемі;
- 4) кепілдірілген қор мен төлем қабілеттілік маржаның жеткіліктілік нормативі;
- 5) жоғары өтімді активтердің жеткіліктілік нормативі;
- б) активтердің әртараптандыру нормативі [63].

Қазақстанда көршілес Ресей Федерациясында сияқты сақтандыру резервтерін жабуға қатысты активтерге және сақтандырушының меншікті қаражаттарын жабу үшін қолданылатын активтерге талаптар қойылмаған.

Пруденциалды нормативтерге қысқаша сипаттама беретін болсақ, алғашқы екі норматив сақтандыру саласынан байланысты заңнама негізінде орнатылады.

Қазіргі таңда жаңа құрылған ұйым үшін жарғы капиталының ең төменгі шегі «жалпы сақтандыру» саласында 1,1 млрд. теңгеге, ал «өмірді сақтандыру» саласында 1,2 млрд. теңгеге тең. Егер де сақтандыру компаниясы қайта сақтандыру бойынша лицензияны алған кезде жарғы капиталының ең төменгі мөлшеріне 100 млн. теңге қосылады. «Ипотекалық сақтандыру» классының «жалпы сақтандыру» бойынша лицензияны алған кезде сақтандыру ұйымның жарғылық капиталдың барынша төмен көлемі 1,6 млрд. теңге болуы тиіс.

Кепілдірілген қордың ең төменгі көлемі «жалпы сақтандыру» саласы – 600,0 млн. теңге, «өмірді сақтандыру» саласы – 1100,0 млн. теңге, ал қайтасақтандыру ұйымдары үшін 780,0 млн. теңгеге тең.

Үшінші көрсеткіш жалпы сақтандырумен айналысатын сақтандырушылардан бөлек алынған сақтандыру сыйақының немесе жүргізілген сақтандыру төлемдерінің пайызы ретінде есептелінеді. Бұл норматив «сыйақы әдіс» пен «төлем жасау әдіс»-ті пайдалану негізінде есептелінеді. «Сыйақы» әдісі бойынша алдындағы қаржы жылы үшін сақтандыру шарттары бойынша қабылданылған жиынтық сақтандыру сыйақылардың сомаларын немесе есеп үшін мүмкіндігінше жоғары шегі алынған осының алдында болған қаржылық жыл үшін еңбек сіңірілген жиынтық сақтандыру сыйақыларын негізге алынады. «Төлем жасау» әдісі алдындағы үш қаржылық жылдарында есептелінген сақтандыру төлемдердің жиынтық сомасы есеп айырысуға қолданылады [64].

Келесі норматив бұл нақты төлем қабілеттілік маржаның ең төменгі шегіне қатынасы, ол 1-ден төмен болуы тиіс. Егер төлем қабілеттілік маржасының барынша төмен мәні кепілдік беру қордан барынша төмен болса, онда төлем

кабілеттілік маржаның барынша төмен мәні барынша төмен кепілдік беру қорының көлеміне тең шекті құрайды.

Жоғары өтімді активтердің жеткілікті деңгейі жоғары өтімді активтердің құны сақтандыру резервтер көлемінен қайтасақтандырушының үлесін азайту қатынасы арқылы анықталады, оның мәні де 1-ден аспауы қажет. Жоғары өтімді активтердің жеткіліктілік нормативтің есеп айырысу мәнге қатыссыз болған жоғары өтімді активтердің жеткіліктілік нормативі егер өкілетті органмен келесі фактілер анықталған жағдайда орындалмаған болып есептелінеді:

- заңды күшке енген белгіленген соттың шешімі бойынша сақтандыру төлемдерді Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы және сақтандыру ережесімен көрсетілген мерзімде не сот шешімінде берілген мерзімде уақытында жүзеге асырылмау;

- сақтандыру төлемдерді жүзеге асырудан негізсіз бас тартуда және сақтандыру төлемнің мөлшерін себепсіз кеміту жөнінде заңды күшке енген сот шешімі.

Уәкілетті ұйым «Standard & Poor's» агенттіктің рейтинг бағаларынан өзге «Moody's Investors Service», «A.M. Best» және «Fitch» агенттіктердің, сондай-ақ олардың еншілес рейтингтік компаниялардың рейтингтік бағаларын да мойындайды.

Сақтандыру ұйымның келесі активтері жоғары өтімді активтер болып танылады:

1) қайта сақтандыру активтерді азайтқанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның активтер сомасының бір пайыздан аспайтын сомада болатын кассадағы қолма-қол ақшасы;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктегі салымдары;

3) рейтингтік агенттіктердің талаптарына сәйкес екінші деңгейлі банктеріндегі салымдары;

4) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздары;

5) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен шығарылған, қызметін республикамыздың аумағында іске асыратын қор биржаның ресми тізіміне енгізілген қарыздық бағалы қағаздары;

6) «Самрұқ-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ы мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ы шығарған борыштық бағалы қағаздары;

7) қызметін еліміздің аумағында іске асыратын қор биржасының ресми тізімге кіретін заңды тұлғалардың мемлекеттік емес бағалы қағаздары;

8) шетел елдердің орталық үкіметтерімен шығарылған, Standard & Poor's агенттіктің «BBB-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтинг бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар мемлекеттік мәртебеге ие бағалы қағаздары;

9) шетел органдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздары;

10) Лондондық қымбат металдар нарықтың қауымдастығы қабылдаған халықаралық сапа стандарттарға сай келетін және осы ұйымның құжаттарында «Лондондық сапалы жеткізілім» стандарты түрінде белгіленген тазартылған қымбат металдары мен металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poor's агенттігінің «А»-дан төмен емес халықаралық рейтинг бағасына немесе басқа рейтинг агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингке ие мемлекетіміздің резидент емес банктердегі металл депозиттері.

Сақтандыру компания өз активтерді келесі халықаралық қаржы ұйымдардың айналысына шығарған, «Standard & Poors» агенттігінің «BBB-»-тен төмен емес халықаралық рейтинг бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған сәйкес деңгейдегі рейтингі бар бағалы қағаздарына орналастыра алады:

- 1) Азиялық даму банкінің;
- 2) Америкааралық даму банкінің;
- 3) Африкалық даму банкінің;
- 4) Еуразиялық даму банкінің;
- 5) Еуропалық инвестициялық банкінің;
- 6) Еуропалық қайта құру және даму банкінің;
- 7) Ислам даму банкінің;
- 8) Халықаралық есеп айырысу банкінің;
- 9) Халықаралық қайта құру және даму банкінің;
- 10) Халықаралық қаржылық корпорациясының.

Ал ең соңғы нормативтің мәні келесі көрсеткіштің нәтижелері негізінде анықталады:

1) бағалы қағаздарына жиынтық орналастыру (кері РЕПО операцияларды қоса алғанда), екінші деңгейдегі бір банкінде және осы банктің аффилиирленген тұлғалардағы салымдар мен ақшалары - қайта сақтандыру активтерді шегергендегі сақтандыру компаниялар активтерінің он пайыздан аспайды;

2) бағалы қағаздарға жиынтық орналастыруы (кері РЕПО операцияларды қосқанда), екінші деңгейдегі банкке қатысты емес бір заңды тұлғадағы және берілген заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғалардағы ақшасы - қайта сақтандыру активтерін азайтқанда сақтандыру ұйымдары активтердің 10 пайызынан аспайды;

3) сақтандыру компаниялары активтердің қатысуымен 30 күннен аспайтын уақытқа жасалынуы мүмкін және тек автоматты тәсіл арқылы ғана жасалынатын "кері РЕПО" мәмілелері - қайта сақтандыру активтерді шегергендегі сақтандыру ұйымдары активтердің 30 пайыздан аспайды;

4) тазартылған құнды металдары мен металды депозиттері - 12 айдан аспайтын уақытта қайта сақтандыру активтерді азайтқанда сақтандыру ұйымдары активтерінің 10 пайыздан аспайды;

5) "өмірді сақтандыру" саласында қызметті іске асыратын сақтандыру ұйымның сақтанушыларына беретін несиелердің жиынтық

көлемі қайта сақтандыру активтерді шегергендегі сақтандыру ұйымдары активтердің он пайыздан аспауы тиіс;

б) бір инвестициялық қорының пайларына инвестициялардың жиынтық көлемі – қайта сақтандыру активтерді азайтқанда сақтандыру компанияларының активтердің он пайызынан астам емес;

7) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен шығарған қарыздық бағалы қағаздарын жиынтық орналастыруы - қайта сақтандыру активтерді шегергенде сақтандыру ұйымдары активтердің 10 пайызынан аспайды.

Қосымша пруденциалдық нормативтері: көзделмеген тәуекелдер резерві және тұрақтандыру резерві. Көзделмеген тәуекелдер резерві (КТР)– сақтандыру төлемдерді және сақтандыру шығындарды басқару бойынша шығыстарды жабуға еңбек сіңірілмеген сыйақы резерві (ЕСР) жеткіліксіз болған жағдайда ықтимал келешектегі тәуекелдер бойынша қалыптастырылатын резерві. Бұл кезде ЕСР №76 қаулыға сәйкесінше есептеледі [65].

Көзделмеген тәуекелдер резерві бір мезгілде келесі талаптар сақталынған жағдайда ай сайын есептелінеді:

- таза сақтандыру төлемдердің, сақтандыру шығындарды басқару бойынша шығыстарының және қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген шығындар резервтің өзгеруі соманың қол қойылған сақтандыру сыйақыларының және қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген КТР өзгерудің айырмасына қатынасы сақтандыру классы бойынша 105%-дан артық болғанда;

- жеке сақтандыру классы бойынша қолданыста бар сақтандыру шарттары бойынша таза сақтандыру сыйақыларының көлемі есепті кезеңінде қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша таза сақтандыру сыйақылардың жалпы көлемінің 10%-нан асатын болғанда.

Тұрақтандыру резерві сақтандыру компанияның болашақ сақтандыру төлемдерді жүзеге асыруға байланысты міндеттемелерді бағалау болып табылады. Қайта сақтандырушының үлесін ескерілмеген сақтандыру компанияның шығындылығын сипаттайтын орташа квадраттық ауытқу коэффициенті шығындылықты сипаттайтын коэффициенттің орташа мәнінің 10%-нан артық болғанда, сақтандыру классы бойынша тұрақтандыру резервін қалыптастырады. Берілген коэффициент Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын басқару және қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның шығындылықты сипаттайтын коэффициенттерін есептеу ережесін бекіту туралы» 2006 жылдың 25 наурыздағы № 83 қаулысына сай айқындалады [66].

Тұрақтандыру резервтің есебіне алдыңғы үш қаржы жылына есептелінген, шығындылықты сипаттайтын коэффициенттер мәндері алынады. Тұрақтандыру резерві аяқталған қаржылық жылдың нәтижелері бойынша әрбір сақтандыру классы бойынша жеке есептелінеді. Жазатайым оқиғалардан сақтандыру, өмірді сақтандыру, ауырған жағдайда сақтандыру, аннуитеттік сақтандыру класстары бойынша тұрақтандыру резервінің мәні 0-ге тең болады. Тұрақтандыру резервтің жалпы шамасы сақтандырудың барлық класстары

бойынша тұрақтандыру резервтің мәндерін қосу арқылы анықталады. Ағымдағы қаржы жылдың басында қалыптасқан тұрақтандыру резерві ағымдағы қаржы жылы аяқталғанға дейін өзгерілмейді [67].

Сақтандыру саласындағы ұйымдар пруденциалды нормативтерді 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап әр жұмыс күні есептеп отырады. Барлық есептер Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіге тапсырылады.

2011-2017 жылдар аралығында сақтандыру нарығындағы ұйымдармен пруденциалдық нормативтерді орындау бойынша мәліметтерді төменгі 13-ші кестеден көруге болады. Кестеде көрсетілген сақтандыру ұйымдарымен пруденциалдық нормативтерді орындамау себептерін қарастыратын болсақ, осы ұйымдар активтерді диверсификациялау нормативі мен төлем қабілеттілік маржа нормативі бойынша өтпейді, мәселен, 2015 жылдың қорытындысы бойынша «Сентрас Иншуранс» СҰ-ның II-ші деңгейлі банктегі бағалы қағаздарға инвестициялары және салымдар мен ақшалар үлесі 10,64%-ға тең болды, ал пруденциалдық нормалар бойынша олардың үлесі 10%-дан аспауы тиіс, «Мемлекеттік аннуитеттік компания» СҰ-нында бір заңды тұлғадағы құнды қағаздарға инвестициялар және салымдар мен қаражат үлесі 10,29%-ға тең, бұл берілген норматив шегінен асады, яғни 10%-дан төмен болуы қажет. «Kompetenz» СҰ-ы бойынша төлем қабілеттілік маржа нормативі 0,94-ке тең, ал пруденциалдық норма бойынша 1-ден асуы тиіс [68]. 2016 жылдың нәтижесінде де пруденциалдық нормативтерді орындамаған ұйымдардың қатарында «Kompetenz» СҰ және оған «Альянс Полис» СҰ қосылған екен. Сонда «Kompetenz» СҰ төлемқабілеттілік маржа нормативі бойынша төмен көрсеткішті көрсетті, яғни 0,97-ге тең, ал «Альянс Полис» СҰ-ның берілген көрсеткіші 0,76-ге тең, оған қоса активтердің диверсификациялау көрсеткіші бойынша да шеткі мәнінен аса түсті, яғни 15,48-ге тең болды.

Кесте 13 – 2011-2017 жж. сақтандыру ұйымдарымен пруденциалдық нормативтерді орындау нәтижелері

Жыл	Сақтандыру нарығында ұйымдар саны	Оның ішінде		Сақтандыру ұйымдарының атауы
		Пруденциалдық нормативтерді орындайды	Пруденциалдық нормативтерді орындамайды	
2011	38	36	2	Эко-Полис, Алатау
2012	35	35	0	-
2013	34	31	3	Алатау, Сентрас Иншуранс, Кемеск Өмір
2014	34	30	4	Kompetenz, Транс Ойл, Сентрас Иншуранс, Казкоммерц Life
2015	33	30	3	Kompetenz, МАК, Сентрас Иншуранс
2016	32	30	2	Kompetenz, Альянс Полис
2017	32	30	2	Sinoasia B&R, Альянс Полис

Ескерту – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.nationalbank.kz [46]

2017 жылы екі сақтандыру компаниясы «Sinoasia B&R» активтердің әртараптандыру нормативтері, ал «Альянс-Полис» төлем қабілеттілік маржасы бойынша пруденциалдық нормаларды орындаған жоқ. «Альянс Полис» компаниясы соңғы 2 жыл бойы қызметтің теріс нәтижесін көрсетіп тұр. «Kompetenz» СҰ 2017 жыл ішіндегі қызметінің көрсеткіштерін қарайтын болсақ, «Kompetenz» СҰ төлемқабілеттілік маржасы нормативін 1,0-ге дейін көтеріп, пруденциалдық нормативтерін табысты орындады.

2011-2017 жж. ішінде сақтандыру ұйымдарымен орындамаған пруденциалдық нормативтер туралы терең мәлімет 14-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 14– 2011-2017 жж. сақтандыру ұйымдарымен орындамаған нормативтер

Жылдар	Төлемқабілеттілік маржа нормативі $H_{TM} > 1$	Активтерді диверсификациялау нормативі		Жоғары өтімді активтер жеткіліктілік нормативі
		ДН1 < 10%	ДН2 < 10%	
2011	«Эко Полис» СҰ $H_{TM} = 0,62$ «Алатау» СҰ $H_{TM} = 0,84$	-	-	-
2012	-	-	-	-
2013	«Сентрас Иншуранс» СҰ $H_{TM} = 0,56$ «Алатау» СҰ $H_{TM} = 0,13$ «Көмеск Өмір» СҰ $H_{TM} = -0,73$	«Сентрас Иншуранс» СҰ ДН1 = 10,13%	-	-
2014	«Kompetenz» СҰ $H_{TM} = 0,94$	«Сентрас Иншуранс» СҰ ДН1 = 10,37%	-	«Транс Ойл» СҰ, «Казкоммерц Life» СҰ
2015	«Kompetenz» СҰ $H_{TM} = 0,94$	«Сентрас Иншуранс» СҰ ДН1 = 10,64%	«МАК» СҰ ДН2 = 10,29%	-
2016	«Kompetenz» СҰ $H_{TM} = 0,97$ «Альянс Полис» СҰ $H_{TM} = 0,76$	«Альянс Полис» СҰ ДН1 = 15,48%		
2017	«Альянс Полис» СҰ $H_{TM} = 0,78$		«Sinoasia B&R» ДН2 = 14,92%	

Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған // www.nationalbank.kz[46]

Жоғарыдағы көрсетілген кестеден пруденциалдық нормативтерін орындамаған «Эко-Полис» сақтандыру ұйымынан 2012 жылдың 27 наурызында сақтандыру қызметін жүргізу бойынша лицензия алынды, ал 2013 жылдың 20 ақпан күні ұйымның мәжбүрлі түрде жабылуы туралы шешім қабылданған еді.

Пруденциалдық басқару шегінде мемлекет тарапынан келесі талаптарды орнатуды сақтандыру қызметтің одан әрі сенімді болуына мүмкіндік туғызар еді:

- Сақтандырушыда тәуекелдерді басқару жүйесінің бар болуы, стратегиялық үрдістерді және пайда болатын немесе мүмкін болатын тәуекелді үздіксіз айқындау, бағалау, мониторинг жүргізу, басқару мен ақпарат алу үшін қажет есеп беру тәртібін реттейтін ішкі құжаттардың, сонымен бірге берілген сұрақтар бойынша жауапты бөлімдерінің бар болуы;

- Сақтандырушының мөлдірлігі бойынша талаптарды орындау, яғни пруденциалдық нормативтерді орындау бойынша ақпаратты, сондай-ақ қаржылық есептердің барлық нысандарымен қадағалау үшін берілетін есептемелерді ресми сайта ай сайын жариялау.

Қазақстанда жұмыс істеп тұрған сақтандыру ұйымдарының көптігі және жалпы көрсеткіштердің өсуіне қарамастан, сақтандыру қызметі еліміздің экономикасында және халықтың өмірінде әлі маңызды орынға ие болмаған, сақтандыру компаниялары мемлекетпен орнатылған нормативтерін орындауда қиындықтарға тап болатыны анық. Бұл зерттеуде жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешуде негізгі әсер ететін факторлардың көрсеткіштеріне сүйіне отырып, модель құру арқылы шешілу жолдарын қарастыру көрсетілген.

2.4 Сақтандыру қызметіне әсер етуші факторлардың байланысын математикалық модельдеу

Мемлекеттік басқару тарапынан сақтандыру нарығын дамыту жөніндегі іс-қимылдары сақтандыру ұйымдарының өздерінің тұрақтылығын орнатуға, сонын ішінде төлем қабілеттілігі бойынша талаптарын күшейту арқылы және де оның нәтижесінде ұйымдар капиталының мөлшерін арттыруға әсер етті, бірақ та, елдің экономикасын дамытуда сақтандыру саласының маңыздылығын арттыруға, тұтынушыларға қызметтердің толық түрде көрсетуге септігін тигізген жоқ. Көп жағдайларда, бұл қызметтер бойынша тұтынушылардың төмен сақтандыру мәдениеті мен сауаттылығына, сақтандыру нарығына қатысушылардың өздерін бәсеке қабілеттігін қамтамасыз ету дайындығына байланысты болып тұр.

Елімізде сақтандыру ұйымдарымен 9 міндетті сақтандыру түрі іске асырылады және осы түрлері бойынша сақтандыруды жүргізу шарттарын және тәртібін реттейтін заңдар қабылданған [69]. Заңнамада міндетті сақтандыру белгілері бар сақтандыру ісін жүргізу нормалары көрсетілген.

Сақтандыру нарығының дәстүрлі түрі міндетті сақтандыру болып табылады, ал ерікті сақтандыру негізінен коммерциялық банктердің кросс-сату жүйесі мен міндетті сақтандыру бойынша агенттік желі есебінен дамып тұрады. Мәселен, банктер қарыз алушына жазатайым оқиғалардан сақтандыру мен кепілге алынатын объектіні сақтандыру несие алу кезіндегі дәстүрлі қызметтер болып табылады. Бұл сақтандыру түрлері шын мәнінде несие тәуекелін төмендету құралы емес, ең бастысы банктік конгломераты үшін қосымша табыс көзі болып табылады. Көлік құралдары мен мүлікті ерікті сақтандыру автокөлік

иелерінің жауапкершілігін сақтандыру полистерді кросс-сату негізінде ғана дамып тұр [70]. Ерікті сақтандырудың басқа түрлеріне қатысты ерікті сақтандыру бойынша ұсынылатын қызметтер санының шектеулігін, көрсетілген қызметтердің салыстырмалы жоғарғы құнын немесе кейбір түрлердің сұраныссыз қалуын, нарықта кейбір сақтандыру ұйымдардың жеткіліксіз белсенділігін және де сақтанушылардың сақтандыру өнімдеріне төмен қызығушылығын атауға болады.

Елімізде көптеген сақтандыру компаниялары банк конгломератына кіретіні белгілі. Сақтандыру қызметтерінің табысты дамуы банкпен ұсынылатын өнімдердің табысты дамуына тікелей байланысты. Осы байланысты төменгі 5-ші суреттен көруге болады. Талдауға сұранысқа көп ие несие түрлері алынған, яғни тұтыну мен ипотекалық несиелендіру. Бәрімізге белгілі елімізде ең бірінші ипотекалық несиелендіруді 2001 жылы жүргізді, өз дамуын осы жылдан бастайды. 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үйге байланысты мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуы ипотекалық несиелерді беру көлемінің күрт артуына септігі тигізді [71]. Сонымен бірге, 5-ші суреттен көріп отырғанымыздай, сақтандыру сыйақылар көлемі де өсім көрсетуде. Ипотекалық несиелендірумен қатар халыққа тұтыну мақсаттарына берілетін несие түрі бойынша да өсу динамикасын байқауға болады. 2008-2009 жылы әлемдік қаржылық дағдарыс кезінде несие беру көлемі күрт төмендеп, 2010 жылдан бастап өсім көрсетті [72]. Бұл жәйт сақтандыру қызметіне өз әсерін тигізіп, сол уақытта сақтандыру сыйақыларының көлемі 147,3 млрд. теңгеден 113,3 млрд. теңгеге дейін азайған еді.



Сурет 5 - 2003-2015 жж. аралығында сақтандыру сыйақылары мен банктік несиелендіру түрлерінің динамикасы

Ескерту - [46] негізінде автормен құрастырылған

Біздің пікіріміз бойынша, сақтандыру қызметінің дамуына автокөлік құралдарының саны мен жол апаттардың саны да әсерін тигізеді. 2003-2015 жылдың ішінде елімізде автокөліктердің саны 3,35 есе өсті, төменгі 6-шы суреттен көріп отырғанымыздай, автокөліктердің саны бірқалыпты өсуде.

Ал жолда автокөлік апаттарының саны құбылмалы, ең жоғары көрсеткіші 2013 жылға келеді, ал ең төменгі көрсеткіш 2011 жылда тіркелген екен, 23359 бен 11955-ке сәйкесінше тең. Осы көрсеткіштердің әсерінен сақтандырудың автокөлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру мен автокөлікті сақтандыру түрлері даму үстінде.



Сурет 6 - 2003-2015 жж. аралығында сақтандыру сыйақылары мен жеңіл автокөлік пен жол апаттар санының динамикасы

Ескерту - [46,73] негізінде автормен құрастырылған

Жоғарыда аталған көрсеткіштермен қоса сақтандыру сыйақыларының көлеміне әсер ететін факторлардың арасындағы байланысты корреляциялық-регрессиялық талдау негізінде анықтайық. Ол үшін сақтандыру сыйақының келесі факторлардан тәуелділік дәрежесі қарастырылған еді:

- X1 – валюта бағамы, USD/KZT;
- X2 – тұтуны несиесі, млрд. тенге;
- X3 – ипотекалық несилендіру, млрд. тенге;
- X4 – жеңіл автокөлік саны, млн. бірлік;
- X5 – жол көлік апаттарының саны, мың бірлік;
- X6 – жұмыспен қамтылғандардың саны, млн. адам;
- X7 – орташа еңбекақысы, мың тенге.

Талдау барысында нәтижелі фактор (Y) ретінде сақтандыру сыйақысының көлемі алынған. Себебі сақтандыру саласының даму жағдайын сипаттайтын көрсеткіш сақтандыру сыйақыларының ЖІӨ-дегі үлесі болып табылатыны, және де сақтандыру ұйымдарымен алынатын пайданың негізгі құраушысы ретінде алынады. Қарастырылатын кезең: 2003-2015 жж.

Көрсетілген факторлардың арасында тәуелділікті анықтау үшін 2003-2015 жылдар аралығында факторлардың статистикалық мәліметтері негізінде корреляциялық талдау жүргізу міндетті. Корреляциялық талдаудың нәтижесі төменгі кестеде көрсетілген (кесте 15).

Кесте 15 - Корреляциялық матрица

	У	X1	X2	X3	X4	X5	X6	X7
У	1							
X1	0,62	1						
X2	0,71	0,69	1					
X3	0,34	0,11	0,57	1				
X4	0,94	0,60	0,51	0,09	1			
X5	0,57	0,44	0,78	0,54	0,34	1		
X6	0,96	0,72	0,62	0,14	0,97	0,44	1	
X7	0,97	0,71	0,64	0,15	0,98	0,47	0,996	1
Ескерту - Талдау нәтижесінде автормен жасалынған								

Кесте бойынша У нәтижелі факторға тығыз әсер еткен факторлар: жеңіл автокөліктердің саны (X4), жұмыспен қамтылғандардың саны (X6) және орташа еңбекақы көлемі (X7). Әрине азаматпен алынған табыс көлемінің өсуі, яғни тұрмыс деңгейінің жоғарлауы сақтандыру қызметімен ұсынылатын түрлерін қолдану мүмкіндігін арттады. Әл-ауқаттың жоғарлауынан адамдар өз өмірін, денсаулығын, бар мүлігін сақтандыруға және т.б. тырысады, ал бұл сақтандыру сыйақыларының өсуіне оң әсерін тигізеді. Оны біз осы екі факторлардың арасындағы $r=0.97$ корреляциялық коэффициенті арқылы дәл айта аламыз. Сақтандыру саласымен ұсынылатын өнімдерді тұтынатын тұлғалардың арасында көбінесе жұмыспен қамтылған адамдар, яғни тұрақты табыс көзі бар тұлғалар, әрине осы фактордың өсуі немесе төмендеуі сақтандыру сыйақылар көлемінің өзгеруіне тура әсерін тигізуі мүмкін. Бұған дәлел, осы факторлардың арасындағы корреляциялық коэффициенті болады: $r=0,96$. Жеңіл автокөліктер санының өзгерісі сақтандыру сыйақыларының көлеміне әсерін тигізетіні туралы жоғарыда айтылып кеткен, енді осы тұжырымның дәлдігін корреляциялық талдау нәтижесінде айта аламыз, себебі корреляциялық коэффициенті 0,94-ке тең болып шықты.

Рахметова Р.Ө. айтуы бойынша корреляциялық коэффициентінің маңыздылығының диапазоны талдауда қарастырылатын байқаулар санына байланысты болады [74]. Сол себептен, біздің жүргізіліп тұрған талдаудың маңыздылық диапазоны 0,57 мәнінен басталады, өйткені 13 жылдың мәліметтері қарастырылып тұр. Сонда X1, X2 және X5 факторлардың У нәтижелі факторы арасында корреляциялық байланыс бар деп айта аламыз, бірақ олардың әсерлері орташа. Ал X3 фактордың У нәтижелі факторға әсері өте әлсіз болып шықты ($r=0.34$), яғни қарастырылып отырған кезеңде банктермен ипотекалық несиелерді беру көлемі өте құбылмалы болғандықтан оның әсері онша көрінбейді.

Осы әсер етуші факторлардың арасында да тығыз байланыс бар. Келесі факторлар мультиколлинеарлы болып келеді: X1 мен X6 ($r=0,72$), X1 мен X7($r=0,71$), X2 мен X5 ($r=0,78$), X4 пен X6 ($r=0,97$), X4 пен X7 ($r=0,98$), X6 мен X7 ($r=0,99$).

Регрессиялық талдауда таңдалған факторлардың мультиколлинеарлығын ескере отырып, келесі байланыстарды зерттейміз: $Y(X1, X5)$, $Y(X2, X4)$, $Y(X2, X6)$, $Y(X2, X7)$, $Y(X4, X5)$, $Y(X5, X6)$ және $Y(X5, X7)$.

Енді осы байланыстарды жеке-жеке қарастырып өтейік.

$Y(X1, X5)$ байланысы бойынша жүргізілген компьютерлік есептеулер нәтижесінде көптік корреляция коэффициенті $r=0,71$ мәні сақтандыру сыйақылары курс бағамы мен жол көлік апаттарының санына тығыз байланысты екен. Фишер критерийі $F=4,98 > F_{кр} = 3,88$ регрессия теңдеуінің адекваттылығын көрсетеді, бірақ та $X1$ мен $X5$ факторлардың коэффициенттері статистикалық маңызды болмады, себебі $t_{x1} = 1,846 < t_{кр} = 2,178$, $\alpha=0,09 > 0,05$ және $t_{x5} = 1,481 < t_{кр} = 2,178$, $\alpha=0,17 > 0,05$, осы факторлардың сенімділік интервалдары да әртүрлі таңбалы болып келді. Сол себептен $Y(X1, X5)$ байланысы маңызды емес.

$Y(X2, X4)$ байланыстың регрессиялық талдауы нәтижесінде алынған регрессиялық теңдеуін болжамға қолдануға болатынын көрсетті. Себебі көптік корреляция коэффициенті $r=0,97$ мәні сақтандыру сыйақыларының көлемі тұтыну несиесі мен жеңіл автокөлік санының өзгерісіне тығыз байланысты екенін және нәтижелі фактордың вариациясының 95,7%-ы $X3$ пен $X5$ факторлардың әсерінен болатынын көрсетті. Сонымен қатар Фишер критерийі $F=113,8 > F_{кр} = 3,88$ регрессия теңдеуінің адекваттылығын дәлелдейді және де регрессия теңдеу параметрлердің статистикалық маңыздылығының нолдік гипотезасы қабылданбайды, себебі $t_{x2} = 4,175 > t_{кр} = 2,178$ және $t_{x4} = 10,355 > t_{кр} = 2,178$. Регрессиялық талдаудың барлық шарттары орындалды. Регрессия теңдеуі келесі түрде болады:

$$Y = -76129,5 + 44,45 \cdot X2 + 65920,42 \cdot X4 \quad (1)$$

$Y(X2, X6)$ байланыстың талдауы нәтижелері бойынша көптік корреляция коэффициенті мәні $r=0,96$ нәтижелі факторға орташа әсері бар екенін көрсетті. Фишер критерийі $F=71,53 > F_{кр} = 3,88$ регрессия теңдеуінің маңыздылығын көрсетеді, бірақ та $X2$ фактордың коэффициенті статистикалық маңызды болмады, себебі $t_{x2} = 1,836 < t_{кр} = 2,178$, $\alpha=0,09 > 0,05$, сенімділік интервалдары да әртүрлі таңбалы болып келеді. Осымен $Y(X2, X6)$ байланысы маңызды емес.

$Y(X2, X7)$ байланысы регрессиялық талдау нәтижесінде маңызды емес болып шықты, себебі $X2$ фактордың коэффициенті статистикалық маңызды болмады, яғни $t_{x2} = 1,747 < t_{кр} = 2,178$, $\alpha=0,111 > 0,05$ және сенімділік интервалдары да әртүрлі таңбалы болып келеді.

$Y(X4, X5)$ байланыстың регрессиялық талдауын жүргізу барысында келесі нәтижелер алынған: көптік корреляция коэффициенті $r=0,98$ мәні сақтандыру сыйақыларының көлемі жеңіл автокөліктердің саны мен жол апаттардың көлеміне тығыз байланысты, көптік детерминация коэффициенті сақтандыру сыйақыларының өзгерісі моделге енген $X4$ және $X5$ факторлардың 95,8% өзгерісіне байланысты екен. Фишер критерийі $F=116,7 > F_{кр} = 3,88$ регрессия теңдеуінің адекваттылығын көрсетеді. Регрессия теңдеу параметрлердің

статистикалық маңыздылығының нөлдік гипотезасы қабылданбайды, өйткені $t_{x5} = 12,388 > t_{кр} = 2,178$ және $t_{x6} = 4,257 > t_{кр} = 2,178$, яғни коэффициенттері барлығы маңызды болып келеді. Регрессиялық талдаудың барлық шарттары орындалған, алынған регрессия теңдеуін болжамға қолдануға болады. Регрессия теңдеуі келесі түрде болады:

$$Y = -151307 + 71210,62 * X_4 + 7618,95 * X_5 \quad (2)$$

$Y(X_5, X_6)$ байланыстың талдауы нәтижелері бойынша көптік корреляция коэффициенті мәні $r=0,97$ нәтижелі факторға әсері бар екенін көрсетті. Фишер критерийі $F=79,01 > F_{кр} = 3,88$ регрессия теңдеуінің адекваттылығын көрсетеді, бірақ та X_5 фактордың коэффициенті статистикалық маңызды болмады, өйткені $t_{x5} = 2,162 < t_{кр} = 2,178$, $\alpha=0,056 > 0,05$, сенімділік интервалдары да әртүрлі таңбалы болып келеді. Осымен $Y(X_5, X_6)$ байланысы маңызды емес болып шықты.

$Y(X_5, X_7)$ байланысының регрессиялық талдауы келесі нәтижелерді көрсетті: көптік корреляция коэффициенті $r=0,98$ мәні сақтандыру сыйақыларының көлемі жол апаттары мен орташа еңбекақы көлеміне тығыз байланысты екен. Фишер критерийі $F=100,82 > F_{кр} = 3,88$ регрессия теңдеуінің маңызды екенін көрсетеді. Бірақ регрессия теңдеу параметрлердің статистикалық маңыздылығын анықтау барысында X_5 факторы маңызды емес болып шықты, өйткені $t_{x5} = 2,025 < t_{кр} = 2,178$, $\alpha=0,07 > 0,05$, сенімділік интервалдары да әртүрлі таңбалы болып келеді. Осымен $Y(X_5, X_7)$ байланысы маңызды емес.

Сонымен регрессия бойынша әсер етуші факторларды іріктеп, оларға сәйкес адекватты регрессиялық екі модель тұрғызылды. Оларды бір кестеде көрсетейік (кесте 16).

Кесте 16 – Регрессия модельдері

Модель №	Фактор	Регрессия теңдеуі	R	Критерийлер
1	X2, X4	$Y_1 = -76129,5 + 44,45 * X_2 + 65920,42 * X_4$	R=0,97 R ² =0,95	F=113,8 $t_{x2} = 4,175$ $t_{x4} = 10,354$
2	X4, X5	$Y_2 = -151307 + 71210,62 * X_4 + 7618,95 * X_5$	R=0,98 R ² =0,95	F=116,7 $t_{x4} = 12,388$ $t_{x5} = 4,257$
Ескерту - Талдау нәтижесінде автормен жасалынған				

Енді осы модельдері бойынша факторлардың коэффициенттерінің сенімділік интервалдарын анықтайық.

Бірінші теңдеуден $51735,88 \leq X_4 \leq 80104,96$, екінші теңдеуден $58403,3 \leq X_3 \leq 84017,9$ болса, онда X_4 фактордың сенімділік интервалы 51735,9-ден 84017,9-ке дейін. Сонда басқа факторлардың тұрақты мәнінде жеңіл

автокөліктердің саны 1 млн. бірлікке өссе, онда сақтандыру сыйақыларының көлемі орташа 51735,9-ден 84017,9 млн.тенгеге дейін өсімді бере алады.

Ал X_2 факторының сенімділік интервалы келесі аралықта болады: $20,729 \leq X_2 \leq 68,166$, онда тұтыну несиелердің көлемі 1 млрд. теңгеге өсіп, басқа факторлар өзгеріссіз қалған жағдайда, сақтандыру сыйақыларының көлемі орташа 20,7-ден 68,2 млн. теңге аралығында өсуі мүмкін.

X_5 факторының коэффициентінің сенімділік интервалы $3631,7 \leq X_5 \leq 11606,2$ аралықта болады, яғни жол апаттарының саны 1 мың бірлікке өзгертін болса, онда сақтандыру сыйақыларының көлемі 3,63-тен 11,6 млн. теңге аралығында өзгертін болады.

Осы модельдерді болжамға пайдалануға болатынын туралы жоғарыда айтылып кеткен, сол себептен Y болжамдық мәнін тренд талдауы негізінде 14, 15 периодтарға есептейміз. X_2 , X_4 және X_5 факторлары үшін сәйкесінше тренд функциясын таңдау қажет.

X_2 факторының 2003-2015 жылдардағы мәліметтері (13 кезең) негізінде полиномиальді функциясы төменгі 7-ші суретте көрсетілген.

Сонда тұтыну несиелер көлемінің динамикалық қатарын құру негізінде келесі полиномиальді функциясы алынған:

$$Y = 29,134x^2 - 310,55x + 1652,7 \quad (3)$$




Сурет 7 - X_2 фактордың полиномиалды тренд графигі

Ескерту - Талдау нәтижесінде автормен құрастырылған

Полиномиальді функциясының дәлдігін ретро-болжам арқылы дәлелдеу қажет, ол үшін 2015 жылдағы тұтыну несие көлемінің нақты мәнін полиномды функция мәнімен салыстырамыз: нақты мәні – 2420,7 млрд. теңге, функция мәні – 2539,2 млрд. теңге, дәлдігі 104,9%. Сонымен, алынған функцияның нәтижесінде X_2 фактордың 2016 жылға болжамдық мәні 3015,3 млрд. теңгеге, ал 2017 жылға 3549,6 млрд. теңгеге, 2018 ж. – 4142,2 млрд. теңге, 2019 ж. – 4793,1 млрд. теңгеге тең болды.

Енді X_4 факторының мәліметтеріне сүйіне отырып, тренд түзуінің дәрежелік функциясы келесі 8-ші суретте көрсетілген.



Сурет 8 - X4 фактордың дәрежелік тренд графигі


Ескерту - Талдау нәтижесінде автормен құрастырылған

2003-2015 жж. мәліметтері бойынша жеңіл автокөліктердің саны үшін динамикалық қатарын құру негізінде келесі дәрежелік функция алынды:

$$Y = 0.9019x^{0.5762} \quad (4)$$

Функцияның дәлдігін 2015 жылға ретро-болжам арқылы тексерейік. 2015 жылдың жеңіл автокөлік санының нақты мәні 3,9 млн. бірлікке тең, ал дәрежелік функциясы бойынша 3,95 млн. бірлікке тең болып шықты. 2015 жылға болжамның орындалуы 102,5%. Сонда дәрежелік функция бойынша жеңіл автокөліктер санының болжамдық мәні келесі түрде болады: 2016 жыл – 4,1 млн.бірлік, 2017 жыл – 4,3 млн. бірлік, 2018 жыл – 4,45 млн.бірлік, 2019 жыл – 4,6 млн. бірлік.

X5 факторы үшін 13 кезеңнің мәліметтеріне негізделіп, тренд функцияларын түрлерін таңдағанда, модель адекватсыз ($r^2=0,46$) болып шықты, сол себептен оны болжамға қолдануға болмайды, және де мәліметтер мәндеріне және келешектегі болжамға сәйкес болмай тұрғаны байқалады (сурет 9).



Сурет 9 - X5 фактордың полиномиалді тренд графигі

Ескерту - Талдау нәтижесінде автормен құрастырылған

Қорыта келе, жүргізілген тренд талдау нәтижесінде модельдің Х2 мен Х4 факторлары адекватты болып шықты. Олардың мәндерін қолдана тұрып, сақтандыру сыйақылар көлемінің 2016-2017 жылдарға мәндерін есептейік. Регрессияның бірінші моделіне Х2 мен Х4 факторлардың болжамдық мәндерін қойып, сақтандыру сыйақыларының 2016 жылғы көлемі 329898 млн. теңгеге, ал 2017 жылда 364397 млн. теңге тең болды. Модель бойынша сақтандырудың өсу қарқыны 2016 жылы 14%-ға, ал 2017 жылы 10%-ға, 2018 жылы 10,3%-ға, 2019 жылы 9,8%-ға тең, ал соңғы жылдардың үрдісіне қарайтын болсақ, шын мәнінде сақтандыру сыйақыларының орташа жылдық өсімі 8-20% аралығында тұр. Сол себептен, алынған болжамдық мәндерді шынайы деп айта аламыз.

Қазіргі уақытта 2016 жылға берілген болжамды тексеруге мүмкіндігіміз бар, статистикалық мәліметтер бойынша 2016 жылдың қорытындысында сақтандыру сыйақылардың көлемі 356904 млн. теңгені құраған еді, бұл біздің жасаған болжамдық мәнінен 7% шамасында ауытқуды ғана көрсетеді екен. 2017 жылдың нәтижесін қарайтын болсақ, сақтандыру сыйақылардың көлемі 370174 млн. теңгеге тең болған, бұл болжамдық мәнінен 1,6%-ға ғана ауытқуды берді.


Біздің пікірінше, корреляциялық-регрессиялық талдау нәтижесінде келесі қорытындыларды шығаруға болады:

- анықталған $Y_1 = -76129,5 + 44,45 \cdot X_2 + 65920,42 \cdot X_4$ регрессия моделін сақтандыру нарығында компаниялардың сақтандыру сыйақыларының көлемінің келешектегі мәндерін болжауға қолдануға болады;

- егер елімізде тұтыну несиелердің көлемі 1 млрд. теңгеге артып, автокөлік саны сол қалпында қалса, онда сақтандыру сыйақыларының көлемі орташа 44,45 млн. теңгеге өседі;

- егер жеңіл автокөліктердің саны 1 млн. бірлікке өссе, ал тұтыну несие көлемі өзгермесе, онда сақтандыру сыйақылардың көлемі 65,92 млрд. теңгеге өседі.

Бірінші тарауда біз елімізде сақтандыру саласында жүргізілген реформалар негізінде Маянлаева Ғ. экономист-ғалымымен белгіленген дамудың үш кезеңіне екі кезеңін қосып, оның басталу мен аяқталу мерзімін анықтадық. Енді осы қосылған IV және V кезеңдердің нәтижелерін ұсынылған модельдің нәтижелерімен салыстыру жүргізілген. Бұл салыстыруды төменгі 10-шы суреттен көруге болады.



Сурет 10–Сақтандыру саласының кезеңдері бойынша сақтандыру сыйақылардың динамикасы

Ескерту - Автормен құрастырылған

Суреттен көріп отырғанымыздай, ұсынылған модель бойынша болжамдық мәндері сақтандыру сыйақылардың нақты мәндерімен сәйкес келуі бір-біріне жақын болып келеді, сол себептен, біз 2018-2019 жылға жасалған болжамын сақтандыру ісінің дамудың VI кезеңіне жатқызуға болады.

Жоғарыда жүргізілген экономикалық-математикалық модельдеу қорытындысы бойынша келесі ұсынысты жасауға болады: мемлекет тарапынан тұтыну несиені алушы тұлға сақтандыру шартын жасасуға өз еркімен сақтандыру компаниясын таңдауға құқықтың берілуін заңнама ретінде енгізілуі тиісті, өйткені сақтандыру компаниялардың көбісі банк конгломератына кіретіні белгілі, соның негізінде клиент банкпен көрсетілген сақтандыру компаниямен келісімшартты жасасуға және де барлық шарттары мен қызмет ақысымен келісуге мәжбүрлі болады. Сақтандыру сыйақылардың көлеміне тікелей тұтыну несиелердің көлемі әсер етсе, онда олардың үлесін арттыру үшін сақтандыру компаниялардың арасында бәсекелестік орнату қажет, бұл жағдайда барлық сақтандыру компанияларды қатысуға мүмкіндік берілуі қажет.

Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының одан әрі даму үрдістері бары сөзсіз.

Екінші бөлім қорыта келе, қазақстандық сақтандыру нарығы толық қалыптасты деп айтуға болады. Оның негізгі даму үрдістері бұл: сақтандыру компаниялары бірігу нәтижесінде іріленуі байқалады; сақтандыру компанияларының капитализациясы артуда; сақтандыру нарығының концентрициялануы байқалады; мемлекеттік қадағалаудың рөлі артты; сақтандыру компанияларының қызметінің ашықтығы артты. Сақтандыру қызметінің қалыптасуы мен даму реформаларын негізге ала отырып, бес кезеңге бөлуге болады. Экономикалық-математикалық моделдеу арқылы сақтандыру қызметінің жағдайын сипаттайтын сақтандыру сыйақылар көлеміне

тұтыну несиелер көлемі мен жеңіл автокөліктердің санының өзгерісі тығыз әсер ететіні анықталды. Қазақстан Республикасында сақтандыру нарығын басқару жүйесінің даму көрсеткіштері оң болғанымен, басқару үрдісі тоқтады деуге болмайды, болашақта сақтандыру қызметінің сапасы мен сенімділігін арттыруға бағытталған, мемлекет пен сақтандыру нарығына қатысушылар ара қатынасын басқарудың үлкен мүмкіндіктері бар.

Қазіргі кезде әлемдік тәжірибені пайдалану, жаһанды масштаб бағдарламаларына қатысу қажеттілігі анық көрінуде. Және де қазіргі кездегі Қазақстанның сақтандыру нарығындағы позитивті тенденцияларды қарай отырып, біз алдағы уақытта әлеуметтік және қаржылық қауіпсіздікті максималды қамтамасыз ететін жан-жақты дамыған қаржы қызметтерінің нарығына жетеміз деп айтуға болады.

3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

3.1 Сақтандыру нарығын реттеудің ұлттық моделін жетілдіру

Отандық экономиканың нарықтық даму типіне өтудің ерекшеліктеріне, сонымен қатар өзіне ғана тән белгілердің бар болуы қазақстандық ұлттық моделдің қалыптасуының алғышарттары болды. Дамудың арналымы сақтандыру қызметінде де, әсіресе саланың нарықтық негіздерін қалыптасуы мен сақтандыру институтының құрылымында өз көрінісін тапты. Сақтандыру қызметіне нарықтық қызмет ету қағидалары ең алдымен саладағы бар болған мемлекеттік монополизмді жою арқылы енгізілген болатын. XX ғасырдың 90-шы жылдардың басында альтернативті құрылымдарға сақтандыру операцияларын жүргізуге рұқсат етілген еді [75]. Тәжірибе көрсеткендей, сол кездері елімізде сақтандыруды басқаруды жүргізу «жеңіл кіру» үлгісі ретінде танымал болды, яғни қызметті жаңа ғана бастайтын қаржылық ұйымдарға талаптардың жоғары болмауы. «Жеңіл кіру» салдарынан сақтандыру нарығына қажетті қаржылық пен іскерлік әлеуеті жоқ ұсақ компаниялар кедергісіз кіреді, ал бұл өз ретте агенттермен клиенттердің алдында міндеттерді орындауға мүмкіндігі болмауы сақтандыру қызметтеріне тұтынушылық сұраныстың төмендеуі мен сенімділігін жоғалтуына әкеледі. Бұл үрдістер жаңа ғана қалыптасып жатқан коммерциялық сақтандыру аясында жүргізілді. Сақтандыру компаниялардың жойылуы мен банкроттылығының негізгі себептерінің бірі осы қалыптасқан жағдай болды.

Айта кету жөн, мемлекет тарапынан басқару механизмнің қалыптасуы мен дамуы отандық сақтандыру нарығының қалыптасу үрдісімен қатарлас жүргізілді [76]. Шын мәнінде, мемлекеттік басқару жүйесі сылбыр түрде дамыды, яғни нарықта объективті түрде қалыптасқан жағдайларға шетелдік тәжірибенің кейбір аспектілерін қолдануымен адекватты шешім табуы. Ал жалпы алғанда, мемлекеттік басқару моделі жаңадан қалыптасты және сәйкесінше заңнамалық, яғни институционалдық базамен қамтамасыз етілді.

Ұлттық моделдің өзекті белгілерінің бірі елдің экономикалық дамуына жаһандандудың әсері болып табылады. Қоғамның барлық салаларын қамтитын жаһандану үдерістері экономикада шетел капиталдың енуі түрінде айқындалады. Қазақстан да осы үдерістерден алшақ тұруы мүмкін емес. Капиталдың ерікті қозғалысымен ерекшелінетін сақтандыру саласында жаһандану үдерістері шетелдік сақтандыру компаниялардың нарыққа енуі арқылы көрініс табады. Шетелдік компаниялар сақтандыру нарықта толық қатысушы ретінде немесе отандық компаниялардың капиталдағы үлесі арқылы қатыса алады. Шетелдік капитал аффирленген құрылымның кәсіптік сақтандыру компаниялары арқылы нарыққа ене алады. Сонымен бірге «аналық» компаниялардың құрылтайшылар арасында шетелдік инвестор болуы мүмкін [77]. Алайда, резидент емес сақтандыру компаниялардың қызмет ету мәселелері әлі де шешілмеген. Қазіргі таңда сақтандыру саласында шетелдік капиталдың үлесі мемлекеттік квотамен бөлінген мөлшерге сәйкес келеді.

Шетелдік инвесторлардың белсенді болмауының негізгі себебінің бірі институционалдық факторды, яғни заңнаманы деп атауға болады. Сақтандыру қызметінде ырықтандыру заңды, бірақ та ол барабар институционалды қамтамасыз ету шартында ғана отандық экономика үшін неғұрлым тиімді болады.

Экономиканың салалық нарығы жұмысының тиімділігі, көбінесе оның құрамды институттарын реттеудің ұйымдық-экономикалық моделімен анықталады [78]. Сақтандыру нарығын реттеудің ұлттық моделін зерттеу барысында, нарықтың дамуының тағы бір қыры – ұйымдастыру-экономикалық моделі бар екенін анықтадық. Осы тұрғыдан қарағанда, қаржы нарығын, оның құрамды бөлігі болып табылатын сақтандыру арқылы қызмет көрсететін нарықты ұйымдастыру-экономикалық реттеудің негізгі екі моделін ашып көрсетуге болады:

– институционалды модель – әртүрлі басқару органдарының көмегімен қаржы институттарын топтарға бөліп жекелеп алып, реттеу жүргізу;


– функционалды модель. Бұл модель мына функцияларды іске асырады: нормаларды тағайындау, нарықтың дамуының негізгі бағытын анықтау, бақылау, қадағалау әртүрлі басқару органдарының көмегімен құқықтың қорғалуын қамтамасыз ету.

Қаржы нарығы дамыған елдер оны реттеудің функционалды моделін қолданады. Ондай елдердің қатарына Ұлыбритания, Германия, Жапония сияқты мемлекеттер жатады. Ал АҚШ-та функционалды реттеудің белгісі басым болатын, реттеудің аралас моделі қолданылады.

Тиісінше, осындай қаржы нарығы бар дамушы елдерде реттеудің институционалды модель қолданылады. Қазіргі кезде қаржы нарығын реттеудің бұл моделін қолданушы елдердің қатарына Венгрия, Испания, Украина және Ресейді жатқызуға болады. Бұл елдердің реттеудің ұйымдық-экономикалық механизмдерін дамытуға, қаржы нарығының дамуын үйлестіруге бағытталған іс-әрекеттері жүргізіліп, біртіндеп реттеудің функционалды моделіне көшуге әрекет етіп жатқандарын атап айту керек.

Қазақстанда сақтандыру нарығын реттеудің институционалды моделі қолданылады. Қолданыстағы бұл реттеу моделін, оның құрамдас бөліктерін жүйеге келтіру арқылы қарастырайық. Жоғарыда айтылғандарды ескере келіп, құрамы 10-шы суретте көрсетілген институционалды экономикалық ортаның дамуы өзінен өзі болмайтынын анықтауға болады. Экономикалық ортадағы ережелерді өзгерту немесе жаңа ережелер енгізуді тек мемлекеттік өкімет органдары ғана іске асыра алады. Осылайша, біріншіден, мемлекет елдің экономикалық дамуын қамтамасыз ететін институттар құрады, немесе бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан институттарды одан әрі дамытуды; екіншіден, нарықта болып тұратын «құлдыраулар» өзін-өзі реттеу институтының біраз функцияларын мемлекетке беру қажеттігін тудырады [79].

Қазақстандағы сақтандыру нарығын реттеудің моделі



Сурет 10 – Қазақстандағы сақтандыру нарығын реттеудің қолданыстағы моделі

Ескерту – Автор құрастырған

Нарықтық қатынастағы экономиканы қолданатын елдерде, нарықтың «күлдірауымен» бірге «мемлекеттің күлдірауы» қатар жүретіні белгілі. Бұл жағдайда нарықта өзін-өзі реттеу механизмдерінің қолдану қажеттігі туындайды. Өзін-өзі реттеу механизмдерін қолдану қажеттігінің негізгі себептеріне мыналарды жатқызуға болады: мемлекеттік басқару органдарының салғырттығы, тез шешім қабылдай алмауы, консерватизм; мемлекеттік қызметкерлердің реттеуді қолдан шығарып алуы; әртүрлі экономикалық салалар арасындағы ақпарат алмасудың төмендеуі.

Дегенмен, институционалды экономикалық ортаның дамуымен бірге, «институционалды тұзақтар» пайда болу қаупі туындайды. Экономикасы өтпелі кезеңдегі мемлекеттерде макроэкономикалық шарттардың күрт өзгеруі мен реформалар жасау кезінде «институционалды тұзақтар» пайда болуының ықтималдығы жоғары болады. Қазақстандық экономиканы реформалау кезінде пайда болған «институционалды тұзақтар» ретінде: бартер арқылы есеп айырысу, төлемдерден бас тарту, салық төлеуден жалтару, экономиканың барлық саласындағы жемқорлықтың асқындауын айтуға болады.

Экономика теориясында «институционалды тұзақтар» түсінігінің бірнеше анықтамалары бар. Б. Артур және Д. Норт бойынша, «институционалды тұзақ», немесе «блокировка» (ағыл. lock-in effect) – бір рет қабылданған шешімнің қолдануын жоққа шығарудың қиындығы деп есептеледі [78]. Институционалды тұзақтардың пайда болуының негізгі себептеріне үйлестіру (координация) эффектісі, оқыту қиындықтары, мәдени инерттілік, және мүдделерді күштеп енгізу (лоббирование) жатады. Үйлестіру эффектісіне экономикалық субъект немесе экономикалық субъектілердің аз ғана тобының бұрынғы үйреніп қалған жолынан ауытқу кезінде жаңа нормаларға бейімделе алмау себептерінен нарықтан шығып қалуын айтады. Экономикалық субъектілердің барлығы бір мезгілде жаңа жағдайға көшуі, қоғамдық жағдайдың жақсаруына әсер етеді. Басқа эффектілер пайда болған жаңа норманы бекіте түседі.

Қазіргі кезде институционалды тұзақтан шығудың кейбір механизмдері бар. Біріншіден, институционалды тұзақтың пайда болуына ықпал ететін жағдайлардың өзі ондай қақпандардың түрін өзгертуге әсер етеді. Институционалды тұзақтан шығу үшін ұзақ мерзімге арналған түбегейлі өзгерістерді қажет ететін іс-шаралар ұйымдастырылу керек және ол іс-шараларды институционалды тұзақтан шыққанша жалғастыра беру керек.

Екіншіден, институционалды ортаның өзгеріске ұшырауы, институционалды тұзақтан шығу механизмдерінің өзінен өзі қалыптасуға әсер етеді. Мысалы, сақтандыру нарығындағы транзакция әрекеттерінің нәтижесі жоғары болуы бизнестің іріленуіне, қаржылық-өндірістік топтар мен сақтандыру холдингтерінің қалыптасуына әсер етеді. Нәтижесінде Қазақстандағы сақтандыру ұйымдарының саны азаюы байқалады.

Үшіншіден, экономикадағы субъектінің белсенділігі, оның нарықтағы оң бейнесін қалыптастырады. Ол өзінің іс-әрекетінде нарықтың басқа субъектілерінің қолданып келген тиімді даму стратегиясын пайдалануға тырысады. Уақыт өте келе, нарықта институционалды тұзақтың механизмдерін

қолдануды жалғастырып келе жатқан экономика субъектілерінің іс-әрекеттерінің нәтижелері мен беделі төмендей береді және нарық талаптарына сәйкес келмейді. 90-жылдардың басында сақтандыру компаниялары салық көлемін ықшамдау саясатын жүргізіп келді. Уақыт өте келе, экономиканы реформалау, оның ішінде сақтандыру нарығын реформалау нәтижесінде, өз іс-әрекеттерінде салық көлемін қысқартуға тырысатын компаниялардың саны азая бастады. Осылайша, қалыптасқан жүйе үшін институционалды тұзақтан шығудың тиімділігі артып, біртіндеп қалыпты жағдай орныға бастайды. Тоқырауға дейінгі тиімділігі аз әдістерден бас тарту институционалды тұзақтан шығуға ықпал етеді.

Қазақстанның сақтандыру нарығының институционалды ортасына жасаған талдаулар, ондағы өзін-өзі реттеуге берілген ұйымдарда институционалды тұзақтың белгілері болатындығын көрсетеді. Өзін-өзі реттеуші ұйымдардың қатарына, Қазақстан сақтандырушылар Ассоциациясын жатқызуға болады. Бұл Ассоциация корпорация ішіндегі қатынасты реттеу, сақтандырушылардың мемлекеттік билік органдары алдында мүддесін қорғау және қоғам үшін сақтандырудың маңыздылығын халық арасында насихаттау мақсатында құрылған [80]. Қазіргі кезде Қазақстандағы 30 сақтандыру ұйымы осы Ассоциацияның мүшесі болып табылады, бұл барлық сақтандырушылар ұйымының 90%-ы. Дегенмен бұл институттың тиімділігі әлі аз болып отыр. Бұл институт белгілі бір топ сақтандырушылардың мүдделерін қорғау мақсатында құрылған және сақтандыру нарығының институционалды құрылымының дамуына айтарлықтай әсер етеді. Сақтандыру нарығының институционалды құрылымының дамуын және оның реттелуін мемлекеттік билік органдырымен қатар, өзін-өзі реттеу институттары да іске асыруы қажет.

Сақтандыру нарығының дамуын тежейтін фактордың бірі бұл сақтандыру қорғанысына сұраныстың аз болуы. Сұраныстың төмендігі сақтандыру мәдениетінің болмауынан емес, экономикалық қызығушылық пен клиенттердің төмен төлем қабілеттілігінен көбінесе байланысты. Егер де қызығушылықты белгілі мемлекеттік шаралар көмегімен ынталандыруға мүмкін болса, сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың төлем қабілеттілігін тез көтеруге мүмкін емес. Көбінесе мүмкін болатын клиенттерді ұстап тұратын факторы сақтандыру компанияның банкроттыққа ұшырау мен жойылуына байланысты күтпеген жағдайлардан қаржылық қорғанысқа сенімсіздігі болып табылады. Сонымен қатар, отандық тұтынушылар сақтандыру келісім шарттарын жасасу кезіндегі заңдық кемшіліктер салдарынан пайда болатын оқиғалардан қорғалынбаған.

Бүгінгі күні Қазақстанда тікелей реттеуді іске асырудың бірнеше мәселелері бар. Мысалы, сақтандыру туралы келісім бұзуға дейін одан әрі ұзарту және түзетулер мен толықтырулар енгізу қиындығының мәселесі. Осыған орай, сақтандыру бойынша төлемақы төлеу технологиясын енгізу, мінсіз жағдайда сақтандыру туралы жаңа келісім шарт жасаумен аяқталуы керек. Қазақстанда бұл облыс бойынша технология сақтандыру ұйымдарын тек ішкі есепке алу мәселесімен айналысады. Клиентке қызмет көрсету сервисі

туралы қандай-да бір прогресс байқалмайды. Бүгінгі күнгі клиент сақтандырушыдан төлемақы ғана күтіп қоймай, сонымен бірге өмірдегі күрделі қиындықтардан шығу үшін де көмек күтеді. Бұл облыстағы технологияны түбегейлі жетілдіру керектігі анық.

Сонымен бірге, сақтанушы мен сақтандырушы ұйымдардың немесе сақтандырушы ұйымдардың ара қатынасында пайда болатын құқықтық қатынас мәселесін шешу сұрақтары да бар. Қазақстан Республикасындағы кейбір сақтандыру ұйымдарында қазіргі кезде ситуациялық менеджмент қызметі кездеседі, кейбіреулеріне бизнес жүйелері енгізілген, сапа менеджменті бойынша сертификат алған компанияларда айтылған бизнес жүйелер жұмыс істеп жатыр [81]. Сақтандыру компанияларының басым көпшілігінде шығынның орнын толтыруды реттеу үдерістері ситуациялық менеджментпен жүргізіледі, басқаша айтқанда, компанияда қалыптасқан дәстүр бойынша, немесе кейбір бөлім басшыларының іс-әрекеттерінде қалыптасқан қағидалар бойынша жүргізіледі. Көпшілік жағдайда олардан «мен компанияға келдім де, барлық жұмысты өзіме бағындырып алдым» немесе «жұмысты өзіме ыңғайлы түрде жүргізуді енгіздім» деген сөздерді естуге болады. Ондай басшының пайдасынан зияны көп. Барлық жұмысты өзіне бағындырып алған басшы кейбір құжаттарды өзіне ыңғайлы бағытта өзгертеді, адамдардың орындарын жиі ауыстырып, наразылық білдергендерді жұмыстан босатады, орнына жаңа адамдар қабылдап, жоғарыдағы басшыларға «бәрі дұрыс» деп баяндаумен болады. Бірақ ол келгенге дейінгі жұмыстағы мәселелер сол күйінде шешілмей қалады. Одан ары кінәлілерді басқа бөлімдерден іздеу басталып, мәселе тұйықталады және оны ұзу оңайға түспейді. Қазақстандағы көптеген сақтандыру компаниялары өздерінің аймақтық құрылымдарында шешілмеген мәселелер екенін мойындайды, олар төлем құжаттарын дұрыс жасай алмайды, құжаттарды дайындауды ұзаққа созып кешіктіреді немесе заңгерлер төлем құжаттарын қарауды ұзаққа созып, төлемақы төлеуді кешіктіреді, бухгалтерия төлеуді созып, ол туралы төлем департаментіне хабарлауды ұмытып кетеді, нәтижесінде төлем департаменті мен клиент арасында түсініспеушіліктер туындайды. Осындай мәселелер көптеген сақтандыру ұйымдарында орын алғанын жоққа шығаруға болмайды. Сақтандыру оқиғасын әдеттегі реттеу мәселелеріне, енді тікелей реттеудің мәселелері келіп қосылады.

Жоғарыда келтірілген мәселелерді пайда болу себептері төмендегідей:

– реттеуге қатысушылардың ара қатынастары толық анықталмаған немесе мүлде жоқ, яғни компанияның ішкі құжаттары реттелмеген, кімге қандай құжаттарды қандай күйде, қай мерзімге беру керектігі реттелмеген;

– құрылымдардағы реттеулер мүлде жоқ немесе бір-біріне қарама-қайшы келеді, лауазымдық қызметтік нұсқаулар жоқ, немесе олар көз бояушы ретінде дайындалған;

– құжаттар жүргізудің бірыңғай нысандары және құжаттар алмасу стандарттары жоқ.

Осылардың бәрі сақтандыру компанияларында нақты анықталған технологиялық үдеріс жоқ екендігін көрсетеді.

Жақсы ойластырылған технологиялық үдерісті қалыптастыру оңай шаруа емес, кейбір жағдайда өте қымбатқа түсуі мүмкін, бірақ бұл шығын еселеп қайтарылады. Жүйені тиімді реттеудің технологиясын қалыптастыру үшін, басшы алдымен компанияда орныққан үдерісті қайта қарап талдауы керек, жаңа үдерісті «не істеу керек» деген қағиданы басшылыққа ала отырып енгізу керек. Бұл ауыр жұмысты қолға алмас бұрын, осыған дейін қол қойылған бизнес үдерістерінің негізінде жаңа бизнес жүйе құру керектігіне бірінші басшының көзін жеткізу керек, себебі бірінші басшының қолдауынсыз, бұл жұмыстың «пайдалы әсер коэффициенті», ең ары кеткенде 50%-дан аспайды.

Сақтандыру ісінде өзін-өзі реттеу ұйымдардың пайда болуының алғы шарттарын, сақтандыру арқылы қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып жасау керектігі заңды, экономиканың бұл саласында өзін-өзі реттеу үдерісін жасаған мемлекеттің өмір сүруінің объективті себептері болып табылады.

Соңғы он жылдың көлемінде, біздің елімізде сақтандыру нарығына өзін-өзі реттеу институтын енгізу туралы пікір талас жүріп жатыр. Экономикалық категория ретінде сақтандырудың басты мақсаты, жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүддесін кездейсоқ жағдайлардан қорғау болып табылады. Кез келген кәсіпкер сияқты, сақтандырушының негізгі мақсаты табыс табу екендігі белгілі. Осылайша, сақтандыру нарығында мақсаттары бір-біріне қайшы келетін екі құрылымның, мемлекеттік реттеу мен өзін-өзі реттеу механизмдердің бірігуі байқалады.

Өзін-өзі реттеу мен мемлекеттік реттеудің бірігуі, экономикалық категория ретіндегі сақтандыру нарығының негізгі мақсатына жетуін реттеудің жалпы жүйесін құрайды, сонымен бірге, сақтандыру нарығының және оның институционалды құрылымының дамуына әсер етеді [82].

Мемлекеттік реттеу болмаған жағдайда, сақтандырушылардың мүдделері сақтанушының мүддесінен жоғары қойылуы мүмкін, себебі отандық сақтандыру нарығында сақтандыру мәдениетінің әлі де төмен, сақтандыру мәселелеріне келгенде сақтандырушының әрекеті, сақтанушының әрекетінен басым болып жатады.

Осыған байланысты мемлекеттік реттеу болмаған жерде сақтандырушы өз іс-әрекетін сақтанушының мүдделері ескерілмеген, сақтандырушының мүддесін қорғайтын келісім шарттарға сүйеніп жүргізеді.

Сақтандырушы ұйымдарда мемлекеттік реттеу болмаса, немесе жеткілікті дәрежеде болмаған жағдайда, сақтандыруды реттеу органының нормативтері бойынша құрылған, сақтандыру міндеттемелерін орындауға арналған сақтандыру қорындағы қаражатты дұрыс пайдаланбауы мүмкін. Сақтандыру индустриясындағы кейбір жауапкершілігі жоқ өкілдер бұл қаражатты заңсыз табыс табу көзіне айналдыруы мүмкін, ол үшін сақтандыру төлемдерінің көлемін қысқарту, сақтандыру міндеттемелерінің орындалу мерзімін созу сияқты басқа да заңсыз әрекеттерге баруы мүмкін.

Мемлекет тарапынан реттеу болмаған жағдайда, отандық сақтандыру ұйымдары сақтандыру инфрақұрылымдарды дамытуға қызығушылық

танытпайды. Сақтандыру нарығына қатысушы субъектілердің іс-әрекеттерін сипаттайтын ашық ақпараттық базаның құрылуы бұған айқын мысал бола алады. Сақтандырушылардың бұл мәселені шешуге құлық танытпауының бірнеше себептері бар, мысалы, сақтандыру саласында алаяқтықтың көбеюі, бәсекелестіктегі күрестің күшейуінен қорқу, құпия мәліметтердің жарияланып кетуі және компанияда IT жүйесін дамытуға байланысты қаржылық шығынның артуына байланысты болуы мүмкін.

Сақтандыруда өзін-өзі реттеу ұйымдарының пайда болуының алғы шарттарын, сақтандыру ісінің ерекшелігі тұрғысында талдап көрейік, сондай-ақ, экономиканың осы саласында өзін-өзі реттейтін мемлекеттердің пайда болу себептерін қарастырайық.

Сақтандыру саласындағы алаяқтық оқиғасының азаюы, азаматтар тарапынан сақтандыру ісіне сенімнің жоғарылауы, тек қана сақтандыру келісім-шарттары туралы, сақтандырушылар туралы, сақтандыру объектілері туралы, сақтандыру жағдайлары бойынша төлемақылардың төленуі жайында толық ақпаратты жариялайтын бірыңғай база болғанда мүмкін болады. Сақтандырушылардың тиімді іс-әрекет етуі үшін жоғарыда аталған жағдайлар бойынша жалпыланған статистикалық ақпарат беруі, бәсекелестікке қабілетті сақтандыру тарифтерін құру, сақтандыру ісіне қатысушылардың қаржылық-шаруашылық жұмыстары жайлы ақпараттар жариялануы керек. Бұл, өз кезегінде, болашақ сақтанушылардың өзіне тиімді сақтандырушыларды таңдауына көмектеседі. Сақтандырушылар тарапынан бұл мәселелерді шешуге бағытталған шаралар көптен бері қолданылып келеді (мысалы, көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды міндетті ету сияқты), бірақ, өкінішке орай, ол шаралардың тиімділігі аз болып отыр. Бұл жағдайларда аталған мәселелерді шешу үшін, қадағалаушы органдары мен мемлекеттік билік органдарының белсенді араласуы арқылы сақтандырушыларға шешім табуға міндеттеуі керек. Қазақстан Республикасында сақтандыру нарығын мемлекеттік басқару жүйесінің даму қарқыны жақсы болғанымен, жүйені құру үдерісі әлі аяқталған жоқ. Олай болса, мемлекет пен сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы ара қатынасты одан ары жетілдіру бағытында кең көлемдегі жұмыстар жүргізудің мүмкіндіктері мол. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар сақтандыру арқылы қызмет көрсетудің сапасы мен сенімділігін арттыруға, соның нәтижесінде бүкіл қоғамның өмір сүру деңгейін көтеруге бағатталуы керек.

Жоғары айтылғандарды қорытындылай келе, сақтандыру нарығын мемлекеттік басқаруда біршама табыстарға қол жеткізілгенін атап айту керек. Бірақ жаһандану үдерісі жүріп жатқанда және сақтандыру нарығында бәсекелестіктің өршіп тұрған кезінде сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеудің механизмдерімен бірге, өзін-өзі реттеу әдістерін де кеңінен қолдану керек. Ұлттық сақтандыру нарықтарының интеграциялануы өзінің тарихи дамуы барысында эволюция жолымен бірте бірте дамып келеді. Әрбір жаңа кезеңде ерекше формаларға ие болып, өзінің мазмұны мен мақсатының сыртқы көрінісін өзгертеді. Алайда мемлекеттің сақтандыру жүйесі халықаралық

деңгейде орын алып отырған жаңашылдықтар мен жеделдетіп дамып отырған сақтандыру түрлері мен шетелдік сақтандыру компанияларының ұлғайып отырған капитализациялану деңгейіне ілесе алмай отырған жағдайы бар. Сол себепті отандық сақтандыру жүйесінде негізгі стратегиялық мақсаттарды белгілеп, қарқынды даму бағытына түсу үшін модернизациялану мен дамыту жолдарын айқындау қажет.

3.2 Қазақстандағы сақтандыру қызметін интеграциялау жағдайындағы басқаруды дамыту


Интеграциялық үдеріс қазіргі экономикалық жағдайдағы объективті шындық. Қазіргі әлемдік экономикалық жүйенің дамуы жағдайында, бірде бір мемлекет басқа мемлекеттерден оқшаулану жағдайында өмір сүре алмайды. Өзінің экономикасының одан әрі дамуына мүдделі әрбір мемлекет, халықаралық саудаға қатысуды, қандай болса да бір халықаралық бірлестіктерге бірігуді өзінің сыртқы экономикалық және сыртқы саясаттағы мәселелерін шешудің бірден бір маңызды жолы деп есептейді. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған сәттен бастап, экономикалық қарым-қатынастарды нығайту және еліміздің экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында, интеграциялық қарым-қатынастарды дамытуға бағытталған, әртүрлі интеграциялық бірлестіктерге, оның ішінде Кедендік Одаққа, Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы ұйымына белсенді түрде араласып келеді. Соңғы он жылдықтың көлемінде әлемде ірі өзгерістер орын алды. Әлемдік, аймақтық және ұлттық экономикалардың даму қарқындары өсті, осыған байланысты сақтандырудың рөлі қатты жоғарылады.

2015-2016 жылдардағы жаһандық бәсекелестікке қабілеттілік бойынша Дүниежүзілік экономикалық Форумының есебіне сәйкес Қазақстан Республикасы 144 мемлекеттер ішінде 2016 жылда 53 орынды иеленді, бұл өткен жылға қарағанда 11 орынға төмен. Есепті жыл ішінде Қазақстан 114 индикатордың ішінде 40 индикаторлар бойынша артықшылықтарға ие болып тұр, ал 60 индикатор бойынша кему байқалды. Берілген рейтингте Ресей Федерациясы 43 орында тұр, ал Беларусь Республикасын Дүниежүзілік экономикалық Форумы бағаламаған [83].

Сақтандыру нарығы қаржы нарығының құрамдас бөлігі болып табылатындықтан рейтингтегі «Қаржы нарығының дамуы» индикаторларына тоқталып кетейік. Бұл топта Қазақстан 2017-2018 жж. ішінде бір ғана индикатор бойынша жағдайын жақсартқан: құқықты қорғау индексі бойынша 86 орыннан 85 орынға көтерілді (сурет 11). Қалған индикаторлар бойынша біраз төмендеу байқалды, оның ішінде ең көбі «қаржы қызметтерінің құны» индикаторы 19 орынға төмен түсіп, 95 орында орналасты. Қазақстан «қаржы қызметтерінің қолжетімділігі» көрсеткіші бойынша 15 орынға түсіп, 95 орынға тұрды [84]. Жалпы Қазақстан 2017 жылы 4 орынға түсіп, рейтингте 57 орынға ие болды.

Сақтандыру нарығы қаржы нарығының құрамдас бөлігі болып

табылатындықтан рейтингтегі «Қаржы нарығының дамуы» индикаторларына тоқталып кетейік. Бұл топта Қазақстан 2015-2016 жж. ішінде келесі екі индикатор бойынша жағдайын жақсартқан: банктің тұрақтылығы бойынша 5 орынға көтеріліп, 105 орында және заңды құқық индексі бойынша 7 орынға жоғарылап, 86 орында тұр (сурет 11). Қалған индикаторлар бойынша біраз төмендеу байқалды, оның ішінде ең көбі «несиенің қол жетімділігі» индикаторы 45 орынға төмен түсіп, 89 орында орналасты. Қазақстан «қор биржаны реттеу» көрсеткіші бойынша 21 орынға түсіп, 100 елдің қатарынан шығып, 108 орынға тұрды [84].



мұнда, 1 – қаржы қызметтерінің қолжетімділігі, 2 – қаржы қызметтерінің құны, 3 – қор биржаларды реттеу, 4 – банкердің тұрақтылығы, 5 - несиенің қол жетімділігі, 6 – венчурлық капиталдың қол жетімділігі, 7- бағалы қағаздар нарығы арқылы қаржыландыру, 8 – құқықты қорғау индексі

Сурет 11 – Дүниежүзілік экономикалық Форумның жаһандық бәсекелестікке қабілеттілігі бойынша Индексінің «қаржы нарығының дамуы» факторы бойынша негізгі көрсеткіштері, 2015-2017 жж.

Ескерту - Global Competitiveness Report негізінде жасалынды [84]

Соңғы жылдары ұлттық сақтандыру жүйесіндегі нақты интеграциялық бастамалар посткеңестік кеңістікте көрініс табууда. Осыған қарамастан, кейбір ұлттық экономикалар халықаралық ұйымдастыққа біріктірілетінін (Еуроодақ)

айтып кету жөн. Ұлттық сақтандыру жүйелерін бейімделу мақсатында көптеген елдер дамушы жүйелерде немесе интеграциялық құрылымдарда қолданылатын реттеу нысандары мен имплементация әдістері жолдарымен аяқ басып келеді. Сөзсіз, нақты мағынада мұндай жақындасу дұрыс сияқты. Бірақ та кей кезде еуропалық стандарттарды реттеуді енгізу жасанды сипатқа енуі мүмкін. Алған тәжірибені ауыстыру тәсілдері ұлттық сақтандыру жүйесі деңгейінде олардың қызмет етуінің деталдік моделдері келісілген болса оңтайлы.

Мемлекетаралық реттеу құралдарының қызмет етуі үш деңгейде көрініс табатыны бәрімізге белгілі, яғни ғаламдық, аймақтық және көпжақты. Ғаламдық деңгейде реттеу сәйкес интеграциялық қалыптасулар шегінде жүзеге асырылады (ОЭСР). Аймақтық реттеу сәйкес құрылымдарды қалыптастыру жолдарымен де жүзеге асырылады. Көпжақты келісімдер бірнеше ұлттық жүйелер шегінде реттеуге жағдай жасайды [85].

Ұлттық реттеуші органдар ұшырайтын негізгі мәселе – бұл ұлттық реттеу күн тәртібінің келісілмеуі. Келесіні атап айтқан жөн, ұлттық сақтандыру жүйесінің дамуының сәйкес келмеуі сақтандыру заңының унификациялау үрдісіне нақты кедергілер келтіруде. Егер бұрынғы кеңестік республикалардың интеграциясын сақтандыру қызметін реттеу шегінде қарастыратын болсақ, онда бірнеше жақындасу тәсілдерін атап көрсетуге болады. Интеграция мынадай жағдайда жүзеге асуы мүмкін:

Біріншіден, «әлемдік стандарттарға» сай заңға сәйкес қызмет ететін барлық интеграцияланатын келісімдердің бір уақытта енуіне негізделсе;

Екіншіден, заңды жетілдіру жолдарымен, яғни жинақталған әлемдік үрдістер есебімен;

Үшіншіден, қызмет ететін заңды унификациялау негізінде интеграцияланатын реттеу жүйесінің ішінен әлдеқайда прогрессивті базалық моделін қабылдауға;

Төртіншіден, бірнеше дамыған реттеу жүйесінен және қосылатын қатысушылардың заңдық базасының соңынан енгізген альянстың қалыптасуы.

Жалпыға белгілі Еуроодақтық сақтандыру қызметін реттеу жүйесі ең үлгілі деп саналатын, ол заңның тұрақтылық қағидасына негізделген, заңдық үкімет пен орындаушы органдар арасында тиімді арақатынасты санкцияны міндетті түрде қолдануды қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, Шығыс Еуропа дамушы елдерінің тәжірибесі өте маңызды, ұлттық сақтандыру нарығының құрылуы және сақтандыру қызметін мемлекеттік басқару жүйесі ұқсас әлеуметтік-экономикалық жағдайларда жүзеге асырып жатыр. Мұнымен қоса, бұл елдердің сақтандыру жүйелерінің табысты біріктірілсе Еуроодақ шегінде орнатылған тиімді ұлттық реттеумен қамтамасыз етілген болатын. Мынадай пікір бар, Шығыс Еуропа елдері өздерінің сақтандыру нарықтарын ашық жасағаннан кейін ұлттық сақтандыру егемендігінен айырылды. Мұнымен қоса, Шығыс еуропаның сақтандыру нарықтары даму үстінде және жақсы динамика көрсетуде.

Интеграция дегеніміз бірқалыпты реттеу жүйесін енгізу дегенді білдіреді. Еуроодақ елдері жеке заңдық сұрақтармен реттеуде нақты біртектілікті сақтап

қалды. Сонымен, барлық Шығыс Еуропа елдерінде сақтандыру саласында заңға сәйкес қызмет ететін және сәйкесінше органдармен қызмет ететін өздерінің ұлттық реттеуші органдарын сақтап қалған. Осыған орай, интеграцияланатын болып, мазмұны мен тізімі әрқашан жаңашылданып отыратын Еуроодақ директивтері табылады. Жалпыға ортақ сақтандыру ісінің субъектілерінің қызмет етуінің ұлттық және ерекше жағдайлары бар. Ұлттық сақтандыру жүйелеріндегі реттеу міндеттемелер мен шектеулер негізінде дәстүрлі түрде жүзеге асады, бұлар жеке реттеу жүйелерін сипаттайды. Оның ішінде сақтандыру делдалдарын реттеу, сақтандыру ұйымдарының банкроттылығы, өмірді сақтандыру келісім шарттары бойынша табыстылық нормасы, сонымен қатар антимонопольді реттеу жатады [86].

Еуропалық интеграция тәжірибесін назарға ала отырып, реттеу форматын өңдеу оңтайлы болып табылады, оның ішінде реттеудің негізгі аспектілерін анықтау түсіндіріледі. Жалпы реттеу нормалары есебінде, капиталдың минималды деңгейі, төлем қабілеттілік критерийлері, қайта сақтандыру талаптары, делдалдық қызмет жағдайлары, сонымен қатар сақтандырудың қажетті түрлерінің (сыныптары мен салалары) өткізу жағдайлары. Соңғы жағдайда сақтандырудың мына түрлері трансшекаралық операцияларды қамтамасыз ететін: азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру, жеткізушілердің жауапкершілігі, медициналық сақтандыру, саяхатшыларды сақтандыру және т.б. Аталған сақтандыру түрлері мемлекетаралық интеграцияның инфрақұрылымдық элементтері болып табылады.

Сақтандыру саясатын координациялау кезең-кезеңмен жақындату, сақтандыру заңын үйлестіру, трансшекаралық сақтандыру жағдайларын қамтамасыз ету, бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру, халықаралық стандарттардың сай келуімен қамтамасыз етіледі.

Ұлттық сақтандыру жүйесінің динамикалық даму жағдайын реттеу арқылы қамтамасыз етуі институционалдық жағдайлар есебінен, ұлттық қызығушылық пен экономика ерекшеліктерінен, қоғам, геосаясат, тарих және т.б. негізделеді. Бұл ұлттық экономика жүйесінде «жағымды» қосылу режимін құруға, сақтандыру жүйесін, сонымен қатар, әлемдік шаруашылық тәртіпті орнатуға септігін тигізеді. Көп елдерде құзырлы органдар реттеудің халықаралық стандарттарын қалыптастыру жолымен өз қызметін жүргізеді, олардың пікірінше, бұл ұлттық заңдылықты үйлесімдеуге көмегін тигізеді.

Ұлттық қадағалау жүйесі сақтандыру ісінің субъектілеріне тиімді параметрлер талаптарын орнату жолымен құрылуы қажет. Осыған орай, ұлттық қызығушылықты қорғауды назардан тыс қалдырмау қажет. Реттеу саласына сапалы сақтандыру қызметтерін көрсетуді қамтамасыз ететін инфрақұрылым элементтері де қосылған жөн. Сақтандыру нарығының маңызды компоненттері болып, өзін-өзі реттейтін ұйымдар-сақтандырушылар қауымдастықтары және сақтандыру қызметтерін тұтынатын одақтан, аудитор-сақтандырушы бірлестіктерімен актуарлық аудиторлар және т.б.

ТМД елдерімен қол жеткізілген экономиканы реформалаудың деңгейі сақтандыру саласында саясатты белсендетуге мүмкіндік береді [87]. Келісілген

сақтандыру саясаты сақтандыруды реттеу аясындағы әдістер мен тәсілдердің қарама-қайшы болмауын, жүргізілген шаралардың өзара тиімділігін және әр мемлекеттің экономикалық қызығушылықтарына залалды болдырмауын, олардың сақтандыру жүйелердің өзара жақындасуына жолдарды іздеуін қамтамасыз етеді.

ТМД елдерінің ұлттық сақтандыру жүйелері бір біріне алшақ дамуын және олардың сақтандыру заңнамасында айырмашылықтар бар екенін айтуға болады. Мемлекеттерде сақтандыру шарттары әр түрлі, сонымен қатар сақтандыру нарығының қатысушыларын талаптар әркелкі болып келеді. ТМД елдерінің кейбір қатарында шетел сақтандырушылардың қызмет етуіне шектеу қойылған.

ТМД елдердің сақтандыру жүйелерін интеграциялауды қажеттілігі келесіден туындайды: мемлекет аралық сауда және басқа экономикалық қатынастарда сақтандыру операциялары үлкен шығындарға ие, олар бұл елдердің сақтандыру нарықтың ағымды конъюнктурасымен ғана емес, бар кедергілермен анықталады.

Бүгінгі күні интеграция Кеден Одағы шегінде сауда айналымының көбеюінде және де интеграцияның қажеттілігі мен оның іске асырылу бағыттарын көрсететін бөлек халықаралық нормативті құжаттарды құруда айқындалады. Сақтандыру қызметін реттеуге сияқты интеграцияның күрделі аспектілері тек қана декларацияланады. Өйткені сақтандыру заңнамалары тым өзгеше, кей кезде ұлттық экономиканың даму деңгейлері әр түрлі болып келеді. ТМД елдерінің ЖІӨ-дегі сақтандыру төлемдерінің үлесі 2% көлемінде, ал дамыған елдерде 8-10%-ға тең [88].

Әдетте интеграция өзара баяу жақындасу негізінде жүргізіледі. Сол себептен интеграцияның алгоритмін қалыптастыру мақсатында сақтандыру жүйелерді реттеудің негізгі аспектілерін талдау қажет (кесте 17).

Кесте 17 – Реттеу жүйесін талдау

Атауы	Ресей	Қазақстан	Беларусь
Сақтандыруды қадағалау түрі	Шоғырландырылған қадағалу	Шоғырландырылған қадағалау	Мемлекеттік сақтандыруды қадағалау
Сақтандыруды қадағалау органы	РФ Орталық банктің сақтанлыру нарықтың департаменті	ҚР Ұлттық банкі	Қаржы министрлігі: Сақтандыруды қадағалаудың бас басқармасы
Шетел капиталдың қатысуы	50%-ға дейін квотаны ұлғайту	Жиынтық активтерде 29%	Сақтандыру ұйымдарының жиынтық жарғылық қорда 2,4%
Интеграция	ДСҰ мүшесі	ДСҰ мүшесі	ДСҰ-ға кіруі талқылауда
Ескерту - [88] негізінде автормен құрастырылған			

Сақтандыру жүйелердің институционалды дамуы бір-біріне ұқсас, тек Беларусь елінің реттеу жүйесінде өзгешіліктер байқалады. Бұл экономиканың, оның ішінде сақтандыру саласының мемлекеттендіру дәрежесінің жоғарлығымен түсіндіріледі. Сақтандыру компаниялардың қызмет етудің еркіндік режимі Украина мен Қырғызстанда байқауға болады, өйткені бұл елдер ДСҰ мүшелері болып табылады [89]. Жақын арада ДСҰ мүшесі ретінде Ресей мен Қазақстан мемлекеттерінің заңнамасында өзгерістер енгізілуі тиіс.

Әрбір трансұлттық бірлестіктің шегінде интеграцияның әртүрлі деңгейі мен жылдамдығына байланысты тиесілі қағидаттар мен реттеу әдістері қалыптастырылады, өйткені әр мемлекет бұл құрылымдарда қашан және қай бағыттарда қатысуды жеке тандайды.

Сақтандыру жүйелердің интеграциялық үрдістердің күшеюі жағдайында сақтандыруды мемлекеттік басқару сұрақтары маңыздылардың бірі және ұлттық сақтандыру нарықтарының аясынан шығып, әлемдік деңгейде қарастыруды талап етеді.

Ұлттық сақтандыру жүйелерінде жағымсыз салдардың болу мүмкіндігін минималдау мақсатында әлемдік беталыстарына бағытталған және ұлттық экономикалық жағдайының ерекшеліктеріне негізделген тиімді басқару жүйесі қажет. Дәлелсіз шектеулерді өту бірдей сақтандыруды қадағалау жүйесін енгізу жолымен қамтамасыз етіледі.

Жаһанданудың бір түрі ретінде ұлттық сақтандыру жүйелердің бірігудің объективті үрдістері сақтандыру заңнамасының ұлттық жүйелердің үйлесімділіктің қажеттілігіне әкеледі. Әлемдік сақтандыру жүйелердің дамуы капиталды тарту мен сақтандыру нарықтарына ашық кіруін қамтамасыз ету үшін неғұрлым тиімді жағдайларды құрудың алғышарты болып табылады. Ұлттық сақтандыру жүйелердің интеграциясы жалпы экономикалық интеграцияның салдары болып келеді [90].

Мемлекеттік басқарудың мазмұны мен қажеттілігі экономикалық жүйенің даму деңгейімен, тарихи, ұлттық, геосаяси және салалық шарттарымен анықталады.

Ұлттық экономиканың институционалды құрылымды қалыптасудың қазіргі кезеңі аймақтық және әлемдік деңгейлеріндегі белсенді интеграциялық үдерістердің жағдайында өтіп тұр. Бұл сақтандыру заңнамасының үйлесімділігін, сақтандыру субъектілердің қызмет етудің институционалды белгілерін өзгерту қажеттілігін тудырады. Әлемдік экономиканың даму беталыстары мен ұлттық институционалды жүйелердің бейімділігін талдау әлемдік шаруашылық байланыстарға отандық экономиканың интеграциясы үшін неғұрлым жағымды шарттарды құруға мүмкіндік береді.

Кедендік Одақ көлеміндегі мемлекеттер арасындағы сақтандыру нарығын интеграциялаудың негізі 1995 жылы Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Кедендік Одақ туралы Келісімге қол қою кезінде қаланған [91]. Ол Келісім бойынша Кедендік Одақты біртіндеп түрлендіру арқылы экономикалық одақ құруға ниет білдірілген.

Ресей, Қазақстан және Беларусь елдерінің ұлттық сақтандыру заңнамасы бір-бірінен сақтандыру нарығының субъектілерін мемлекеттік басқару түрі мен мазмұны бойынша айрықша болып келеді. Оны ұлттық сақтандыру жүйелердің дамудың әрқелкілігімен түсіндіруге болады. Оған қарамастан ұлттық сақтандыру жүйелердің даму деңгейі бірдей деп айта аламыз. Сақтандыру қызметін басқаруда бірдей әдістері мен тәсілдерін байқауға болады. Мәселен, Ресей, Қазақстан және Беларуссия аумақтарында сақтандыру ұйымдары мен сақтандыру брокерлердің қызметтері лицензияланады және тіркеуден өткізіледі. Бұл мемлекеттерде сақтандыру ұйымдарының төлем қабілеттігін есептеу әдістемесінің негізінде Еуроодақ Директивалармен қабылданған әдістемесі жатыр. Ресей, Қазақстан, Беларусь елдерінің сақтандыру ұйымдары сақтандыру резервтерін қалыптастыру мен сыныпталуы кезінде бірдей қағидаттарды қолданады [92, 93]. Ал терең талдау жүргізу кезінде сақтандыру саласындағы нормативті-құқықтық базаның кейбір актілері бойынша айырмашылықтарды байқауға болады. Беларуссия елінің басқару жүйесі тым айрықша болып келеді, бұл экономиканың мемлекеттендіруімен түсіндіріледі.

Ұлттық сақтандыру жүйелерін интеграциялау кезінде басқару сақтандыру саласында келісілген саясатты қалыптастыруды білдіреді. Бұл бірыңғай экономикалық бірлестікті құрудың мазмұнын, түрі мен кезектілігін анықтайтын мемлекетаралық келесімдерді және хаттамаларды құру мен қабылдаумен айқындалады. Посткеңестік мемлекеттердің арасындағы халықаралық келісімдер алғашқы кезде Еуразиялық экономикалық кеңістік деңгейінде қабылданып тұрды.

2003 жылы Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде сақтандыру саласында бірлесіп әрекет ету туралы Келісім жасалды. Осы Келісім бойынша Бірыңғай экономикалық кеңістікке кіретін жақтар өздерінің мемлекеттік саясаттарын жүргізуде толықтай тәуелсіздікті сақтай отырып, сақтандыру саласында бірлескен іс-әрекеттер жүргізеді, сақтандырудың нормативті базаларын үйлестіруде, сақтандыру ұйымдары іске асыруға тиісті іс-әрекеттерді лицензиялауда және оны жетілдіруде бірлесіп шешім қабылдайды. Сол сияқты, Келісім бойынша, сақтандыруды қадағалау органдары үшін және сақтандыруды реттеу мақсатында бірыңғай ақпараттық статистикалық база жасалу керек, сонымен бірге, сақтандыруға қатысты кадрлардың біліктілігін көтеру мақсатында, оларды оқыту және қайта дайындықтан өткізу облысында кең көлемде тәжірибе алмасуды ұйымдастырады.

2004 жылы Сақтандыру облысында әріптестік жөнінде Келісімін іске асыру мақсатында реттеу жүйелерін жақындасудың келесі кезеңі ЕурАзЭО мемлекеттердің сақтандыру қызметін басқару мен қадағалау ұйымдары арасында ақпаратты алмастыру туралы Келісімге қол қоюы болды. Бұл бақылау және қадағалау қызметтерін атқару мақсатында бар ақпаратқа қолжетімді болуы үшін жасалған қадам еді.

2009 жылы ЕурАзЭО мемлекет аралық кеңестің (мемлекет басшыларының деңгейіндегі) шешімі бойынша, ЕурАзЭО елдерінде жалпы сақтандыру нарығын құру туралы Хаттама қабылданды. Бұл Хаттама ЕурАзЭО

қауымдастығының 2003-2006 жылдардағы және одан кейінгі уақыттағы дамуының басым бағыттарын анықтап, оны іске асыру мақсатында қабылданған [94].

Хаттама ЕурАзЭО елдері арасындағы сақтандыруды қорғаудың жоқтығына немесе сауда және инвестициялық операцияларының сапасыз сақтандыруға байланысты әртүрлі сипаттағы кедергілерді жоюға бағытталған. Сондай ақ, Хаттама ЕурАзЭО елдеріндегі экономикалық қарым-қатынасты тереңдету, сақтандыру нарығын дамыту мақсатында, сонымен бірге сақтандыру заңнамаларын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында құрылған. Бүгінгі таңда Хаттаманы іске асыру бағытында жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Сонымен бірге нарықты дұрыс және тиімді интеграциялау үшін Қауымдастыққа қатысушы елдер арасында сақтандыру нарығын басқару және қадағалауға байланысты толыққанды ақпараттар алмасуы болу керек. Осы мақсатта тиісті заңнамаларға салыстырмалы талдаулар жасалды. Бірақ ағымдағы экономикалық ахуал жағдайында сақтандыру нарығын басқару мен қадағалаудың даму қарқыны мен оны жетілдіру мақсатында қолда бар ақпараттардың өзектілігін арттыру қажет.

Интеграция үшін Кеден Одағы шеңберінде жасалған келісімдер өте маңызды қадам болды. Атап өтсек, 2010 жылы «Капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін қаржылық нарықтарда жағдайды құру туралы» Келісім бірінші болып келді. Ол сақтандыру нарығын басқару; сақтандыру заңнамасын үйлестірудің негізгі жақтарын, сонымен бірге халықаралық ережелер мен стандарттарына сәйкес сақтандыру қызметін басқару мен қадағалауға талаптар мен тәсілдерді анықтау; міндетті сақтандыру, қайта сақтандыру және делдалдық қызмет кезінде регулятивті нормалардың жақындастыру аясында әріптестік; сақтандыру қызметін тұтынушылардың құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау бойынша бірегей талаптарды құру; сақтандыру ұйымдардың төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығын анықтауда бірегей қағидаттары мен тәсілдерін келістіру сұрақтары жөнінде елдердің уәкілетті органдары арасында ақпаратты алмастыруды ұйымдастыру бойынша шараларды қарастырады. Бұл шаралар сақтандыру қызметтер нарығында транспаренттілікті қамтамасыз етуді білдіреді.

Кеден Одағы шеңберінде ерте жасалған келісімдердің дамуы мен өзара сауданы кеңейту үшін жағдайды жасау 2011 жылдың 13 қаңтарында жасасқан Бірегей экономикалық кеңістік қатысушы елдерде қызметтерді сату мен инвестициялау туралы Келісіммен қамтамасыз етілді. Бұл Келісіммен кезкелген қатысушы елдің аумағында қатысушы елдің резидентімен заңды тұлғаны құру шарттары реттеледі. Жүктер мен жолаушыларды халықаралық тасымалдаумен байланысты қауіп-қатерді қорғауға қатысты сақтандыру қызметтерін сатуға ұлттық режим қолданылады. Берілген үкіметаралық құжаттар бірегей экономикалық, ал салалық тұрғыда сақтандыру кеңістігін құрудың кезеңдік қадамдарын көрсетеді.

2013 жылдың басында мемлекет аралық сақтандырушылар бірлестігі – сақтандыру ұйымдарының Еуразиялық Конгресін құру жөніндегі ұйымдастыру

шаралары аяқталды, оның құрамына Кедендік Одақ мүшелері үш елінің сақтандырушы компаниялары, сонымен бірге, Қазақстанның қаржыгерлер Ассоциациясы, Ресейдің сақтандырушылар ұйымының Одағы, және Белорусияның сақтандырушылар Одағы кірді.

Сақтандыру ұйымдарының Еуразиялық конгресі Кедендік Одақ аймағында бірыңғай сақтандыру нарығын құру жобасын жасауға кірісті [95]. Бірыңғай сақтандыру нарығы 2019 жылға қарай құрылады деп жоспарлануда. Оған дейін бірыңғай сақтандыру нарығының алғышарттары жасалып, заңнамалар үйлестірілуі керек және сақтандыру компанияларына қойылатын талаптар анықталу керек.

Конгресстің бірінші жобасы трансшекаралық сақтандыру мәселесін шешу болды. Бұл жоба бойынша авто тасымалдаушылардың жауапкершілігін сақтандыру мәселесі шешіліп, олардың шекараларды кесіп өту кезінде туындайтын қиындықтарын жойды. Ол үшін заңнамалық нормаларға аз ғана өзгертулер енгізу жеткілікті болды. Мысалы, автокөлік иелерінің міндетті сақтандыру келісім шарттарына толықтырулар енгізіліп, оларды өзара мойындау және сатып алу арқылы шекараны еш қиындықсыз кесіп өтуге мүмкіндік береді.

Бірінші кезеңде Кедендік Одаққа кіретін елдердің заңнамаларын, сақтандыру компаниялары мен қаржы нарығына кіретін басқа да қатысушыларға қойылатын нормативті талаптарды сәйкестендіру керек болады. Бұл үшін алғашқы кезде бірыңғай қайта сақтандыру кезеңі жасалып, сол уақыт ішінде қайта сақтандырушылар үшін бірыңғай талаптар бекітіледі, нәтижесінде Қазақстан мен Белорусияда қайта сақтандыру арзанға түсетін болады. Қазіргі кезде, сақтандырушылардың рейтингіне, капиталына, сақтандыру қорын құруға қойылатын талаптар әртүрлі болғандықтан, Қазақстан мен Белорусияның сақтандырушылары Ресейде қайта сақтандырыла алмайды немесе керісінше.

Кедендік Одаққа кіретін үш елдердің заңнамаларын сәйкестендіру арқылы, Қазақстан сақтандырушылары Ресейде қайта сақтандыру нарығына қатыса алады, бірақ бүгінгі күні бұндай қайта сақтандыру жолы Қазақстан үшін жабық болып тұр. Сонымен қатар сақтандыру тарифтері төмендейді. Әлжановтың көрсетуі бойынша «Қазақстандағы авто сақтандыру тарифтерінің Ресейдікіне қарағанда айтарлықтай айырмашылығы бар. Мысалы, Ресей аумағына кіретін қазақстандықтар үшін тариф 15 мың теңге болса, керісінше Қазақстанға кіретін ресейліктер үшін тариф небары 250 теңге құрайды» [96]. Қазіргі кезде шекараға жақын аймақтардағы сақтандырушылар мәселелері талқылануда. Тарифтерді үйлестіргеннен кейін, Кедендік Одаққа кіретін үш елдер үшін бірыңғай полис енгізілетін болады.

2015 жылда Конгресс бірнеше маңызды мәселелерді шешуді жоспарлаған еді: Кедендік Одақ шеңберінде үш елдердің сақтандыру нарығын интеграциялау, олардың бәсекеге қабілеттігін арттыру қарсаңында ортақ сақтандыру нарығын қалыптастыру. Қазақстанның сақтандыру нарығындағы қатысушылардың саны үш миллион адам деп бағаланады, ақшаға шаққанда 30

миллиард қана теңгені құрайды. Сарапшылардың пайымдауынша, бұл жағдайда республикаға шетелдік конкуреттерді тарту мүмкін емес. Қазақстанның сақтандыру нарығы баяу да болса, дұрыс жолмен дамып бара жатыр. Ерікті сақтандыру даму шегіне жетті. Сарапшылар жақын арадағы екі-үш жыл ішінде сақтандырушылар саны күрт өспесе де, сақтандыру ісінің кең қанат жаятынын болжайды [97].

Бүгінгі таңда Конгресс Кедендік Одаққа кіретін үш мемлекеттің ортақ сақтандыру нарығын қалыптастыру бағытындағы «Жол картасын» жасауды бастады. Бұл бағыттағы іске асырылған алғашқы жоба ретінде, автотасымалдаушылар үшін қиындық туғызып келген трансшекаралық сақтандыру мәселесін айтуға болады. Егер қазір автотасымалдаушы шекараны кесіп өту кезінде, оның жауапкершілігін сақтандыру мәселесі қиындық туғызатын болса, бұл саланы реттейтін заңнамаларға аздаған өзгерту енгізу арқылы бұл мәселені шешуге болады. Мысалы, автокөлік иелерін міндетті сақтандыру келісім шарттарына енгізілетін толықтыруларды Кедендік Одаққа кіретін мемлекеттердің мойындауы жеткілікті болар еді және бұл Одақ көлеміндегі шекараларды қиындықсыз кесіп өтуге мүмкіндік берер еді.

Сақтандырудың жаңа түрлерін енгізу: тасымалдаушылардың жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру, қауіпті нысандарды сақтандыру, жұмыс берушілердің жауапкершілігін сақтандыру және басқа түрлі сақтандыруларды Бірыңғай экономикалық кеңістік елдерінің біреуінде енгізу, Бірыңғай экономикалық кеңістікке кіретін басқа елдердің заңнамаларына айтарлықтай өзгеріс енгізуді талап етеді. 2015 жылда Конгресс бірнеше маңызды мәселерді шешуді көздеді: Кедендік Одаққа кіретін үш мемлекеттің ортақ сақтандыру нарығын қалыптастыру, олардың бәсекеге қабілеттігін арттыру т.б. Сонымен бірге үш елдің сақтандыру компанияларына жоғары дәрежеде маманданған кадрлар дайындауды қолға ала бастады.

Бұрынғы кеңестік республикалардың бірігуі аясында мемлекетаралық келісімдерде сақтандыруды басқару облысында әдістер мен тәсілдердің қарама-қайшы болмауын, жүргізілген шаралардың өзара табыстылығы мен әр мемлекеттің экономикалық қызығушылықтарына залал болдырмауын, олардың сақтандыру жүйелердің өзара жақындасу жолдарын іздеуін қамтамасыз етуі қарастырылды. Бұл басқару жүйелердің бірдей болатынын білдіріп тұр. Интеграциялық құрылымның барлық мүшелері үшін міндетті болып табылатын ұлттық экономика мен сақтандыру жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқарудың негізгі параметрлері анықталуы мүмкін. Оған сақтандыру компаниялардың төлем қабілеттілігі бойынша талаптары, сақтандыру нарығына кірудің ортақ қағидалары, шекаралық сақтандыру негізгі шарттары жатқызылуы мүмкін. Сақтандыру нарықтарының интеграциясы капиталдың еркін қозғалысына негізделеді, бірақ та ұлттық қаржылық жүйесі үшін өнеркәсіптік және қаржылық топтардың енуі өте қауіпті фактор болып саналады. Бұл жағдайда берілген құрылымдардың қызметі бойынша бақылауды ұйымдастыруға бірегей тәсіл қажетті.

Көрсетілген келісімдер шеңберінде тиісті заңнамаларды үйлестіру арқылы қаржы нарығындағы, оның ішінде сақтандыру нарығындағы, қазіргі кезде кездесетін шектеулер біртіндеп алынып тасталуға бағытталған іс-шаралар жүргізіледі. Осы келісімдер шеңберінде қол жеткізілген іс-шараларды қолдану арқылы Қауымдастық ішінде тиімді экономикалық саясат жүргізуге жағдай туғызылған.

Сонымен бірге, аталған келісімдердің негізгі мәселелерін тиімді түрде іске асыру үшін Қауымдастыққа қатысушы елдердегі сақтандыру заңнамаларының талаптарын халықарылық стандарттарға сәйкестендіру керек, атап айтқанда Сақтандыруды қадағалаудың халықаралық Ассоциясының (СКХА) талаптарына сай болуы керек [98]. Мысал үшін айтқанда, Ресейдегі сақтандыруды қадағалаудың СКХА қағидаларына сәйкестігін тексеру үшін және қаржы секторының тұрақтылығын бағалау үшін жүргізілген талдаулар Халықаралық валюта қорының Есебі бойынша, Ресейдің сақтандыруды қадағалауы халықарлық стандарттарға сәйкес келмейтінін көрсетті. Атап айтқанда ішкі бақылау жүйесі мен тәуекел қаупін басқаруға қойылатын талаптар, өзара байланыстағы тұлғалардың келісімдері туралы ақпараттарды жариялауға қойылатын талаптар, сақтандыру ұйымдарын корпоративті басқаруға байланысты, сондай-ақ қаржы институттары жасаған келісімдерге бірлескен қадағалау мен реттеуді енгізу үшін шетелдің құзыретті органдармен байланыс орнатылуы қажет.

Қазақстан Республикасында жоғарыда көрсетілген мәселелердің көпшілігі сақтандыру заңнамалары шеңберінде реттелген. Сонымен бірге қаржы институттары жасаған келісімдерді қадағалау мен реттеу көлеңкелі жолмен табылған ақшаларды ақтап алуға және терроризмге тосқауыл қоюға байланысты мәселелердің шешімдерін табу қажет, сақтандыру ұйымдарын корпоративті басқаруға байланысты талаптарды күшейту қажет.

Сақтандыру нарығындағы халықаралық стандарттар талаптары мен қағидаларына сәйкес келмейтін жағдайларының бар болуы, Бірыңғай Экономикалық кеңістік пен Кедендік Одақтың ұлттық заңнамаларын үйлестіру арқылы, бірыңғай сақтандыру нарығының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ингерациялық үдерістерді одан ары тереңдету қажеттігі көрінеді. Бірыңғай сақтандыру нарығын құру және оның тиімді жұмыс істеуі үшін жалпыға бірдей ортақ шарттар және басқару ережелері болу керек, ортақ «ойын ережелері» нарыққа қатынасушылардың барлығына бірдей түсінікті болғанда ғана бірыңғай сақтандыру нарығы құрылады. Қойылған мәселелерді іске асыру қатысушы елдер арасында реттеу мен қадағалаудың ағымдағы жағдайлары туралы толық және объективті ақпараттар алмасуы орын алғанда ғана мүмкін болады.

Қазіргі кездегі Бірыңғай Экономикалық кеңістік пен Кедендік Одақтың сақтандыру нарығын басқару мәселелеріне қатысты ағымдағы келісімдер базасы әлі де жетілдіруді қажет етеді. Сонымен бірге ЕурАзЭО және Бірыңғай Экономикалық кеңістікке кіретін мемлекеттер арасындағы қазіргі кездегі

келісімдер мен шарттарда, бірыңғай стандарттарға көшу және сақтандыру іс-әрекеттерін басқару мәселелерінің құқықтық нормалары бекітілген.

Бірыңғай Экономикалық Кеңістікке кіретін мемлекеттердің ұзақ уақытқа созылған ортақ тарихы болғанына қарамастан, тәуелсіздік жылдарында ұлттық заңнамаларына айтарлықтай өзгерістер енгізілген. Соның салдарынан ол елдердегі сақтандыру нарығын басқару әдістері, сақтандыру нарығының деңгейлері мен инфрақұрылымдары әр елде әртүрлі болып қалыптасқан.

Бірыңғай Экономикалық Кеңістіктегі интеграциялық үдерістер Ресейдегі, Белорусиядағы және Қазақстандағы сақтандыру нарықтарын сандық және сапалық жағынан бағалауды қажет етеді. Бұл елдердегі сақтандыру нарықтарының көлемдерінің әртүрлі болуы, егер заңнамаларды үйлестіру үдерістері ұлттық сақтандыру нарығындағы бәсекелестікті арттыруға бағытталған болса, интеграциялық үдерістерге кедергі болмауы тиіс.

Бірыңғай Экономикалық Кеңістіктегі қаржы жүйесін интеграциялау базалық қаржы институттарының, Базель комитеті жасаған халықаралық стандарттарға, Қаржы нарығын басқарудың халықаралық ұйымының стандарттарына сәйкес болуын талап етеді, төлемдер мен есеп айырысуларды қазіргі заманғы электронды жүйелер арқылы жүргізуді, қаржы нарығының ашықтығы мен инфрақұрылымдарының сәйкестігін, барлығына бірдей бәсекелестік мүмкіндігін қалыптастыру, ұлттық заңнамалар бойынша анықталған реттеу нормалары мен шарттарын жақындастыру талап етіледі.

Төмендегі 18-ші кестеде көрсетілгендей, сақтандыру сыйақылары мен төлемдердің ЖІӨ-ге қатынасы әр елде әртүрлі болып келеді. Сақтандыру нарығы көлемінің әр елде әртүрлі болуы, интеграциялау үдерісіне кедергі болмайды, бұл жағдайды интеграциялау кезінде ескерілетін ерекшеліктер деп түсіну керек.

Кесте 18 – Әр елдегі 2012-2016 жылдар арасындағы сақтандыру сыйақылары мен төлемдердің ЖІӨ-ге қатынасы (%-пен берілген)

Мемлекеттер	2012 ж	2013 ж	2014 ж	2015 ж	2016ж.
Сақтандыру сыйақыларының ЖІӨ-ға қатынасы					
Белорусь	0,82	1,04	0,93	0,94	1,05
Қазақстан	0,67	0,74	0,69	0,70	0,80
Россия	1,30	1,36	1,39	1,27	1,29
Сақтандыру төлемдерінің ЖІӨ-ға қатынасы					
Белорусь	0,39	0,43	0,42	0,54	0,56
Қазақстан	0,24	0,18	0,18	0,20	0,20
Россия	0,59	0,62	0,66	0,63	0,61
Ескерту – [46, 99, 100] әдебиеттердің негізінде автормен құрастырылған					

Бірыңғай Экономикалық Кеңістікке қатысушы елдердің сақтандыру нарығының басым бөлігі Ресей Федерациясына тиесілі, дегенмен сақтандыру нарығындағы Ресейдің үлесі салыстырмалы түрде қысқарған. Есепті жыл ішінде сақтандыру субъектілердің саны 423-ге дейін қысқарды, яғни 55

сақтандыру компанияның лицензиясы тоқтатылды, оның негізгі себебіне активтердің төмен сапасы мен олардың құрылымына қойылатын талаптардың орындалмауы. Сақтандыру нарығын әлсіз және сенімсіз қатысушылардан босату нарықтың концентрациясына әкелді, яғни ірі 20 сақтандыру компанияларына сақтандыру сыйақыларының 80,4%-ы келеді, ал өткен жылы бұл көрсеткіш 78,0%-ға тең болды. Сақтандыру сыйақылардың көлемі 1057,8 млрд. руб. құрады, олардың өсу қарқыны 12,8%-ға дейін жоғарылады. Бұл ЖІӨ көлеміндегі үлестің 1,27%-дан 1,29%-ға дейін өсім берді. Бірақ та, жасасқан келісімшарттардың саны 2015 жылмен салыстырғанда 5,4%-ға қысқарды, оның ішінде 87,5%-ы үлесі жеке тұлғалармен жасалған сақтандыру келісім шарттарына келеді. Сақтандыру сыйақылардың өсу қарқынына өмірді сақтандыру классы көп үлес қосты, ол өткен жылмен салыстырғанда 19,1%-ға артты. Жүргізілген ОСАГО реформасы өз нәтижелерін берді, яғни төлемдер залалды есептеудің бірыңғай әдістемесі арқылы жүргізіледі және электронды полисті рәсімдеу мүмкіндігі туды. Несиелендіру көлемінің төмендеуі сақтандырудың барлық сегменттеріне жағымсыз әсер етті [99].

Соңғы жылдары сақтандыру нарығында Қазақстанның үлесінің өсімі байқалады (6,8%-дан, 7,1%-ға дейін), бұл көрсеткіш Беларусь нарығында (3,1%-дан, 4%-ға дейін) болды. 2012-2016 жылдар аралығында Қазақстандық сақтандыру нарығындағы активтердің өсу қарқыны 16%-ды құрайды екен. Дегенмен Ресей Федерациясының сақтандыру компаниялары БЭК қатысушы елдер арасында өте үлкен екендігін атап өту керек. Мысалы, Ресейлік бір сақтандыру компаниясына шаққанда алынған сыйақының мөлшері 2012 жылы 75 млн. АҚШ долларын құраған. Қазақстандық бір сақтандыру компаниясына шаққанда алынған сыйақының мөлшері 2012 жылы 54 млн. АҚШ долларын құраған.

Беларусь сақтандыру нарығында бір ғана ірі «ойыншы» Белгосстрах бар десе болады. 2016 жылдың соңында бұл компанияның барлық Беларусь сақтандыру нарығындағы үлесі 48%-ды құрайды. Бірінші 10 сақтандыру компанияларының үлесі 93%-ға тең [100]. Интеграцияланған сақтандыру нарығын құру мен мөлдірлігін жоғарлату үшін БЭК ел-мүшелердің реттеу мен қадағалау облыстарындағы сақтандыру заңнамасының сәйкес болуы қажет. Төменгі 19-кестеде Ресей Федерациясында, Қазақстанда және Беларуссияда сақтандыру қызметін реттейтін негізгі нормативті-құқықтық актілер көрсетілген.

ЕурАзЭО ел-мүшелерінің сақтандыру аясындағы заңнаманың салыстырмалық талдауы сақтандыру компанияларға қойылатын талаптар дәрежесі мен ұлттық нарықтарда резидент еместердің қызметін реттеу бойынша тәртібі әр түрлі екенін көрсетті. Мысалы, Ресей мен Қазақстан өзінің сақтандыру нарықтарының либерализациялау дәрежесі бойынша Қырғыстаннан әлдеқайда қалып отыр. Беларусь Республикасының заңнамасы нарыққа резидент еместердің күруін қатал шектеуде ұстайды [101]. Сонымен бірге КО елдерінің заңнамалық жүйелерінің түсініктеме аппаратында бірегейлік жоқ, ал бірігу үрдісінде бұл мәселе ең біріншіден үйлесімділікті

талап етеді. Мәселен, сақтандыру қатынастарының қатысушылары, сақтандыру келісімшарттарының терминдері әртүрлі анықталған. Сол себептен, сақтандыру қатынастар субъектіге ортақ анықтамасын енгізу және оның заңды мәртебесін орнату қажет.

Кесте 19 – РФ, ҚР және БР сақтандыру қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер

Мемлекет	Құқықтық актінің атауы	Заңды қабылдау күні
Белорусь Республикасы	Беларусь республикасының Азаматтық кодексі «Сақтандыру қызметі туралы» Беларусь Республикасы Президентінің Бұйрығы	07.12.1998 ж., № 218-3 25.08.2006 ж., № 530
Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңы «Жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру тобы үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді белгілеу және пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептерді ұсыну мерзімдері жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР ҚҚА Басқармасының Қаулысы	1.07. 1999 ж., № 409-1 18.12.2000 ж., № 126- II 22.08.2008 ж., № 131
Ресей Федерациясы	Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі (2 бөлім) «Ресей федерациясында сақтандыру ісін ұйымдастыру туралы» РФ Заңы	26.01.1996 ж., № 14-ФЗ 27.11.1992 ж., № 4015-1 (өзг. 29.06.15ж.)
Ескерту - Автормен құрастырылған		

Ұлттық заңнамаларда сақтандыру субъектілері үшін қаржылық тұрақтылықты басқару және оның шарттары мен факторларын анықтаудың әртүрлі әдістері бекітілген. Қазақстан Республикасының заңнамасына сақтандыру ұйымның қаржы тұрақтылығын бақылау мақсатында пруденциалды нормативтерді енгізгені белгілі. Ал Ресей Федерациясында пруденциалды қадағалау жүйесінің қалыптасу үрдісі әлі жүргізілуде.

Барлық үш мемлекетте Еуроодақ Директиваларға сүйінген сақтандыру ұйымдарының төлем қабілеттіліктің нормативті және нақты маржасының сәйкестендіру әдістемесі қолдануына қарамастан унификациялау мен үйлесімдеу мақсатында пруденциалды қадағалаудың бірдей көрсеткіштер тізбесі енгізу қажет, оларға жарғылық (меншікті) капиталдың минималды деңгейін анықтау, төлем қабілеттілік маржасының нормативі, сақтандыру ұйым активтерінің құрамы мен құрылымы кіргізілуі дұрыс деп санаймыз.

Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасының сақтандыру ұйымдарымен сақтандыру резервтерін қалыптастыру тәжірибесі Еуропалық Одақтың Директивалардан алынған.

Заңнамаларды үйлестіру мақсатында резервтерді есептеу әдістемесін бірдей жүйеге келтіруді қажет. Беларусь, Қазақстан және Ресей елдерінде сақтандыру резервтер қаражаттарының орналастырылуы әртүрлі нормативтік талаптар негізінде жүргізіледі. Сақтандыру резервтерін орналастырудың инвестициялық реттеуді унификациялау міндеті активтердің бірдей тізімі мен жіктелуін орнатуды, сонымен бірге олардың қатынастарын анықтауды талап етеді.

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясында жарғылық (меншікті) капиталдың ең төменгі деңгейі ұлттық заңнамамен және нормативтік құжаттармен сақтандыру сыныптарына байланысты әртүрлі деңгейде белгіленген. Мәселен, өмірді сақтандыру мен басқа сақтандыру түрлерінің қайта сақтандырумен бірге, жағдаятсыз оқиғалар мен аурулардан сақтандыру, медициналық сақтандыру немесе мүлікті сақтандыру, ипотекалық сақтандыру.

Жарғылық капиталға талаптардың үйлесімділігі оның ең төменгі мөлшерін, есептеу базасы мен шеткі мәнін анықтаудың ортақ қағидаларын өндіру жолымен жүргізіледі. Сонымен бірге сақтандыру қызметінің сыныптамасында лицензиялау рәсімдері мен филиалдарды ашу тәрбінде бар өзгешіліктер унификациялауды қажет етеді.

Қазақстан мен Ресейде сақтандыруды қадағалауды ҚР Ұлттық банкі мен РФ Орталық банкі жүргізеді, ал Беларусь елінде сақтандыру қызметінің орталықтандырылған басқару жүйесі орнатылған. Сақтандыру қызметінің мемлекеттік реттелуі Беларусь Республикасының Президентімен, Беларусь Республикасының Ұлттық жиналысымен, БР Министрлер Кеңесімен және Қаржы министрлігімен жүргізіледі. Сақтандыру қызметін қадағалауды Қаржы министрлігі атқарады. Қадағалау органдардың қызметі мен лауазымда анықталған айырмашылықтар мен сәйкессіздіктер белгілі унификациялауды талап етеді [102].

Басқарудың маңызды аспектілерінің бірі сақтандыру ұйымдарының қайта құрылуы мен жабылуы мәселелері болып табылады. КО елдерінде олар рәсімдердің мазмұны мен түрлерінің тізбесі бойынша айрықшаланады. Сонымен қатар сақтандыру ұйымының банкроттылыққа ұшырау салдарынан жабылуы кезінде несиегерлердің наразылықтарын басқару тәртібі әртүрлі болып келеді, мәселен, Ресейде сақтандыру төлемдерін кепілдендіру жүйесі мүлдем жоқ деп айтуға болады. Осы мәселелердің маңыздылығы мен өзектілігін ескеріп, олардың шешілуі сақтандырудың заңнамалық жүйесін үйлесімдеуде маңызды міндет болып табылады.

Кеден Одағының елдерінде міндетті сақтандыруды ұйымдастыруда біраз айырмашылықтар байқалып тұр. Мәселен, Беларусь Республикасында мемлекеттік реттеу мен орталықтандыру басым болғандықтан міндетті сақтандыру тек қана мемлекеттік сақтандыру ұйымдарымен немесе 50%-ы мемлекеттік меншікке тиесілі ұйымдарымен жүргізіледі. Бұл төлемдер бойынша мемлекеттік кепілдемесін алатынын және де Беларусь Республикасының Президентімен сақтандыру тарифін бекітілуін береді.

Міндетті түрлердің ұйымдастырылуы сақтандырудың негізгі шарттарын анықтайтын бір заңнамалық актіде регламенттенген.

КО елдері үшін ортақ міндетті сақтандыру түрлеріне көлік құралдарын иеленушілердің азаматтық жауапкершілігін сақтандыру, өндірісте жағдаятсыз оқиғалардан және кәсіби аурулардан сақтандыру, жолаушылар алдында тасымалдаушының азаматтық жауапкершілікті сақтандыру жатады. Ауыл шаруашылығында сақтандыру бойынша талаптарында біраз ұқсастықтар бар. Жалпы сақтандырудың міндетті түрлерінің ұлттық тізбесінде айырмашылықтар бар деп айтуға болады. Бірегей экономикалық кеңістік маңызды әлеуметтік мәні бар міндетті сақтандырудың ортақ түрлері мен оларды жүргізудің бірдей тәртібі болған жағдайында ғана құрылуы мүмкін.

Қайта сақтандыру қызметін реттеу кезінде де бірнеше айырмашылықтар бар. Беларусь Республикасында қайтасақтандыру операциялардың көп үлесі мемлекеттік қайта сақтандыру ұйымдардың атына бекітілген. Оған қоса меншікті төлемінің шегі және цеденті комиссиялық сыйақының мөлшерімен бекітілген. Ал Қазақстан Республикасында қайта сақтандыру тәуекелдер көлемі бойынша шектеулер пруденциалдық нормативтер деңгейін байланыстырылған. Қайта сақтандыруға тәуекелдерді беру қайта сақтандырушының бекітілген рейтингтік бағасымен регламенттеледі. Шектеулер алынған және берілген қайта сақтандыру сыйақылардың көлемі мен айырымына, олардың рейтингтеріне, сонымен қатар «өмірді сақтандыру» саласы бойынша тәуекелдерді беруге орнатылған [103]. Ресей Федерациясының заңнамасында өмірді сақтандырудың қайта сақтандыру операциялары мен мүліктік сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруды бірлесіп жүргізуге шектеулер және де сақтандыру резервтерде қайта сақтандырудың үлесінің шегі орнатылған еді. Қаржылық нарықтардың ашылуы нарыққа енудің бірдей ережелердің жүргізілуін, сонымен қатар сақтандыру мен қайта сақтандыруды бірге жүргізілуі бойынша салалық шектеулердің бар болуын білдіреді.

Барлық мемлекеттердің заңнамаларында делдалдардың түрлері анықталған, олар брокер мен агенттер. Барлық елдерде сақтандыру агенттері ретінде жеке немесе заңды тұлғаға қызмет етуге рұқсат етілген. Сақтандыру агенттерінің мәртебесі мен қызметі Беларусь мен Қазақстанда өте терең регламенттелінген. Сонымен бірге Қазақстанда агенттің арнайы дайындығы мен кәсіби беделі бойынша талаптары және сақтандыру ұйымында қатарласып жұмыс істеуге болмайтыны бекітілген. Сақтандыру ұйымы сақтандыру агенттерінің реестрін жүргізуге, оны уәкілетті ұйымға тапсыруға және қолжетімді ресурста орналастыруға міндетті. Қазақстан Республикасында сақтандыру агенттері үшін сақтандыру сыйақыларын инкассациялауға тыйым салынған, жеке және заңды тұлғалар агенттері үшін міндетті сақтандыру түрлері бойынша комиссияндық төлемнің жоғары шегі орнатылған. Беларусь Республикасында сақтандыру агенті ретінде жеке кәсіпкер болуына тыйым салынған. Бірақ та сақтандыру агенті өмірді сақтандыру саласы бойынша бірнеше сақтандыру ұйымдарының өкілетті тұлғасы, ал сақтандырудың басқа түрлері бойынша тек біреудің ғанабола алады. Беларусь Республикасында

сақтандыру агенттері міндетті сақтандыру түрлері бойынша келісімшарттарды қайтарымсыз негізде жасайды. Сақтандыру брокерге сақтандырудың ерікті түрлері бойынша рұқсат етілетін қызмет түрлерінің тізбесі бекітілген, ал міндетті сақтандыру бойынша делдал қызметіне тыйым салынған. Сонымен қатар брокер резидент емес ұйымдарда делдал қызметін атқара алмайды. Брокердің сақтандырушыдан және сақтанушыдан да сыйақыны алуға құқысы бар.

Қазақстан мен Ресейде брокер қызметін агенттің, сақтандырушының және қайтасақтандырушының қызметімен қатар жүргізуге тыйым салынады. ҚО елдерінде сақтандыру брокердің қызметі сақтандыру операциялармен шектеледі. Қазақстан Республикасында сақтандыру брокері үшін жарғылық капиталдың минималды көлемі 50 мың еуро көлемінде орнатылған. Ресей Федерациясында сақтандыру брокері бір уақытта сақтандырушы мен сақтанушының өкілетті тұлғасы болуға құқысы жоқ [104]. Осыған байланысты сақтандыру делдалдарына қатысты талаптарда айырмашылықтарды байқауға болады, яғни олардың мәртебесі, қызметтік міндеттері, лауазымдары мен құқықтары, контрагенттермен қаржылық өзара қатынастары, уәкілетті органдармен өзара әрекет ету тәртібін унификациялауды талап етеді.

Жоғарыда аталған нақты интеграцияның аспектілері өңдеу барысында тұр. Қаржылық нарықтар қатысушыларына берілетін талаптарды құру мен қаржылық нарықтарды басқару саласындағы уәкілетті органдар арасында ақпаратты алмасуды ұйымдастыруға қатысты жаңа келісімдер дайындалуда. Бұл бірегей экономикалық кеңістікті құру бойынша белгілі жолдарды табуға және шараларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Сақтандыру қызметін мемлекеттік басқару жүйесінің қызмет етуі көбінесе сақтандыру қатынастар саласында нормативті құқықтық базаның дамуы дәрежесімен анықталады. Сақтандыру жүйелердің даму деңгейі мен басқарудағы бар өзгешіліктерді жою ұлттық және халықаралық сақтандыру заңнамасының нормаларын сақтау мен үйлестіру арқылы ғана емес, сақтандыру жүйелердің қызмет ету транспаренттілік қағидасын жүзеге асыруымен де жүргізіледі. Бұл заңнамалық пен нормативтік базаға ғана емес, статистикалық ақпаратқа да қатысты. Бірегей ақпараттық кеңістіксіз үйлестіруге қол жеткізуге болмайды.

БЭЖ елдерінің қаржы нарықтарында сақтандыру заңнамасының үйлесуі ішкі қайтасақтандыру нарықтарының мүмкіндіктерін кеңейтуге және де келешекте ШЫҰ елдерін тартуға мүмкіндік береді. Бірыңғай сақтандыру нарығын құру БЭЖ бұл аумағында қаржылық тұрақтылық пен сақтандыру қызметтерін тұтынушыларды тәуекелдерден қорғауға кепілдік бере алады.

Сақтандыру секторындағы үйлестірулердің кезеңдері:

- терминологияны бір жүйеге келтіру (унификация):
- сақтандыру нарығына қатысатын мамандардың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету, оның ішінде: сақтандыру қорларын, сақтандыру қорларының орнын толтыру үшін қолданылатын активтердің құрамы мен құрылысын, жарғылық қорлар мен меншікті капиталдың ең төменгі

мөлшерін анықтауды, сақтандыру портфелін берудің шарттары мен ережелерін үйлестіру;

- халықаралық стандарттар негізінде бухгалтерлік (қаржылық) есеп беруге қойылатын талаптар, бухгалтерлік есеп беру және аудиторлық таксерулердің ережелерін үйлестіру;

- сақтандыру іс-әрекеттерін лицензияладың тәртібі мен ережелерін;

- сақтандыру нарығына қатысушы мамандардың іс-әрекеттеріне қадағалау жүргізудің тәртібін;

- заң бұзушылыққа қолданылатын санкциялардың түрлері мен мөлшерін анықтаудың тәртібі мен шарттары;

- басшы қызметкерлердің мамандану біліктілігіне қойылатын талаптар;

- сақтандыру ісін жүргізуге лицензия беруден бас тартудың негізін үйлестіру;

- жоюдың (оның ішінде мәжбүрлі түрде жою, банкротқа ұшырау себепті жою) немесе қайта құрудың тәртібі мен процедураларын үйлестіру;

- сақтандыру ісін жүргізуге берілген лицензияны қайтарып алу немесе оның күшін тоқтата тұру негіздерін үйлестіру;

- қайта құру тәртіптерін;

- сақтандыру топтардың және сақтандыру холдингтердің құрамына қойылатын талаптарды және олардың қаржылық сенімділігіне қойылатын талаптарды үйлестіру.

Сақтандыру нарығында қызмет көрсету саласында монополия элементтері байқалмайды және шетелдіктердің қатысуы үшін жол ашық. Бұл саладағы көптеген шектеулер жоғары рейтингті талап етуі мен қаржылық жағдайының қалыпты болуына байланысты. Қазақстандық сақтандыру қызметін тұтынушылар объективті түрде бұл секторға шетелдіктердің қатысуына қызығушылық танытады. Кез келген жағдайда ұлттық сақтандыру нарығы жойылып кетпейді.

Сақтандыру нарығындағы интеграциялық үдерістің негізгі мақсаты, Қазақстанға алдыңғы қатардағы сақтандыру технологиясын тарту, қазақстандық сақтандырушылардың өскелең талаптарын қанағаттандыратын жоғары сапалы және әртүрлі сақтандыру өнімдерін кіргізу. Сақтандыру нарығында қызмет көрсетуге бәсекелестік жоқ. Сондықтан сақтандыру нарығын дамыту үшін маркетинг пен менеджмент қызметтерін жоғары деңгейге көтеру керек.

Қазақстандық сақтандыру нарығы Бірыңғай Экономикалық Кеңістікке кіруге байланысты либералдану нәтижесінде сақтандыру нарығының институционалды құрылымы өзгеруі керек. Нарыққа аса ірі шетелдік сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары келеді. Мұнай-газ, энергетика, тау-кен өндіру салаларындағы ірі тәуекел қауіптерін резидент еместер, тұрақты жұмыс істейтін мекемелер құрмай-ақ, өз мойындарына алатын болады. Шетелдік сақтандыру делдалдарының, тәуекел қауіпін бағалау мен оларды шетелдік сақтандыру ұйымдарына орналастырудағы жұмыстары жанданады.

Бұл жағдайда, кең көлемде дами алмаған сақтандыру секторлары (өмірді сақтандыру, ірі тәуекел қауіптерін сақтандыру) үшін тәуекел қауіптері ерекше арта түседі. Бұдан бөлек, шетелдерден тікелей қаржыландыру қызметтері көрсетілуге байланысты, ұзақ мерзімді сақтандыру механизмдері арқылы ақшаның шет елдерге ағуына байланысты бұл тәуекел қауіптері одан ары күшейе түседі.

Кіші және орта бизнес секторын сақтандыру қазіргі кезде сақтандыру сыйақысын жалпы көлемінің шамамен 11%-ын құрайды. Сақтандыру секторының көлемінің аз болуы, оның ішіндегі кіші және орта бизнесті сақтандырудың үлесі тіпті аз болуы, бұл секторлар шетелдік инвесторлар үшін қызығушылық тудырмайды.

Дербес тұлғаларды сақтандыру секторы, администрациялық шығынның көп болуына байланысты өзін ақтамайтын секторлардың бірі болып саналады. Бұл салаға шетелдік сақтандыру компаниялары қызығушылық таныта қоймайды [105].

Ағымдағы реттеу режимі сақталған жағдайда қайта сақтандыру механизмді өзгерте алмайды. Ресей Федерациясына дәстүрлі түрде әуе және су транспорттарын және Ресейде шығарылған басқа да механикалық құралдарды сақтандырумен байланысты тәуекел қауіптері беріледі.

Бұл жағдайларға байланысты, Қазақстанның интеграциялық процестерге мүқият дайындалуы қажет. Еліміздің экономикасындағы сақтандыру нарығының өндірістік және әлеуметтік-экономикалық сипатына байланысты әлеуетін ескере отырып, мемлекет сақтандыру нарығын дамытуға ықпал жасауы керек. Сақтандыру нарығына мемлекеттің араласуы отандық сақтандыру нарығының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, Бірыңғай Экономикалық Кеңістікте шеңберінде шетелдік сақтандыру компанияларымен бәсекеге түсуін қамтамасыз етеді.

Бұл жердегі мемлекеттің рөлі халықтың сақтандыру мәдениетін көтеруге және екінші жағынан сақтандыру ұйымдарының сенімділігін арттыруға бағытталуы керек. Табиғи жолмен сұрыпталу арқылы капитализацияға талаптың күшейтілуі, сақтандыру ұйымдарының іріленуіне және қауымдасып жұмыс жасауына ықпалын тигізеді. Осылайша, сақтандыру нарығында жеткілікті мөлшерде капиталы бар, халықаралық стандарттар талаптарына сай, төлем қабілеті жоғары ірі сақтандыру компаниялары пайда болады.

Сақтандыру нарығын одан ары дамытудың негізгі маңызды бағыттарының бірі, сақтандыру ұйымдарында капитализация көлемін арттыруға бағытталған кешенді шаралар қолдану болып табылады. Капиталдың жинақталуы, жергілікті сақтандырушылардың тәуекел қауіптерін сақтандырудың үлкен бөлігін ұстап қалуына мүмкіндік береді, ал бүгінгі күні оның негізгі бөлігі шетелге қайта сақтандыруға өткізіледі.

Екінші тарауда біз сақтандыру ұйымдарының тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін кезегімен біртіндеп Solvency II жүйесінің талаптарын енгізу керектігін айттық. Бұл жүйе сақтандырушылардың сапалы қызметтері және қадағалау арқылы әртүрлі тәуекел қауіптерін жеке есептеп,

жабуға мүмкіндік береді. Сақтандырушының меншікті капиталының мөлшеріне қойылатын талап екі деңгейден тұрады: капиталға ең төменгі мөлшерде қойылатын талап орындалмаған жағдайда жедел түрде лицензиясы қайтарылып алынады және сақтандырушының төлем қабілеттігін қамтамасыз ететін капитал мөлшері, бұл талап орындалмаған жағдайда сақтандырушыға қаржы жағынан қолдау немесе санкция қолдану шаралары қарастырылады.

Сонымен бірге бір мезгілде Solvency II жүйесінің екінші компонентінің талаптарын енгізу қажет. Бұл компонент талаптары бойынша тәуекел қаупін басқарудың, андеррейтинг және ішкі жүйелерінің тиімділігі бағаланады. Негізгі бизнес-үдерістердің стратегиясы бағаланады.

Сақтандыру ұйымдарының сенімділігін артыруда, сақтандыру субъектілерінің тәуекелге бағытталған негіздегі іс-әрекеттерін бақылаудың және қадағалаудың маңызы зор. Қазіргі кезде қадағалау жүйесі тәуекел қаупін талдауға негізделген: капиталдар, активтер, қайта сақтандыру, сақтандыру қорлары, менеджмент, табыстылығы, қозғалғыштығы, сақтандыру ұйымының тұрақтылығын бағалауға негізделген.

Ерікті сақтандыру нарығында мемлекеттің ынталандыруы, ұлттық экономиканың дамуына байланысты стратегиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік туғызады. Мысалы, өмірді сақтандыру нарығының дамуы, халықты әлеуметтік жағынан қорғаудың ажырамас бөлігі болып табылады және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа әсер етеді. Сақтандыру жүйесі мемлекетке, өндіріс орындарына және жеке азаматтарға табиғи және техногенді апаттар салдарынан және әртүрлі келеңсіз оқиғалардан келтірілген шығынның орнын толтырады.

Әлеуметтік жағдайға бағытталған өмірді сақтандыру саласы, жинақтаушы функциясы болғандықтан, банктердегі депозиттерге альтернативті болу мүмкіндігі бар, бұл сақтандыру арқылы қорғандың артықшылығы болып табылады. Өмірді сақтандырудың басқа түрлері де қосымша әлеуметтік қамсыздану болады және басқа да қаржы қызметтерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде сақтандыру ұйымдары ұзақ мерзімді міндеттемелер алу арқылы, ликвидті ұзақ мерзімді қаржы құралдарына сұраныс туғызу арқылы құнды қағаздар нарығының дамуына әсер ететін институционалды инвестор болып табылады.

Бұдан бөлек, өмірді сақтандыру көп мөлшерде ақша табудың көзі болып саналады, сол арқылы маңызды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда, экономиканы дамытуда, сол сияқты маңызды әлеуметтік функцияларды орындауда маңызды рөл атқарады.

Қазақстандық сақтандыру ұйымдарының іріленуі, олардың сапа жағынан жоғары деңгейге көтеріліп, қайта сақтандыру ісімен айналысуға мүмкіндік береді. Сақтандыру ұйымдары жеткілікті мөлшерде капиталды иелену арқылы қаржы жүйесіндегі маңызды ойыншылардың қатарына қосылады және жергілікті қайта сақтандыруды дамыту арқылы отандық сақтандыру нарығына

капитал жинақталуына, шет елдерден қайта сақтандыру сыйақыларының құйылуына ықпал етеді.

БЭК бірегей сақтандыру нарығының құрылуына Solvency II жүйесіне негізделген келесі төлем қабілеттілікті бақылау қағидаларын енгізуі септігін тигізеді, олар:

- сақтандыру ұйымының төлем қабілеттілігін бағалау кезінде қоржын құрылымын, залалдардың дамуын, компания активтерінің тәуекел деңгейін, тәуекел-менеджмент деңгейін есепке алуға міндет қою;

- сақтандыру ұйымдарды төлем қабілеттілік бағасын сандық және де сапалық көрсеткіштерге, меншікті капиталдың жеткіліктілік бағасын сақтандыру оқиғаларының болу ықтималдығының моделіне, сонымен қатар сақтандыру ұйымының банкроттыққа ұшырау бағасына негізделуіне міндет қою.

Жоғарыда жүргізілген талдау негізінде бірегей сақтандыру нарығын құруды іске қосу және ұлттық сақтандыру нарықтарының қызмет ету тиімділігін жоғарлату үшін диссертациялық зерттеу шегінде келесі шараларды жүргізуі ұсынылған:

- бірегей сақтандыру нарығының негізіні құру үшін ЕурАзЭО елдердің сақтандыру нарықтарының даму деңгейін теңестіру бойынша бірлесіп жұмысты атқару;

- айқындалған ерекшеліктер мен кемшіліктерді есепке ала отырып, ЕурАзЭО елдерінің сақтандыру құқығының жүйесін үйлестіру. Бұл жағдайда құрылған сақтандыру құқығының механизмі сақтандырушылармен өзінің міндеттерін орындау және сақтандыру қызметін тұтынушылардың қызығушылықтары мен құқықтарын сақтау кепілі ретінде болады;

- ЕурАзЭО аумағында тіркелген шетел сақтандырушылардың филиалдарына ұлттық сауда режимін қолдануымен және ұлттық банктердің шоттарында қажетті көлемінен аса қаражат болу шарттарында (филиалдармен сақтандыру міндеттерін орындауды қамтамасыз ету үшін) Бірлестік ел-мүшелерінің сақтандыру нарықтарына кіруге рұқсат беру;

- Ұлттық нарықтарға Бірлестік ел мүшелерінің компанияларын кіргізу бойынша бірегей талаптарды құру мен бекіту;

- Solvency II жүйесінің қағидаларына сәйкес сақтандыруды қадағалау мен ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша шараларды қолдану.

Интеграциялық үрдісте Ресей мен Қазақстан көшбасшылар болатынын айтуға болады, өйткені олар неғұрлым дамыған сақтандыру нарықтарына ие. Қысқа мерзімді уақытта ұсынылған шаралардың іске асырылуы көшбасшы-елдеріне де оңай келмейді. Бірақ та келешекте КО мен БЭК ел мүшелері бақылаудың жаңа жүйесіне көшетін болса, онда сақтандыру ұйымдары өз инвестициялық саясаты мен ішкі аудитін жетілдіруге және клиенттерді тарту үшін жаңа сақтандыру өнімдерін шығаруға ынталы болады, сондай-ақ клиенттер үшін сақтандырушының сенімділігін растайтын қаржылық есептемелер қолжетімді түрде болады.

ЕурАзЭО ортақ нарығын құру күрделі және ұзақ мерзімді үрдіс болғандықтан ұсынылған шаралар толық емес. Біздің оймызша, бұл үрдіс бірнеше онжылдыққа да созылуы мүмкін, өйткені интеграция бойынша істелінген келесі қадамдарға байланысты болады. Сонда да бірегей экономикалық, оның ішінде сақтандыру нарығын құру саналы саяси ерікті талап етеді. Ортақ нарықтың қызмет ету басында Кеден Одағына кіретін үш елдің қатысуымен, яғни Ресей, Қазақстан және Беларусь мемлекеттерімен шектеледі. Осы үш елдің табысты қызмет етуі басқа елдер үшін үлгі болып, келешекте тең құқылы қатысушылар ретінде ортақ сақтандыру нарығына қосылуына негізін салуы мүмкін.

Үшінші тарауды қорыта келе, посткеңестік кеңістікте интеграциялық үрдістер Еуропа елдерінің тәжірибесіне сүйеніп, мемлекетаралық экономикалық бірлестіктерді құру арқылы жүргізіліп жатыр. Ұлттық сақтандыру жүйелердің жақындасуы салалық заңнаманы үйлесімдеу, сақтандыру субъектілеріне бірдей талаптар мен шарттарды қалыптастыру, басқарудың бірдей параметрлерін орнату бойынша өзара келісім жасау мен дамуы негізінде іске асырылып тұр. Біріккен елдердің сақтандыру қызметін мемлекеттік басқару жүйесін унификациялаудың мазмұны мен бағыты экономикалық даму деңгейімен, тарихи, ұлттық, геосаяси және салалық шарттармен анықталады. Ұлттық сақтандыру жүйелердің интеграциясы институционалды жүйелердің өзара дамуы негізінде жүргізіледі. Еуразиялық экономикалық кеңістік шеңберіндегі ұлттық сақтандыру жүйелердің жақындасуы бойынша үкіметаралық келісімшарттардың болуына қарамастан басқару саласында қарама-қайшылықтар байқалып тұр. Берілген айырмашылықтарды жоюды ұлттық деңгейде адекватты институционалдық құрылымды құру жолымен шешуге мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген диссертациялық зерттеулердің негізінде төмендегідей қорытындылар мен ұсыныстар жасалды:

1. Жүргізілген теориялық шолулар негізінде авторлардың пікірлері бойынша жалпылама қорытындылар жасалып, сақтандыру функцияларының құрамы мен мазмұнын анықтау кезінде оның функциясы мен экономикалық категориясының рөлі арасындағы айырмашылық ескерілу керек. Егер функциялары арқылы экономикалық категорияның қоғамдық қызметі анықталса, оның рөлі іс жүзінде қолданудың нәтижелерін білдіреді. Осыны ескере отырып, біздің ойымызша, сақтандыру нарығына өзіне тән арнайы функциясын ерекшелеп көрсетуге болады. Ондай ерекшеліктеріне сақтандыру нарығының қорғалу функциясын, превентивті және инвестициялық функцияларын жатқызуға болады. Сақтандыруды азаматтардың, ұйымдардың және мемлекеттің мүліктік мүддесін қорғайтын жүйе ретіндегі нарықтың ажырамас бөлігі екені дәлелденген, ал дамыған сақтандыру нарығы экономиканың қарқынды дамуының индикаторы болып табылады. Сақтандыру нарығының тұрақты түрде сенімді дамуы мен онымен өз функцияларын жоғары дәрежеде атқаруы өздігінен орындалмайды, көп жағдайда нәтижелі сақтандыру саясатын жүргізуге және тиімді мемлекеттік басқаруға байланысты болады.

2. Диссертациялық зерттеулер шеңберінде сақтандыру нарығын мемлекеттік басқарудың әртүрлі әдістері ғылыми тұрғыда зерттелді. Жасалған талдаулар экономиканы мемлекеттік басқарудың жалпы теориясында да және оның бір бөлігі болып табылатын сақтандыру нарығын мемлекеттік басқару теориясында да нақты анықтама берілмеген, сондықтан көпшілік мәселелер әртүрлі талқыланып, даулы күйде қалуда. Автордың ұстанымын дамыта келе, біздің ойымызша, сақтандыру нарығын мемлекеттік басқару - сақтандыру нарығы субъектілерінің іс-әрекеттеріне мемлекеттің араласу үдерісі деп есептеу керек. Сақтандырудың нарықтық ортасына мемлекет экономикалық конъюнктураның өзгерісін және елдегі әлеуметтік-экономикалық дамудың басты бағыттарын ескеріп, мемлекеттің әкімшілік-құқылық жүйесі және экономикалық құралдары арқылы әсер етеді.

3. Сақтандыру қызметін басқару мен басқарудың басты механизмнің бірі лицензиялауды қарастыру барысында сақтандыру қызметін бұл құралды құқықтық шектеу ретінде қолданылатыны көрсетіліп, өзіне тән бірнеше белгілері анықталды. Біріншіден, лицензиялау сақтандыру қызметін азаматтық-құқықтық реттеу кезінде құқықтық ынталандыру мен шектеулер жүйесінде арнайы құқық қабілеттіліктің маңызды шарты; екіншіден, сақтандыруда құқық шектеулердің қорғаныс пен қорғау қызметтерін айқындайды; үшіншіден, лицензиялау күрделі құқықтық шектеу жүйесі ретінде лицензияны алу міндетін, үздіксіз қызметі етуін, тоқтату, шектеу мен айыру бойынша қорғаныс рәсімдерін қамтамасыз ету міндетін өзіне қосады.

4. Сақтандыру ұйымының қызметін басқару механизмінің бірі пруденциалдық нормативтерді орындау негізінде төлемқабілеттілік пен

қаржылық тұрақтылыққа баға беріледі. Бұл құрал сақтандыру ұйымының банкроттылыққа ұшыраудың алдын алу деген мақсатты өз алдына қоймайды, тек жүйелік қызығушылықты қорғауға бағытталады. Біздің ойымызша, пруденциалдық реттеудің екі негізгі қызметін бөліп көрсетуге болады: сақтандыру ұйымының тәуекелді қызметін минималдауға бағыттталатын қызметі және сақтандыру ұйымдарымен өз міндеттерін орындамағанда сақтанушылардың қызығушылықтарын кепілдендіруге бағыттталатын қызметі. Мемлекет тарапынан пруденциалдық басқару шегінде келесі талаптардың орнатылуы сақтандыру қызметінің сенімділігін артуына септік тигізетін болар еді, олар: сақтандырушыда қауіп-қатерлерді басқару жүйесінің бар болуы, яғни тәуекелдерді үздіксіз айқындау, бағалау, мониторинг жүргізу, басқару мен ақпарат алу үшін қажетті есеп беру тәртібін реттейтін жауапты бөлімдерінің бар болуы; сақтандырушының мөлдірлігі бойынша талаптарды орындауды енгізу.

5. Диссертациялық жұмыста біз сақтандыру қызметін мемлекеттік басқару механизмінің моделі көрсетілген. Елімізде сақтандыру саласының мемлекеттік басқаруын жүргізетін Ұлттық банк, біздің пайымдауымызша, басқаруды үш кезеңге бөліп жүргізуге болады. Бірінші кезеңде сақтандыру нарығына кіретін қатысушыларды іріктеу (тіркеу, лицензиялау), екінші кезеңде олардың қызметін қадағалау (пруденциалдық қадағалау, салық салу), және де банкроттыққа ұшырауды бақылау. Алғашқы екі кезеңін қосатын жарғылық капиталды құру механизмін басқару бөліп көрсетілген. Үшінші кезеңге тап болмау үшін сақтандыру ұйымдарының банкроттылыққа ұшырауды ескерту механизмін мемлекеттік басқару моделі қажет етеді, бірақ та елімізде толық жетілдірілмеген.

6. Жұмыста сақтандыру нарығын басқаруға қатысты көптеген елдердің тәжірибелері зерттеліп, олардың Қазақстан жағдайында қолдану мүмкіндіктері қарастырылды. Әлемдегі сақтандыру нарығын мемлекеттік қадағалау мен реттеудегі үрдістерінің бірі, ұлттық нарықтағы сақтандырушылардың іс-әрекеттерінің көп мөлшерде либералданғанын, ұлттық сақтандыру нарығына шетелдік сақтандырушылардың араласуына жол ашылғанын атап айту керек. Сақтандыру нарығының қазақстандық моделін құру барысында шетелдік тәжірибе кеңінен қолданылды. Болашақта отандық сақтандыру нарығының халықаралық сақтандыру нарығымен интеграциялануы, сақтандыру нарығын мемлекеттік басқарудың мемлекетаралық деңгейге көтерілуін, сонымен бірге қаржылық есеп беруді халықаралық стандарттарға көшіруді талап етеді.

7. Диссертациялық жұмыста Қазақстандағы сақтандыру нарығының құрылуы және қалыптасуының кезеңдеріне талдау жасалған. Сақтандыру қызметінің дамуын 5 кезеңге бөліп нақтыланды. Әрбір кезеңде сақтандыру ісінің өзгерісіне әсер тигізген мемлекетпен маңызды шаралар келтірілген. Бұл кезеңдерде сақтандыруды мемлекеттік басқарудың нормативтік-құқықтық базасы дамытылды. ТМД елдерінің ішінде Қазақстан сақтандыру нарығын мемлекеттік басқарудың нормативті базасының дамуы жөнінде алдыңғы қатарда болуымен ерекшеленді. Дегенмен, сақтандыру сыйақыларын жинау

және төлеу көрсеткіштері бойынша ТМД елдеріндегі кейбір көршілерден артта қалып отыр. Сақтандыру нарығындағы кейбір мәселелерді шешуге мемлекеттің араласуы, сақтандыру ісінің өзектілігін және сақтанушылардың заңды мүдделерін қорғау дәрежесін арттырды. Соңғы жылдары сақтандыру ұйымдарында қаржы тәртібі мен есепке алу және сақтандыру бойынша қызмет көрсету сапалары жақсарды. Қазақстандағы сақтандыру нарығының даму стратегиясын Ұлттық Банк анықтайды және ТМД елдеріндегі сақтандыру ұйымдарымен іскерлік қатынастарын сақтай отырып, сақтандыру нарығына біртіндеп Еуропалық Одақтың стандарттарын енгізіп келеді.

8. Қазақстан Республикасының қаржы секторының дамуы 2030 жылға дейін қабылданған Тұжырымдама бойынша жүргізіліп тұр. Сақтандыру саласы да қаржы саласына кіретін болғандықтан тұжырымдамаға сәйкес біраз өзгерістерге ие болып тұр. Мәселен, сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының ең төменгі көлемі мен төлем қабілеттілікті қамтамасыз ету көлемін есептеудің стандартты формуланы тәуекелдерді есепке ала отырып, бейімделуі қарастырылған. Тәуекелдердің әртүрлі санаттарының енгізілуі дұрыс. Сақтандыру ұйымы қойылған талаптарды орындамаған жағдайда сақтандыру қызметін жүргізуге лицензия алынатыны белгілі, сонымен бірге төлем қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін капиталға қойылатын талаптар қатал болуы қажет. Solvency II жүйесі негізінде сақтандырушыны қадағалау мен қызметінің сапасын әр тәуекелдің түрін өтеу үшін капиталдың қажетті мөлшерін есептеуге мүмкіндік бере алатыны күтілуде. Андеррайтинг, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен залалдарды бағалаудың ішкі жүйелерін жетілдіру мен дамуы бойынша шараларды қолдануы дұрыс, себебі бұл сақтандыру ұйымдарының банкроттыққа ұшырау ықтималдығын төмендетуге және тәуекелдерді әртараптандыруға мүмкіндік береді.

9. Сақтандыру нарығының қазіргі жағдайына жасалған талдаулар, Қазақстанның сақтандыру нарығы тәуелсіздік алғаннан бергі жылдары қатты дамығанын көрсетеді және республиканың макроэкономикалық көрсеткіштерінде өз орнын нығайта түсті. Ұлттық экономикада сақтандыру секторыны үлкен рөл атқарады. 2013-2017 жылдар ішінде сақтандыру сыйақысының ЖІӨ-ге қатынасы 0,74%-дан 0,71%-ға дейін өсті, еліміздегі активтердің ЖІӨ-ге қатынасы 1,53%-дан 1,79%-ға дейін көтерілді, сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталдарының ЖІӨ-ге қатынасы 0,74%-дан 0,80%-ға дейін өсті. Қазақстан Республикасындағы сақтандыруды басқару жүйесіндегі оң өзгерістермен бірге, ондағы даму үдерістері әлі аяқталған жоқ, сондықтан жүйені одан ары жетілдіре түсудің мүмкіндіктері бар.

10. Диссертациялық жұмыста сақтандыру қызметінің негізгі бағалау критерийдің біріне, яғни сақтандыру сыйақыларының көлеміне әртүрлі факторлардың әсер ету дәрежесі мен байланысын көрсететін модель тұрғызылған еді. Корреляциялық-регрессиялық моделдеуде сақтандыру сыйақыларына 7 факторлардың әсері зерттелген еді, олар: валюта бағамы, тұтыну несиесінің көлемі, ипотекалық несиелендіру, жеңіл көліктердің саны, жол көлік апаттарының саны, жұмыспен қамтылғандардың саны мен орташа

еңбекақысы. Мәліметтер базасы 2003-2015 жж. аралығындағы ресми статистикалық мәліметтерден құралған еді. Корреляциялық талдау нәтижесінде сақтандыру сыйақыларының көлеміне жеңіл автокөліктердің саны, жұмыспен қамтылғандардың саны мен орташа еңбекақы көлемі тығыз әсерін тигізетіні, ал валютаның бағамы, тұтыну несиесі мен жол көлік апаттарының санының өзгерісі орташа әсерін көрсетті. Регрессиялық талдау нәтижесінде анықталған $Y_1 = -76129,5 + 44,45 \cdot X_2 + 65920,42 \cdot X_4$ регрессиялық модель адекватты және статистикалық маңызды болып шығып, болжамда қолдануға болатынын дәлелденді. Болжам бойынша сақтандыру сыйақыларының 2016 жылғы көлемі 329898 млн. теңге, ал 2017 жылда 364397 млн. теңге орташа көлемінде болуы тиіс. Модель бойынша өсу қарқыны 2016 жылы 14%-ға, 2017 жылы 10%-ға, 2018 жылы 10,3%-ға, ал 2019 жылы 9,8%-ға тең. Егер тұтыну несие көлемі 1 млрд. теңгеге өсіп, автокөлік саны тұрақты қалса, онда сақтандыру сыйақыларының көлемі орташа 44,45 млн.теңгеге өседі, ал егер жеңіл автокөлік саны 1 млн. бірлікке өссе және де тұтыну несие көлемі өзгермесе, онда сақтандыру сыйақылардың көлемі 65,92 млрд. теңгеге өсетінін регрессиялық модель көрсетті. Мемлекет басқару механизмі ретінде сақтандыру туралы заңнамаға екінші деңгейлі банктермен тұтыну несиесі бойынша келісім жасасқан кезде несие алушы (сақтанушы) сақтандыру шартын жасауда сақтандыру компанияны өз еркімен таңдау құқығын енгізуге ұсыныс жасалынды.

11. Қазақстандағы сақтандыру нарығын басқарудың ағымдағы моделіне талдау жасалды. Қазақстан нарықты басқарудың институционалды моделін пайдаланады. Бірақ институционалды экономикалық ортаның дамуы «институционалды тұзаққа» әкелуі мүмкін. Экономикада өтпелі кезеңді бастан өткізіп жатқан елдерде макроэкономикалық жағдайдың тез өзгерісі кезінде «институционалды тұзақ» пайда болу ықтималдығы жоғары. Қазақстандағы сақтандыру жүйесі «институционалды тұзақтан» шығу механизмдерін жасай алғанын мойындау керек. Мысалы, институционалды ортадағы өзгерістер «институционалды тұзақтан» шығу жолдарының спонтанды түрде қалыптасуына алып келеді. Сақтандыру үдерістеріндегі транзакциялық әрекеттердің салдарлары сақтандыру нарығындағы бизнестің іріленуіне және қаржы-өнеркәсіптік топтар мен сақтандыру холдингтердің пайда болуына әсер етеді. Соның салдарынан Қазақстандағы сақтандыру ұйымдарының саны қысқарғанын көреміз.

Жасалған талдаулар Қазақстандағы институционалды тұзақтан шығу кезінде болатын теріс нәтиженің салдарлары үлкен болуы мүмкін екенін көрсетеді, бұл қалыптасқан жүйе үшін қауіпті. Бұл жағдайда жүйе тиімділігі аз жолмен дами отырып тоқырауға ұшырау мүмкін, ал бұл өз кезегінде институционалды тұзақтан шығу жолдарын іздеуге итермелейді.

12. БЭЖ ортақ сақтандыру нарығын құрылуына төлем қабілеттілікті бақылау қағидаларын енгізу өз әсерін тигізетінін деп ойлаймыз. Әрине, бұл қағидалар Solvency II жүйесіне сүйіну тиіс, яғни сақтандыру ұйымының төлемқабілеттілігін бағалау кезде ұйымның қоржын құрылымын, шығындарын,

активтердің тәуекелін және тәуекел-менеджментін міндетті есепке алынуы тиіс, сонымен бірге сақтандыру ұйымдары төлем қабілеттілікті бағалауды тек қана сандық көрсеткіштерге ғана емес, сапалы көрсеткіштерге де негізделуі тиіс және де меншікті капиталдың жеткіліктілік деңгейін есептеу кезінде сақтандыру ұйымының банкроттыққа ұшырау мен сақтандыру оқиғаларының болу ықтималдығын есепке алуды міндетті.

Диссертациялық жұмыста жүргізілген зерттеулердің негізінде ортақ сақтандыру нарығын құруды белсендету мен ұлттық сақтандыру нарықтарының тиімді қызмет етуін арттыру мақсатында келесі шараларды жүргізуге ұсынылады:

- ортақ сақтандыру нарығының негізін құру үшін ЕурАзЭО елдердің сақтандыру нарықтарының даму деңгейін теңестіру бойынша бірлесіп жұмысты атқару;

- айқындалған ерекшеліктер мен кемшіліктерді есепке ала отырып, ЕурАзЭО елдерінің сақтандыру құқығының жүйесін үйлестіру. Бұл кезде құрылған сақтандыру құқығының механизмі сақтандырушылармен өзінің міндеттерін орындау және сақтандыру қызметін тұтынушылардың қызығушылықтары мен құқықтарын сақтау кепілі ретінде болады;

- ЕурАзЭО аумағында тіркелген шетел сақтандырушылардың филиалдарына ұлттық сауда режимін қолдануымен және ұлттық банктердің шоттарында қажетті көлемінен аса қаражат болу шарттарында (филиалдармен сақтандыру міндеттерін орындауды қамтамасыз ету үшін) Бірлестік ел-мүшелерінің сақтандыру нарықтарына кіруге рұқсат беру;

- Ұлттық нарықтарға Бірлестік ел мүшелерінің ұйымдарын кіргізу бойынша ортақ талаптарды құру мен бекіту;

- Solvency II жүйесінің қағидаларына сәйкес сақтандыруды қадағалау мен ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша шараларды қолдану.

- Сақтандыру компаниялармен жарғылық капиталды құру механизмін қолдану, бұл механизмге компанияны ірілендіруді, қаржылық-өндірістік топтардың капиталын енгізу, капиталдың шоғырлануы мен инвесторларды тарту;

- Банкроттыққа ұшырауды ескерту механизмін енгізу, бұл механизмге мемлекетпен орнатылған талаптарды орындаумен қатар, арнайы резерв қорларын қарастыруы ұсынылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ҚР Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – 2017, қаңтар – 31.
- 2 Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 27 мамырдағы, №545 Жарлығымен бекітілген.
- 3 Страхование: учебник для студентов вузов, обучающихся по специальностям «Финансы и кредит», «Бухгалтерский учет» / под ред. Шахова В.В., Ахвледзани Ю.Т. – 2-е издание, переработанное и доп. – М.: ЮНИТИ-Дана, 2005. – 511 с.
- 4 Страхование: учебник для бакалавров / под ред. Орланюк-Малицкой Л.А., Яновой С.Ю.. – 2-е издание, перераб. и доп. – М.: Издательство Юрайт; ИД Юрайт, 2012. – 869 с.
- 5 Страховой бизнес / под ред. Р.Т. Юлдашева. – М.:Издательство АНКЦИЛ, 2005. - 685 с.
- 6 Маянлаева Г.И. Страховой рынок Республики Казахстан: теория, практика и императивы развития: автореф. ... док.экон.наук: 08.00.10. - Алматы, 2008. - С. 9.
- 7 Жуйриков К., Назарчук И., Жуйриков Р. Страхование: теория, практика, зарубежный опыт: учебник для студентов вузов и колледжей / под редакцией Жуйрикова К.К. – Алматы: ОФ «БИС», 2000. – 384 с.
- 8 Страхование дело: учебник / под ред проф. Л.И. Рейтмана. - М.: Банковский и биржевой научно- консультативный центр, 1992. - С. 17.
- 9 Шахов В.В. Страхование:учебник для вузов. - М.: Страховой полис, ЮНИТИ, 1997. – 525 с.
- 10 Сплетунов Ю.А., Дюжиков Е.Ф. Страхование: учебное пособие. — М.: ИНФРА-М, 2007. – 412 с.
- 11 Скамай Л.Г., Мазурина Т.Ю. Страхование дело: учеб.пособие. - М.: ИНФРА-М, 2006. - С. 59-60.
- 12 Досалянов Б. Анализ теоретических основ государственного регулирования экономики // Вестник Университета «Туран». – Алматы, 2014. – №1(61). – С.78 – 81.
- 13 Щербаков В.А. Страхование: учебное пособие / В.А. Щербаков, Е.В. Костяева. – 3-е изд. перераб. и доп. – М.: КНОРУС, 2009. – 320 с.
- 14 Архипов А.П., Гомеля В.Б., Туленты Д.С. Страхование. Современный курс: учебник/ по ред. Е.В. Коломина. – М.: Фи-нансы и статистика, 2007.- 416 с.
- 15 Жилкина М.С. Государственное регулирование страхового рынка. - М.: «Спутник+», 2002. - 56 с.
- 16 Коломин Е. Взгляд в будущее // Страхование ревю. – 1995. – №10.– С. 58.
- 17 Сплетунов Ю.Л. Место и роль государства в организации страхования в современных условиях // Финансы. - 2000. - №10. - С.40.

- 18 Насырова Г.А. Формы и инструменты государственного регулирования страховой деятельности // Страховое дело. - 2003. - №8. - С. 44.
- 19 Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылдың 18 желтоқсанында шыққан, №126-ІІ Заңы.
- 20 Архипов А.П., Адонин А.С. Страховое дело: учебно–методический комплекс. – М.: Изд. центр ЕАОИ, 2008. – 424 с.
- 21 Насырова Г.А. Институциональное обеспечение системы регулирования страховой деятельности: автореф. ... канд. юрид. наук. – Спб., 2016 –35 с.
- 22 Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру ережесін бекіту туралы. ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 сәуірдегі, №122 Қаулысы.
- 23 Теория и практика страхования:учебное пособие / под общей ред. Турбиной К.Е. – М.: Анкил, 2003. – 704 с.
- 24 Баймагамбетова З.А. Страхование: учеб.пособие. - Астана: КазГАТУ, 2006. - 53 с.
- 25 Досалянов Б., Садвакасова А. Қазақстан Республикасында сақтандыру қорғанысын қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері // Вестник КазНУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – №1(101). – С. 13 – 18.
- 26 Тихомиров Ю.А. Публичное право. – М: БЕК, 1995. – 496 с.
- 27 1992 жылдың 3-шілдесінде қабылдаған «Сақтандыру туралы» Заңы.
- 28 «Жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру тобы үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді белгілеу және пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептерді ұсыну мерзімдері жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарды реттеу мен қадағалау бойынша Агенттігі Басқармасының 2008 жылдың 22 тамызынан, №131 Қаулысы.
- 29 Каменская Н.Ю. Инновационный подход к развитию регулирования и контроля страхового рынка Российской Федерации: автореф. ... канд. экон. наук. – М., 2012 – 26 с.
- 30 Досалянов Б. Развитие и повышение эффективности страхового надзора в Республике Казахстан // Сборник научных статей по материалам Международной научно-практической конференции. – Алматы, 2014. – С.41 – 45.
- 31 Найманбаев С.М. Сақтандыру құқығы: оқу құралы. - Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 274 б.
- 32 Филина М.А. Государственное регулирование страховой деятельности в зарубежных странах // Актуальные вопросы экономических наук. – 2012. - №1. - С. 114-117.

- 33 Яроцкий И.В. Методический подход к оценке финансового потенциала страховой организации // Вестник ТГЭУ. – 2012. - №3. - С. 55-63.
- 34 Жилкина М.С. Государственное регулирование страхового рынка в зарубежных странах // Финансовый бизнес. - 2001. - №1. – С. 25-28.
- 35 Кудрявцев А.А. Страхование здоровья. Опыт Великобритании. – М.: Анкил, 2003. – 216 с.
- 36 Благутин Д.Ю. Налогообложение и развитие страхового рынка Франции // Страховое право. – 2010. – № 3. – С. 22-27.
- 37 Изабакаров И.Г. Государственное регулирование страхового рынка в условиях мирового финансового кризиса // Финансы и кредит. - 2009. - №20.
- 38 Кузнецова Н.П., Меркурьева И.С. Международный опыт регулирования страховой деятельности // Вестник СпбГУ. – 2006. - Серия 5, вып.1. - С.138-149.
- 39 Крылова М.М. Государственное регулирование страхования: международная практика // Страховое дело. – 2011. – № 1. – С. 10-12.
- 40 Чудинов С.А. Налогообложение страховой деятельности в ведущих странах Европейского союза // Страховое дело. – 2010. – № 5-6.
- 41 Адамчук Н.Г., Юлдашев Р.Т. Обзор страховых рынков ведущих стран Азии (на примере Китая и Японии). – М.: Анкил, 2001. – 120 с.
- 42 Миляева М.Б. Международная торговля страховыми услугами: формы поставки и методы регулирования // Финансы и кредит. - 2007. - №14.
- 43 Серикова Г.С., Ахметова А.А. К вопросу о развитии страхового рынка Республики Казахстан // Международный журнал «Символ науки». - 2015. - №6. - С.147-149.
- 44 1998 жылдың 30 маусымында шығарған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы.
- 45 Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылы қарашада шығарған №491 Жарлығы бойынша, 2000-2002 жылдарға арналған сақтандыруды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.
- 46 www.nationalbank.kz– Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің ресми сайты.
- 47 «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беретін Қор» Акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісі Басқармасының 25.07.03 жылғы, № 258 қаулысы
- 48 №423-ІІ «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беретін Қор туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. - 2003, маусым - 03.
- 49 АҚ «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру Қорының» ресми сайты // http://www.fgsv.kz/new_fgsv/?ID=14.
- 50 Президенттің 2004 жылдың 1 қаңтарындағы, №1270 «Мемлекеттік реттеуді одан ары жетілдіру туралы» Жарлығы.
- 51 Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылы 1 маусымда шығарған, №729 Жарлығы, 2004-2006 жылдарға арналған сақтандыруды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.

52 Сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайының 2004 жылдағы есебі // www.nationalbank.kz.

53 Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі, № 474 Заңы.

54 «Қазақстан Республикасы қаржылық нарықты мемлекеттік реттеу жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» 2011 жылдың 12 сәуірдің, №25 бұйрығы.

55 Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісі Басқармасының 25.07.03 жылғы, №258 қаулысы.

56 Сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайының 2011 жылдағы есебі // www.nationalbank.kz.

57 Dosalyanov D. The role of state institutions in the formation and regulation of insurance market //Aktual Problems of Economics. – Киев: НашФормат, 2014. - №6(156). – С. 374 – 379.

58 Сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайының 2015 жылдағы есебі // www.nationalbank.kz

59 Сембеков А.К., Будешов Е.Финансовые потоки страхового рынка Республики Казахстан: состояние и перспективы развития // Вестник КЭУ. – Караганда, 2015. - №2 (37).

60 www.theeurasia.kz – «Еуразия» Сақтандыру компанияның ресми сайты

61 www.vic.kz– «Виктория» СК ресми сайты.

62 www.kklife.kz– «Казкоммерц Life» Сақтандыру компанияның ресми сайты.

63 Агенттік Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы, №131 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының нормативті маңызы туралы және пруденциалды нормативтерді есептеу әдістерін бекіту туралы Нұсқау».

64 Агенттік Басқармасының 2008 жылғы 26 ақпандағы, №22 Қаулысы бойынша, «Агенттік Басқармасының 2006 жылдың 25 наурыздағы, №86 «Сақтандыру портфелін беру Ережелерін бекіту туралы» Қаулысы.

65 Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы, №76 қаулысы.

66 Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылықты сипаттайтын коэффициенттерін есептеу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 наурыздағы, №83 қаулысы.

67 Агенттік Басқармасы 2008 жылдың 28 қарашасында, №183 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қосымша тұлғаларымен жасалған келісімнің түрлерін бекіту туралы» қаулы.

68 Досалянов Д.Б. Оценка пруденциального регулирования деятельности страховых организаций Республики Казахстан // Материалы XIII Международной научно-практической конференции «Научный потенциал на света-2017».– София: «Бял ГРАД-БГ», 2017. – Т. 3. – С. 22-30.

69 Жуйриков К.К. Страхование в Казахстане – пути дальнейшего развития. – Алматы: Издательский дом «Жибек Жолы», 1994. – 277 с.

70 Маянлаева Г.И. Оценка состояния и тенденции развития страхования в Казахстане // Финансы стран СНГ. – 2008. - №29(317). - С. 51-58.

71 «2005-2007 жж. арналған Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылыстың дамуының мемлекеттік бағдарламасы туралы» ҚР Президентінің 2004 жылдың 11 маусымдағы, №1388 Бұйрығы.

72 ҚР Қаржылық нарық пен қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау Агенттігінің жылдық есебі. - 2008.

73 www.stat.gov.kz– ҚР ҰЭМ Статистика Комитетінің ресми сайты.

74 Рахметова Р.Ө. Эконометрика: оқулық. – Алматы: Экономика, 2015. – 206 б.

75 Пшеничнюк Т.В. Предпосылки возникновения и основные этапы развития страхования // Экономика и финансы. – 2014. - Т.8, №4. - С. 43-47.

76 Полтерович В.М. Институциональные ловушки и экономические реформы // Экономика и математические методы. – 1999. – Т.35, вып.2. – С. 1-37.

77 Перго О.В. Анализ влияния факторов внешней среды на абсолютные показатели финансовой деятельности страховой компании // Научно-практический журнал «Управление и экономика в XXI веке». – 2015. - №1. - С. 18-23.

78 Норт Д. Институты, институциональные изменения и функционирование экономики / пер. с англ. А.Н. Нестеренко; предисл. и науч. ред. Б.З. Мильнера. - М.: Фонд экономической книги «Начала», 1997. – 122 с.

79 Досалянов Д.Б., Садвакасова А.Б. Анализ государственного регулирования деятельности страховых организаций Республики Казахстан // Материалы XIII Международной научно-практической конференции «Nastolenimodernivedy».- Praha: «Education and Science», 2017. –Vol. 3. – С. 36-44.

80 Агенттік Басқармасы 2008 жылғы 2-қазанда, №141 «Міндетті қосымша жарналар мен шартты міндеттемелер ставкасын есептеу әдістері туралы, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тіртібі мен оларды төлеу мерзімдері, «Сақтандыру Төлеміне Кепілдік Қорына» қатысушы сақтандыру ұйымдарының шартты міндеттемелерін жасау және тіркеу туралы» қаулысы.

81 Dosalyanov D. Problems and prospects of insurance development in the Republic of Kazakhstan // Научно-практический журнал «Транзитная экономика». – Алматы, 2013. – №3. – С.42 – 46.

82 Бейкасымов Ю.А. Развитие страхового сектора Казахстана // «Экономика и жизнь». - 2008. - №5. - С. 12-17.

83 Global insurance Outlook: Generating growth in a challenging economy takes operational excellence and innovation // Deloitte Research Paper. - 2012 // http://www.deloitte.com/view/en_CA/ca/industries/financialservices/insurance/4190b4463c575310VgnVCM1000001a56f00aRCRD.htm#]

- 84 Klaus Schwab The Global Competitiveness Report 2016-2017 / Insight Report – World Economic Forum // http://www3.weforum.org/docs/GCR2016-2017/05FullReport/TheGlobalCompetitivenessReport2016-2017_FINAL.pdf
- 85 Страны ЕврАзЭС создадут единый страховой рынок // Курсив. – 2013, декабрь - 12. – С.2.
- 86 Тарасова Н.В. Обеспечение экономической безопасности в страховой деятельности // Символ науки. - 2016. - №1. - С.196-198.
- 87 Шиповалова М. Наша Единая база данных - первая во всём СНГ! // Рынок страхования. – 2013, март.
- 88 Евразийский конгресс страховых организаций активизирует действия страховщиков стран Таможенного Союз // <http://www.nsk.kz/ru/news.php?id=1190>.
- 89 Сагымбаев М.А., Биялиева Г.С. Анализ состояния страхового рынка и страхования здоровья в Кыргызской Республике // Международный научный журнал «Инновационная наука». – 2016. - №10(1). – С. 186-192.
- 90 Насырова Г.А. Регулирование в целях защиты национального страхового рынка в условиях интеграции // Вестник Финансового Университета. - 2011. - №5. - С. 29-38.
- 91 Ефимов С.Л. Энциклопедический словарь. Экономика и страхование. – М.:Церих-ПЭЛ, 1996. – 528 с.
- 92 Закон РФ от 27.11.1992 года, №4051-1 «Об организации страхового дела в Российской Федерации»
- 93 Указ Президента Республики Беларусь от 25.08.2006 года, №530 «О страховой деятельности».
- 94 На пути создания единого страхового рынка государств - членов ЕврАзЭС // Рынок страхования. – 2014, февраль.
- 95 Аширова А.Страховой рынок в рамках ТС создадут к 2019 году. - 2013.
- 96 Казнова М.И. Объединения страховщиков как участники реализации стратегии развития страховой деятельности // Инновационная наука. – 2015. - №10. - С.57-59.
- 97 Эскиндиоров М.А. Проблемы интеграции финансовых рынков стран Единого экономического пространства // Вестник Финансового университета. - 2014. - №1. - С.8-19.
- 98 Жигас М.Г. Развитие страховой защиты и финансово-экономические особенности страховой деятельности // Известия ИГЭА. - 2014. - №4(96). - С.28-39.
- 99 Ресей Федерациясы қаржы нарығы федералдық қызмет материалдары негізінде жазылған // <http://www.cbr.ru>.
- 100 Беларусь Республикасы Қаржы Министрлігі ақпараты // <http://www.minfin.gov.by>.
- 101 Везубова Т.А. Государственное регулирование страховой деятельности в Республике Беларусь // Государственное управление. Электронный вестник. - 2006. - №9.

102 Алабеньян К.Д. Регулирование и надзор на страховом рынке: системный аспект // Науковедение. - 2014. - №6(25).

103 Кузнецова Е. Государственное регулирование страховой деятельности в Российской Федерации // Бизнес в законе. – 2010. - №1. – С. 174-176.

104 Карпова Т.А. Направления совершенствования деятельности страховых брокеров на страховом рынке РФ // Известия ИГЭА. - 2012. - №4(84). - С. 44-46.

105 Миляева М.Б., Нинуа С.А. Состояние рынка страховых услуг Республики Казахстан и перспективы выхода на него российских страховщиков // Российский внешнеэкономический вестник. - 2014. - №2. - С. 49-59.